



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Медициналық информатика

HL 7 нұсқа

ЭТАЛОНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ МОДЕЛІ

4 –шығарылымы (ЭАМ)

ҚР СТ ISO/HL7 21731-2019

*(ISO/HL7 21731:2014 – «Health informatics: – HL7
version 3 – Reference information model – Release 4», NEQ)*

Ресми басылым

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)**

Нұр-Сұлтан

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитет Төрағасының 2019 жылғы 28 мамырдағы №222-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ.**

3 Осы стандарт ISO/HL7 21731:2014 – «Health informatics: – HL7 version 3 – Reference information model – Release 4» халықаралық стандартына сәйкес.

ISO/HL7 21731:2014 Health informatics: – HL7 version 3 – Reference information model – Release 4 халықаралық стандартын халықаралық стандарт ISO / TC 215 «Медициналық информатика» техникалық комитеті әзірледі.

Ағылшын тіліндегі мәтіні ресми нұсқасы болып табылады.

Сәйкестілік деңгейі – сәйкес (IDT).

4 Осы стандартта 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 498 «2013-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының электрондық денсаулық сақтауды дамыту тұжырымдамасының, «Техникалық реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-ІІ Заңының ережелеріне сәйкес келеді.

**5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2024 жылы
5 жыл**

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа өзгерістер енгізу туралы ақпарат жыл сайын шығарылатын «Стандарттау туралы нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткішінде жарияланады, ал өзгерістер мен түзетулер мәтіндері - ай сайын шығарылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жарияланады. Осы стандартты қайта қарау(ауыстыру) немесе күшін жою жағдайларында тиісті хабарламалар ай сайын шығарылатын "Ұлттық стандарттар" ақпараттық көрсеткішінде жарияланады.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде Қазақстан Республикасы аумағында толықтай немесе бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

0 Кіріспе	IV
1 Қолданылу саласы.....	1
2 Нормативтік сілтемелер	1
3 Терминдер мен анықтамалар	2
4 Компоненттер және ерекшелік қасиеттері	7
5 ЭАМ пәндік салалары және UML мазмұны диаграммалары	12
6 Кластар	24
7 Қауымдастықтар	170
8 Терминологияны басқару	172
8.1 Кіріспе	172
8.2 Ұғымдар салалары	173
8.3 Кодтау жүйесі	210
8.4 Мәндер жинағы	430
А қосымшасы (<i>ақпараттық</i>): ЭАМ элементтерін мәтіндік ұсыну жөніндегі нұсқаулығы	451
В қосымшасы (<i>ақпараттық</i>): ISO / HL7 21731: 2014 бойынша ISO / HL7 21731: 2006 стандартындағы ЭАМ өзгерістері	452

0 Кіріспе

Health Level seven (HL7) эталондық ақпараттық моделі (ЭАМ) денсаулық және денсаулық сақтау туралы ақпараттың статикалық моделін білдіреді. Бұл модель HL7 жұмыс тобының және HL7 халықаралық филиалдарының бірлескен келісілген ақпарат көрінісі болып табылады. Бұл басты дерек көзі болып табылады, оның ішінде HL7 протоколдары ерекшеліктерінің барлық стандарттары, 3.0 нұсқасы өзінің ақпараттық мазмұнын алады. ISO ТК 215 - Медициналық информатика жұмысының контекстінде ЭАМ қолданылған эталондық модельді ұсынады және денсаулық сақтаудағы информатиканың қосымша ерекшеліктерін әзірлеуде қолданылуы мүмкін.

0.1 HL7 – де ЭАМ қолдану

ЭАМ HL7 V3 әзірлеу процесінің шекті компонентті болып табылады. Ол барлық ақпараттық модельдердің және V3 әзірлеу процесі шеңберінде әзірленген құрылымдардың негізі болып табылады.

HL7 V3 стандартын әзірлеу процесі модельдік-басқарылатын әдістемені білдіреді, онда өзара байланысты модельдердің желісі әзірленеді, олар талаптардың статикалық және беталыс аспектілерін және HL7 стандарттарының құрылымын, сондай-ақ базалық семантикалар мен оларды басқаратын іскерлік қағидаларын көрсетеді.

ЭАМ HL7 V3 стандарттарының ақпараттық қажеттіліктерін статикалық ұсынуды қамтамасыз етеді. Ол кластардың схемасын және соңғы автоматтарды қамтиды және пайданау нұсқаларының модельдерімен, өзара әрекеттесу модельдерімен, деректер түрлерінің модельдерімен, терминологиялық модельдермен және HL7 стандарттарының талаптары мен құрылымын толық көрсетуді қамтамасыз етуге арналған модельдердің басқа да түрлерімен қоса жүреді. ЭАМ-дегі кластар, атрибуттар, соңғы автоматтар және байланыстар нақты пәндік салаға тәуелді ақпараттық модельдерді алу үшін пайдаланылады, олар әрі қарай шектейтін оңтайландыру процестері сериясының көмегімен HL7 стандартының ақпараттық мазмұндағы статикалық үлгісіне түрленеді.

HL7 V3 стандартын әзірлеу процесі ЭАМ -нен пәндік ақпараттық модельдерді алуды және осы модельдердің HL7 стандарттық ерекшелігіне айналуын реттейтін ережелерді айқындайды. Осы ережелер алынған модельдердегі барлық ақпараттық құрылымдар ЭАМ -де бақылануын және олардың семантикалық және ілеспе іскерлік ережелері ЭАМ-де берілген ережелерге қайшы келмеуін талап етеді. Сәйкесінше, ЭАМ HL7 V3 стандартының барлық ақпараттық мазмұнының түпкілікті көзі болып табылады.

HL7 халықаралық филиалдары HL7 V3 стандарттарын жергілікті талаптарға сәйкес кеңейту үшін ЭАМ-ді қолданады. Оқшаулау ретінде белгілі процесс арқылы V3 стандартты ерекшеліктері ЭАМ-ді жаңа ақпараттық мазмұнның көзі ретінде ЭАМ-ді пайдаланумен кеңейтіледі. Осы жаңа ақпарат ЭАМ-нен шығарылады және бастапқы ерекшелікті жасау үшін пайдаланылған тәсілмен оңтайландырылады.

0.2 ЭАМ -нің HL7 тыс қолданылу саласы

ЭАМ негізінен HL7 және оның халықаралық филиалдарында қолдану үшін арналған. Алайда HL7 тыс басқа да ұйымдар ЭАМ -ды қолданады. Дегенмен HL7 осы стандартты ұсынуға авторлық құқықты қорғайды, HL7 осы ерекшелікті іске асыратын ақпараттық құрылымдардың немесе бағдарламалардың қолданылуын лицензиялауға немесе өзге де тәсілдермен бақылауға ұмтылмайды. V3 стандарттарын әзірлеу процесінің алғашқы пайдаланушылары ЭАМ -ды өз орталарында HL7-ге ұқсас хабарламалармен алмасу

ерекшелігін әзірлеу үшін қолданды. Осы алғашқы пайдаланушылардың қатарына вендорлар, ірі интеграцияланған жеткізу желілері және АҚШ-тағы және бүкіл әлемдегі үкіметтік агенттіктер кірді. Осы алғашқы пайдаланушылар HL7-де өте белсенді қызмет жасайды және ЭАМ және V3 стандарттарын әзірлеу процесінің басқа да аспектілері үшін практикалық ақпаратты ұсынады.

Кейбір HL7 мүше ұйымдар ЭАМ -ның өздерінің корпоративтік ақпараттық құрылымдары үшін бастапқы деректер көзі ретінде немесе жүйелі талдау мен жобалау үшін бастапқы орын ретінде қолданылуы туралы хабарлады. Шындығында, ЭАМ мұндай мақсаттар үшін жарамды болуы мүмкін; алайда HL7 ЭАМ -ның HL7 стандарттарын әзірлеуге арналған эталондық модель ретінде қолданылуын қоспағанда, кез келген басқа мақсаттар үшін қолданылуына ешқандай кепілдік бермейді.

ЭАМ денсаулық сақтау саласының ақпараттық талаптарының бір моделін ғана білдіреді. ЭАМ -ның абстрактілі стилі және ЭАМ -ның терминдер анықтамасының көмегімен кеңею мүмкіндігі ЭАМ -ды денсаулық сақтау жүйесінің кез келген ақпарат алмасу сценарийі үшін қолданбалы етеді. Іс жүзінде, ол рөл атқаратын және іс-қимылдарға қатысатын объектілерді қамтитын кез келген ақпараттық сала үшін тұжырымдамалық тұрғыдан қолданбалы болып табылады.

ЭАМ-нің әмбебап қолданылуы үлкен және түрлі құрамның талаптарын ескеретін HL7 сияқты ұйым үшін оны айрықша пайдалы етеді. ЭАМ стилі оны өте тұрақты етеді, бұл HL7 үшін өте маңызды сипаттама болып табылады. HL7 стандарттарын әзірлеу процесі пәндік салаға тәуелді модельдердің ЭАМ-нен шығарылуын және осы проблемалық салаға тән жобалық модельдерге кезең-кезеңімен оңтайландырылуын талап етеді. Осы проблемалық салаға тәуелді жобалық модельдер ЭАМ -ның абстрактілігін тарылтады және пайдалану нұсқасына тәуелді атрибуттар мен қатарлар байланысының шамаларына шектеу қояды. HL7 ЭАМ қолдану мүмкіндігі қарастыратық сыртқы ұйымдарға ЭАМ-ді түрлендіру ретінде жобалық модельдерді алудың осыған ұқсас процесін пайдалану ұсынылады.

0.3 Абстрактік модель сияқты ЭАМ

Медициналық көмектің клиникалық және әкімшілік мазмұнын ұсыну үшін пайдаланылатын ЭАМ негізі алты кластан тұрады:

- Act класы (іс-қимыл) Медициналық көмекті басқару және оның ұсыну кезінде орындалатын және құжатталуы тиіс іс-қимылдарды білдіретін іс-қимыл;
- Participation класы (қатысу), оны орындаған адамға қатысты, кім үшін орындалған, қайда орындалған және т.с.с. іс-қимылдардың мәнмәтінін білдіреді;
- Entity класы (мән), ол медициналық көмекке қызығушылық білдіретін және оған қатысатын нақты заттар мен тіршілік иесін білдіреді;
- Role класы (рөл), ол медициналық көмек іс-қимылдарына қатысу кезінде объектілер атқаратын рөлдерді белгілейді;
- ActRelationship класы (іс-қимылдар), ол бір іс-қимылдың басқасымен байланысын, мысалы бақылауды сұрату мен оның ағымы кезіндегі бақылау жағдайы арасындағы байланысты білдіреді; және
- RoleLink класы (рөлдер байланысы), ол жекелеген рөлдердің арасындағы байланыстарды білдіреді.

Осы кластардың ішінде үшеуі - Act, Entity және Role - көптеген мамандандырылған кластармен қосымша ұсынылады, мұнда ішкі түрлердің көпшілігі қатар моделінде толығымен ұсынылады. HL7 түсінігінде егер бір немесе одан көп атрибуттарды және оның бастапқы элементтерінен берілмейтін байланыстарды талап етсе ғана, ішкі тип ЭАМ

класының моделіне қосылады. Түрлі ұғымдарды білдіретін, бірақ қосымша атрибуттарды немесе байланыстарды талап етпейтін кластар басқарушы терминологиядағы бірегей код ретінде ғана ұсынылады. Сәйкесінше, осы үш класс келесі кодталған атрибуттарды қамтиды, олар модельденетін ұғымның қосымша анықтамасы ретінде қызмет етеді:

classCode (Act, Entity және Role класында) нақты болжанған класты немесе осы кластың ЭАМ иерархиясындағы класс ретінде ұсынылуына қарамастан, ұғымды білдіреді;

moodCode (Act класында) және **determinerCode** (Entity класында) - бұл нұсқаның класын немесе Act немесе Entity түрін анықтайтын, білдіретін атрибуттар. Егер Act класы мамандандырылуын білдірсе, онда moodCode жағдай немесе ниет ретінде нұсқаны қосымша анықтайды;

code (Act, Entity және Role класында) classCode нақты шамасы шегіндегі қосымша жіктеуді қамтамасыз етеді, мысалы, Observation класы шегіндегі нақты бақылау түрі.

ЭАМ-нің басқа да үш базалық класы - Participation, ActRelationship және RoleLink байланысы - қорытынды-мамандануда нөмірленген иерархиямен берілмеген. Дегенмен, бұл кластар көптеген ұғымдарды, мысалы, түрлі қатысу нысандарын немесе іс-қимылдар арасындағы түрлі байланыс түрлерін білдіреді. Бұл айырмашылықтар **typeCode** атрибутымен беріледі, ол осы кластардың әрқайсысына қосылады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Медициналық информатика

HL7 нұсқа

ЭТАЛОНДЫҚ АҚПАРАТТЫҚ МОДЕЛІ

4 –шығарылымы (ЭАМ)

Енгізілген күні 2020-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт денсаулық сақтаудың ақпарат жүйелеріне қойылатын талаптарды белгілейді. ЭАМ-нің абстрактілі стилі және терминдерді анықтау арқылы ЭАМ-нің кеңею мүмкіндігі ЭАМ-ні денсаулық сақтау жүйесінде кез келген ықтималды ақпаратпен алмасу сценарийі үшін қолданбалы етеді. Осы стандарт ең алдымен HL7 және оның халықаралық филиалдары қолдану үшін арналған. Кейбір HL7 мүше ұйымдары ЭАМ-нің өздерінің корпоративтік ақпараттық құрылымдары үшін бастапқы деректер көзі ретінде немесе жүйелі талдау мен жобалау үшін бастапқы орын ретінде қолданылуы туралы хабарлады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты (құжаттың) қолдану үшін келесі сілтемелік құжаттар қажет. Күні көрсетілген сілтемелер үшін сілтемелік стандарттың көрсетілген басылымы ғана, ал күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтемелік стандарттың соңғы басылымы (оның барлық өзгерістерін қоса алғанда) қолданылады:

ISO 21090:2011 Health informatics Harmonized data types for information interchange (Медициналық информатика – Ақпарат алмасуға арналған деректердің біріздендірілген типтері).

ISO /МЭК 19501:2005 Information technology Open Distributed Processing Unified Modeling Language (UML) Version 1.4.2 (Ақпараттық технология - Ашық таратылған өңдеу - Біріздендірілген модельдеу тілі (UML) 1.4.2-нұсқа).

АНИС/HL7 V3 DT, R2-2011 HL7 Version 3 Standard: Data Types Abstract Specification, Release 2 (HL7 стандарты 3-нұсқа: Деректер типтері - Абстрактілік ерекшелік, 2-шығарылым).

АНИС/HL7 V3 CPPV3MODELS, R1-2012 HL7 Version 3 Standard: Core Principles and Properties of HL7 Version 3 Models, Release 1 (HL7 стандарты, 3-нұсқа: HL7 3-нұсқа стандарты модельдерінің базалық қағидаттары мен қасиеттері, 1-шығарылым).

АНИС/HL7 V3 RCL, R2-2007 HL7 Version 3 Standard: Refinement, Constraint and Localization to Version 3 Messages, Release 2 (HL7 стандарты 3-

нұсқа: 3-нұсқаны жетілдіру, хабарламаларды шектеу және оқшаулау, 2-шығарылым).

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта тиісті анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 Талдау ұғымдары (Модельден басқа): Еншілес ұғымға сілтеме: кодтар жүйесі, ұғымдар саласы, домен, дана, әдістеме, нысан.

3.1.1 Кодтау жүйесі (code system): Ұғым түсініктерінің, оның ішінде номенклатураның ұйымдастырылған жиынтығы, мысалы ICD 9 CM, SNOMED CT және CPT

Бастапқы ұғыммен байланыс: Талдау ұғымдары (Модельден басқа)

3.1.2 Ұғымдар саласы (concept domain): Ұқсас ұғымдардың атаулы санаты (семантикалық тип)

Ескертпе – Ол ЭАМ -да кодталған атрибутты шектеу ретінде пайдаланылса, онда осы атрибуттың үлгісіндегі қолданыстағы шамалар ретінде алуға болатын барлық ұғымдар жиынтығының анықтамасын қамтамасыз етеді.

Бастапқы ұғыммен байланыс: Талдау ұғымдары (Модельден басқа)

3.1.3 Домен (domain): айрықша пәндік сала

Ескертпе – Мысалы, HL7 қолданылу аясы денсаулық сақтау болып табылады.

Бастапқы ұғыммен байланыс: Талдау ұғымдары (Модельден басқа)

3.1.4 Дана (instance): Нұсқа немесе өткізу. Мысалы, нысан кластың данасы болып табылады.

Ескертпе – Мысалы, кластың үлгісі объекті болып табылады.

Бастапқы ұғыммен байланыс: Талдау ұғымдары (Модельден басқа)

3.1.5 Әдістеме (methodology): Белгілі бір пәнде қолданылатын әдістер немесе ережелер.

Бастапқы ұғыммен байланыс: Талдау ұғымдары (Модельден басқа)

3.1.6 Объекті (object): Класс данасы

Ескертпе – Объектілер ақпараттық жүйенің байланысты деректердің жиынтығын (атрибуттар түрінде) және осы деректермен жұмыс істеу рәсімдерін (әдістерін) қамтитын бөліктері болып табылады.

Бастапқы ұғыммен байланыс: Талдау ұғымдары (Модельден басқа)

3.2 Ақпараттық модель (information model): Графикалық және/немесе жүйелік көрсетілетін, мүдделі саланың ақпараттық талаптарының құрылымдық сипаттамасы.

Ескертпе – Ақпараттық модель талап етілетін ақпарат кластарын және осы кластардың қасиеттері, оның ішінде атрибуттарды және жай-күйді сипаттайды

Еншілес ұғымға сілтеме: ассоциация, қуаттылық (жиынтық), класс ортақ дәрежесі бойынша иерархия, қасиет, эталондық ақпараттық модель , пәндік сала.

3.2.1 Ассоциация (association): Бір кластың басқа класқа немесе өзіне сілтемесі.

Ескертпе – Инстанциялау жағдайында, ол екі объектінің (кластардың үлгілері) арасындағы байланысқа айналады.

Бастапқы ұғыммен байланыс: ақпараттық модель

Еншілес ұғымға сілтеме: перифериялық класс , жалпылау, жиынтық, мамандандыру

3.2.1.1 Перифериялық класс (association): класс ассоциацияның екінші жағында ақпараттық модельде екі байланыстырылған кез келген кластың тұрғысынан қарағанда

Бастапқы ұғыммен байланыс: ассоциация

3.2.1.2 Жалпылау (generalization): жоғарғы класс және төменгі класс деп аталатын екі класс арасындағы ассоциация, онда төменгі класс жоғарғы кластың барлық қасиеттері, оның ішінде атрибуттарды, өзара байланыстарды және жай-күйді алатындай, бірақ сондай-ақ бастапқы кластың мүмкіндігі кеңейту үшін жаңаларын қоса алатындай шығарылады.

Ескертпе – Шын мәнісінде, төменгі класс тұрғысынан мамандандыру .

Бастапқы ұғыммен байланыс: ассоциация Еншілес ұғымға сілтеме: қолданысқа алу, жоғарғы класс, төменгі класс.

3.2.1.2.1 Қолданысқа алу (inheritance): Қатынастар сипаттамасы жалпылау, ол төменгі класс жоғарғы кластың барлық қасиеттерін, егер өзгеше келісілмесе, оның ішінде атрибуттарын, өзара байланыстарын және жай-күйін қолданысқа алады деп бекітеді.

Бастапқы ұғыммен байланыс: жалпылау

3.2.1.2.2 Кіші класс (subclass): Басқа кластың (жоғарғы кластың) мамандандырылуын білдіретін класс.

Бастапқы ұғыммен байланыс: жалпылау

3.2.1.2.3 Жоғарғы класс (superclass): Бір немесе одан да көп басқа да кластарды (төменгі кластарды) жалпылауды білдіретін класс

Бастапқы ұғыммен байланыс: жалпылау

3.2.1.3 Жиынтық (multiplicity): Осы кластың ассоциацияға қатысуы мүмкін объектілерінің минималды және максималды санын көрсететін ақпараттық модельдегі кластың қасиеті.

Ескертпе – Жиынтық әр ассоциацияның соңында көрсетіледі.

Бастапқы ұғыммен байланыс: ассоциация

3.2.1.4 Мамандандыру (specialization): екі кластың арасындағы (жоғарғы класс және төменгі класс деп белгіленеді) ассоциация, онда төменгі класс жоғарғы кластан шығарылады.

Ескертпе – Төменгі класс жоғарғы кластың барлық қасиеттерін, оның ішінде атрибуттарды, өзара байланыстарды және жай-күйді қолданысқа алады, сондай-ақ жоғарғы кластың мүмкіндіктерін кеңейту үшін жаңа қасиеттерді қосады.

Бастапқы ұғыммен байланыс: ассоциация

3.2.2 Қуат (cardinality): ақпараттық үлгінің жекелеген объектілік ұсыну жағдайы шегінде деректер элементінің қайталану санын көрсететін элементтің қасиеті (мысалы, кластың, атрибуттың немесе ассоциацияның)

Бастапқы ұғыммен байланыс: ақпараттық модель

3.2.3 Класс (class): Нақты қолданылу аясындағы заттың немесе ұғымның абстрактілі түсінігі

Бастапқы ұғыммен байланыс: ақпараттық модель

Еншілес ұғымға сілтеме: атрибут, жіктеуіш атрибуты, жай-күй атрибуты, соңғы автомат.

3.2.3.1 Атрибут (attribute): Кластың нақты аспектіні абстрактілі көрсету.

Бастапқы ұғыммен байланыс: класс.

Еншілес ұғымға сілтеме: кодталған атрибут деректер типі

3.2.3.1.1 Қодталған атрибут (coded attribute): Эталондық ақпараттық модельдегі (ЭАМ) CD, CE, CS немесе CV базалық деректер типтері бар атрибут

Бастапқы ұғыммен байланыс: атрибут

3.2.3.1.2 Деректер типі (data type): Атрибуттың құрамындағы деректердің құрылымдық форматы, әдетте атрибут қабылдай алатын мәндердің жинағымен шектеледі.

Бастапқы ұғыммен байланыс: атрибут

3.2.3.2 Жіктеуіш атрибуты (classifier attribute): Кластың басымдығы болып табылатын мамандандыруды көрсету үшін жалпылаулардың иерархиясында қолданылатын атрибут.

Бастапқы ұғыммен байланыс: класс

3.2.3.3 Жай-күй атрибуты (state attribute): Объектінің ағымдағы жай-күйін сипаттайтын атрибут.

Бастапқы ұғыммен байланыс: класс.

3.2.3.4 Соңғы автомат (state machine): Кластың үлгілерінің болу циклдарын анықтау.

Бастапқы ұғыммен байланыс: класс. Еншілес ұғымға сілтеме: жай-күй жай-күй диаграммасы жай-күйдің ауысуы

3.2.3.4.1 Жай-күй (state): Класс үлгісінің (объекті) атрибутты және үлгінің байланыстарын қарастыру жолымен тексеруге болатын атаулы шарт

Бастапқы ұғыммен байланыс: соңғы автомат. Еншілес ұғымға сілтеме: төменгі жай-күй, жоғарғы жай-күй.

3.2.3.4.1.1 Төменгі жай-күй (sub-state): Кластың анағұрлым нақты анықтамасы бар және оның жоғарғы жай-күйінің қолданылу аясында толығымен қосылатын, анықталған жай-күй.

Бастапқы ұғыммен байланыс: жай-күй

3.2.3.4.1.2 Жоғарғы жай-күй (super-state): Кластың бір немесе одан да көп төменгі жай-күйді қамтитын жай-күйі

Бастапқы ұғыммен байланыс: жай-күй

3.2.3.4.2 Жай-күй диаграммасы (state diagram): Жай-күйді шегі (тораптар) түрінде және жай-күйдің ауысуын тораптардың арасындағы бағытталған доғалар (нұсқарлар) түрінде көрсететін графикалық таныстырылым.

Бастапқы ұғыммен байланыс: машина жай-күйі.

3.2.3.4.3 Жай-күйдің ауысуы (state transition): Объект атрибуттары және/немесе ассоциациялары өзгеруі нәтижесінде объект жай-күйінің өзгеруі.

Бастапқы ұғыммен байланыс: машина жай-күйі

3.2.4 Жалпылау иерархиясы (generalization hierarchy): Ақпараттық модельдегі жалпы түпкі жоғарғы класты біріктіретін барлық төменгі кластардың жиыны.

Бастапқы ұғыммен байланыс: ақпараттық модель

3.2.5 Қасиеті (property): Ақпараттық модельдің, кез келген атрибутты, ассоциацияны, әдісті немесе соңғы автоматтықамтитын, класс немесе объекті үшін айқындалатын элементтердің ортақ термині

Бастапқы ұғыммен байланыс: ақпараттық модель

3.2.6 Эталондық ақпараттық модель (Reference Information Model): HL7 әзірлеген ақпараттық модель , оған HL7 барлық ақпараттық модельдері негізделген.

Бастапқы ұғыммен байланыс: ақпараттық модель

3.2.7 Пәндік сала (subject area): ақпараттық модельдің кластарын үлкен модельдерді түсінікті және басқарылатын кіші топтарға бөлу үшін пайдаланылатын тиісті агрегаттау.

Бастапқы ұғыммен байланыс: ақпараттық модель

3.3 Стандарттау жөніндегі ұйым (Standards Organizations)

Еншілес ұғыммен байланыс: Health Level Seven International, Біріздендірілген модельдеу тілі , Дүниежүзілік тор Консорциумы.

3.3.1 Health Level Seven International (HL7): стандарттар әзірлейтін ұйым, денсаулық сақтау саласындағы ақпараттың сәйкестігіне мамандандырылған.

Бастапқы ұғыммен байланыс: Стандарттау жөніндегі ұйым

3.3.2 Біріздендірілген модельдеу тілі БМТ: (Unified modeling language UML) пәндік модельдерді жасауға арналған стандартты тіл.

Ескертпе – UML Объектілерді басқару тобының жарияланған стандарты болып табылады.

Бастапқы ұғыммен байланыс: Стандарттау жөніндегі ұйым

3.3.3 Дүниежүзілік тор консорциумы (W3C): XML және Интернет желісінің басқа да талаптары үшін стандарттарды әзірлейтін халықаралық салалық консорциум.

Бастапқы ұғыммен байланыс: Стандарттау жөніндегі ұйым

4 Компоненттер және ерекшелік қасиеттері

4.1 Ақпараттық модельдің мазмұны және қасиеттері

ЭАМ бір немесе одан да көп пәнді салалар топтары үшін белгіленген кластардан тұрады. Атрибуттар, байланыстар және соңғы автоматтар қатарлармен байланыстырылады.

ЭАМ шегіндегі әрбір класс денсаулық сақтау ортасы шегінде құжатталуы және берілуі тиіс ұғым туралы ақпаратты білдіреді. Осы қатарларға берілген атаулар әдеттегі тілден алынады, бірақ осы атаулардың пайдаланылуы ЭАМ "атаулар кеңістігімен" міндетті түрде шектеледі. Осы кластардың мәні осы кластың анықтамасында және осы класс үшін белгіленген қасиеттерінің (атрибуттар мен байланыстар) анықтамаларында толығымен көрсетіледі. Осылайша, мысалы, «Role» класының мәнін келтірілген анықтамамен және белгіленген қасиеттермен танысқаннан кейін ғана түсінуге болады. Басқа мәнмәтіндегі анықтамалар немесе сөздің сөздіктегі анықтамалары ЭАМ атаулар кеңістігі мәнмәтіне сәйкес келмейді.

ЭАМ Біріздендірілген модельдеу тілінің (UML), сондай-ақ қосымша ерекшелік қасиеттерінің (UML бейінінде кеңейту) көмегімен көрсетіледі, олар модельді байланыстың сәйкес жүйелеріне арналған ақпаратты құрылымдауда пайдалану үшін қажетті метадеректермен қамтамасыз етеді. Осы UML моделі элементтерінің метадеректеріне арналған кеңейтулер ақпараттық модельдің әр элементі үшін төменде келтірілген.

4.1.1 ЭАМ кластарының құрылымын көрсету

Бұрын айтылып өткендей, ЭАМ UML енгізілген семантикалық құралдар жиынының көмегімен модельденеді. ЭАМ UML кластарының жиынын білдіреді, олардың әрқайсысында бір немесе бірнеше атрибут бар, оларға деректер типінің тәуелсіз ерекшелігін негізінде деректер типі беріледі. Кластар бірегей рөлдік атаулармен немесе жалпылау қатынастарымен анықталатын ассоциация қатынастарының көмегімен байланыстырылады.

Таңдап алынған кластардың белгілі бір жай күй машиналары бар. Осы соңғы автоматтардың негізгі мақсаты жай-күйдің ауысуына қатысты «оқиғалар-триггерлерді» (коммуникацияны бастайтын оқиғалар) анықтау мүмкіндігін қамтамасыз ету болып табылады. Бұл соңғы автоматтар сәйкес кластардың толық қарым-қатынас моделін ұсынуға арналмаған. Қазіргі уақытта жай- күй диаграммалары бірегей атауы бар және сәйкесінше, тұрақты ұғымдарды білдіретін «базалық» кластары үшін ғана анықталады. Осы кластар: Act, Managed Participation, Role және Entity. Жай күй диаграммасы QueryControl пәндік саласындағы QueryEvent класы үшін анықталады.

Осы элементтердің әрқайсысы мәтіндік анықтаманы қамтиды. Атрибуттар мен ассоциациялардың пайда болуы қатынастардың қуатымен және ассоциацияларды қатарлармен байланыстыратын атрибуттар мен рөлдерге қолданылатын тиісті шектеулермен реттеледі.

4.1.1.1 ЭАМ кластарына арналған HL7 қасиеттері

Модельді пайдалануға негізделген әзірлеу талаптарын қанағаттандыру үшін HL7 белгілеген UML бейіні ЭАМ кластарына арналған екі қосымша «қасиетті» қамтиды. Олар мыналар:

Қасиеті: **classCode** - Мамандандырылған және кодталған атрибуты бар кластар жағдайында, ол мамандандырудың қайсысы белсенді екенін анықтайды (қарастырылып отырған ЭАМ -дағы Act, Role және Entity), бұл қасиет әрбір мамандандыруға арналған кластың белгілі кодын қамтиды. Осылайша, ЭАМ -да Observation класы үшін бұл қасиеттің «OBS» мәні бар.

Қасиеті: **stateAttribute** - Соңғы автоматы бар кластар жағдайында, бұл қасиет кластың жай-күйінің атауымен кодталатын атрибутты көрсетеді.

4.1.2 ЭАМ атрибуттарын таныстыру

Бұрын айтылып өткендей, ЭАМ өз элементтерін UML-дан алады. Осылайша, ЭАМ кластарының барлық атрибуттарында анықтамасы (және байланысты аннотация), қатынастың белгіленген қуаты және белгілі бір деректер типі бар. Кластар жағдайындағы сияқты (жоғар қар.), HL7 белгілеген UML бейіні ЭАМ атрибуттарына арналған бес қосымша «қасиетті» қамтиды. Олар мыналар:

ҚР СТ ISO/HL7 21731-2019

Қасиеті: **conductible** - Төменде осы қасиеттің ерекшелік сипаттамалары келтірілген:

– ол Act класының барлық атрибуттарына және мамандандырылуына қолданылады

– бұл бульдік қасиет; оған сәйкестік міндетті болып табылады; және оның бастапқы күйі бойынша мәні жалған болуы мүмкін.

– Бұл қасиеттің келесі түсіндірмесі бар:

Егер бұл қасиет нақты атрибут үшін шынайы болып табылса, ол осы атрибуттың мәні өткізгіш болып табылады деп дәлелдейді. Act өткізгіш атрибуттары таратушы және өзгертуші ретінде қарастырылады.

Мысалы - Бір жағдайда, ActA.confidentialityCode = I. ЭАМ атрибуты үшін "өткізгіш" қасиеті Act.confidentialityCode **шынайы** болып табылады, сәйкесінше, бұл жағдайда confidentialityCode мәні компоненттің іс-қимыл қатынасы арқылы ActB өткізіледі. Егер ActB.confidentialityCode болмаса, онда ActB.confidentialityCode өткізгішті (**тарату**) арқылы «I» мәніне ие болады. Егер ActB.confidentialityCode, мысалы, «N» мәнімен толтырылған болса, онда ActB мәні өткізілген мәнді өзгертеді және кейінгі іс-қимылдарға қолданылады (**өзгертеді және таратады**).

Қасиеті: **conformance** –

Сәйкестігі бойынша шектеу модельдің элементі жіберу немесе қабылдау қосымшаларымен қалай өңделуі тиіс екендігін көрсетеді. Модельдің әрбір атрибутының және ассоциацияның сәйкестігі бойынша айқын немесе айқын емес шектеуі бар. Бұл шектеу үш мәнің біреуіне ие болуы мүмкін: Талап етіледі, Көрсетілмеген немесе Рұқсат етілмеген. Осы қасиеттің толық сипаттамасы **ANSI/HL7 V3 RCL, R2-2007 – HL7** жетілдіру, шектеу және оқшаулау ерекшелігінен қар.

Қасиеті: **defaultValue** –

ЭАМ-нің белгіленген атрибуттары, негізінен бульдік деректер типті атрибуттардың осы қасиеттің көмегімен көрсетілетін, тағайындалған «бастапқы күйі бойынша мәні» бар. Егер атрибут үшін өзге белгіленгсе, қосымшалар егер осы класты атрибуттың бастапқы күйі бойынша өз мәні болғандай қарастыруы тиіс.

Қасиеті: **deprecated** –

Бұл бульдік мәні және екі ішкі қасиеті бар қасиет - "күшіне енгізілген нұсқа" (депрекация күшіне енгізілген нұсқа) және депрекация себебінің техникалық сипаттамасы. Элемент ұсынылымайтын ретінде жарияланғаннан кейін белгілі бір уақыт бойы ол ЭАМ -ның бөлігі болып қала береді, бірақ әрі қарай ЭАМ негізінде жасалған модельдерде қолданылмауы ТИІС. Әрі қарай, ол ұсынылымайтын ретінде көрсетілетін кем дегенде үш шығарылымнан кейін элемент ЭАМ -нан жойылады және/немесе басқарушы терминологиядан алынып тасталатын болады.

Қасиеті: **isDocumentCharacteristic**: - Төменде осы қасиеттің ерекшелік сипаттамалары келтірілген:

Толық сипаттамасын **ANSI/HL7 V3 CPPV3MODELS, R1-2012 – HL7** стандарты 3-нұсқа құжатынан қар: HL7 3-нұсқа стандарты Модельдерінің базалық қағидаттары мен қасиеттері, 1-шығарылым, мұнда келесі анықтама келтірілген:

– Егер ол шынайы болып табылса, онда Act класының атрибуты немесе ассоциациясы (ActRelationship немесе Participation кластары үшін typeCode түрінде ұсынылатын) іс-қимыл объектісі ұсынған құжаттың (жазбаның) дескрипторы болып табылады.

– Егер ол жалған болса, ол осы қасиет іс-қимылдың дескрипторы - нақты, болжанған немесе ықтимал болып табылатындығын көрсетеді. Ол Act.actionNegationInd және Act.moodCode мәндерінің өзгеруіне қарай атрибуттар мен ассоциациялардың түсіндірмесіне қолданылады. (Қосымша ақпаратты осы атрибуттардың сипаттамаларынан қар.)

– Мысалы, сұратуда «id» [isDocumentCharacteristic = истинное] атрибуты болжанған оқиғаның сәйкестендіргіші емес, сұрату туралы жазбаның сәйкестендіргіші болып табылады. Екінші жағынан, «code» [isDocumentCharacteristic = жалған] атрибуты болжанған оқиғаның сипаттамасын көрсетеді.

Қасиеті: **isImmutable** –

ЭАМ белгіленген атрибуттары осы қасиеттің көмегімен шынайы мәніне қою көмегімен "тұрақты" болып анықталады. Тұрақты атрибут үшін мәні бар объектінің үлгісін анықтағаннан кейін осы атрибутты осы үлгінің болуы кезінде өзгертуге болмайды (назар аударыңыз, кодталған атрибуттар жағдайында, атрибут детализацияның жоғары және төмен деңгейінде көрсетілуі мүмкін. Мысалы, медициналық көмек көрсету жағдайы «өзгерістерге тыйым салу» туралы ережені бұзбай, classCode CASE, OBS немесе ACT атрибуты мәндерінің көмегімен көрсетілуі мүмкін.

Қасиеті: **mandatoryInclusion** –

Коммуникацияның ақпараттық моделінде міндеттілік қасиеті нақты атрибуттың HL7 стандартының кез келген данасында әрқашан нөлдік емес мәнде болуы тиіс екендігін көрсетеді. Бұл қасиет ЭАМ атрибуттарының шектеулі саны үшін шынайы деп қорытындыланады. Осылайша, осы атрибуттар ақпараттық модельдің кез келген класына қосылуы тиіс, ол осы атрибут бар ЭАМ класынан шығарылады.

Қасиеті: **vocabDomain** - Төменде осы қасиеттің ерекшелік сипаттамалары келтірілген:

– ЭАМ -ның осы атрибуттардың кодталған (немесе кодталған деректер типімен шектелуі мүмкін - мысалы, ANY) екендігін көрсететін деректер типі берілетін әрбір атрибутының HL7 стандарты айқындаған ұғымдар саласын білдіретін «vocabDomain» қасиеті бар, оның ұғымдық кеңістігі осы

атрибуттың талаптарын қанағаттандырады. Барлық ұғымдар саласы дауыс беру бөлігі ретінде қосылады және ЭАМ -ның басқа да элементтері сияқты дауыс беру қағидаттарымен байланысты.

– Оған қоса, ЭАМ -да бернеше атрибут CS деректер типінің көмегімен кодталады. Бұл жағдайларда «vocabDomain» мамандандырылған қасиеті мәндер жиынтығымен әмбебап салада байланысты болатын, олардың ішінен кодтар алынуы ТИИС. Сонымен бірге, осы мәндер жиынтығы кодтар жүйесі негізінде айқындалды, оны HL7 белгілеуі және сақтауы ТИИС. Жоғарыда айтылған classCode және typeCode атрибуттары CS деректер типі бар атрибуттардың мысалдары болып табылады. Осы атрибуттарға арналған барлық кодтар жүйесі дауыс беру бөлігі ретінде қосылады және ЭАМ -ның басқа да элементтері сияқты дауыс беру қағидаттарымен байланысты.

4.1.3 ЭАМ ассоциациясын көрсету

Бұрын айтылып өткендей, ЭАМ өз элементтерін UML-дан алады. Осылайша, ЭАМ кластарының әрбір ассоциациясында (және байланысты аннотация), қатынастың белгіленген қуаты және т.с.с. бар. Атрибуттағыдай (жоғарыдан қар.) HL7 стандарты белгілеген UML[1] бейіні ЭАМ ассоциациясының бір қосымша «қасиетін» енгізеді. Ол келесі:

Қасиеті: **conformance** –

Сәйкестігі бойынша шектеу модельдің элементі жіберу немесе қабылдау қосымшаларымен қалай өңделуі тиіс екендігін көрсетеді. Модельдің барлық атрибутының және ассоциациясының сәйкестігі бойынша айқын немесе айқын емес шектеуі бар. Бұл шектеу үш мәндің біреуіне ие болуы мүмкін: Талап етіледі, Көрсетілмеген немесе Рұқсат етілмеген. Осы қасиеттің толық сипаттамасы ANSI/HL7 V3 RCL, R2-2007 – HL7 жетілдіру, шектеу және оқшаулау ерекшелігінен қар.

4.2 ЭАМ нормативтік терминологиясы

Нормативтік терминология (Controlling Terminology clause) тарауында ЭАМ нормативтік ерекшелігіне кіретін ұғымдар саласының және кодтар жүйесінің жиынтығының толық сипаттамасы қамтылған. Атап айтқанда:

4.2.1 ЭАМ атрибуттары үшін ұғымдардың және шектеулердің нормативтік саласы

Әдетте, кодталған деректер типі берілген ЭАМ-нің әрбір атрибутының да белгілі бір Ұғымдар саласы (Concept Domain) бар, ол осы атрибут үшін ЭАМ деңгейін шектеуді білдіреді. ЭАМ-нің әрбір атрибутын анықтау орнында кластар (Classes clause) тарауында (төменде), кодталған атрибуттарға арналған

Ұғымдар саласын шектеу "Нормативтік терминология" тарауындағы Ұғымдар саласы параграфына гиперсілтемемен класс көрсетілетін болады. Ұғымдар саласы анықтамаларының әрқайсысы осы нормативтік ерекшеліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

4.2.2 CS деректер типті ЭАМ атрибуттарына арналған нормативтік код жүйелері

Егер ЭАМ атрибуттарына **data type "CS"** берілген жағдайда қосымша нормативтік шектеу пайда болады. Әрбір атрибут HL7 стандарты айқындаған кодтар жүйесінен өзінің кодталған мазмұнын алуы **ТНІС**, ол барлық кодтарға арналған мәндер жиыны арқылы осы атрибуттың Ұғымдар саласымен байланысты. Осы кодтар жүйесі Нормативтік терминология тарауына енгізілген бірден-бір жүйе болып табылады және ЭАМ Нормативтік ерекшелігінің ажырамас бөлігі болып табылады, сәйкесінше ЭАМ бойынша дауыс беру шегінде дауыс беруге тиесілі.

4.3 ЭАМ арналған деректердің нормативтік үлгісінің ерекшелігі

HL7-да ЭАМ 4-Шығарылымындағы атрибуттардың деректер типі **ANSI/HL7 V3 DT, R2-2011 HL7** 3-нұсқа стандартымен байланысты: Деректердің типтері - Абстрактілік ерекшелік, 2-шығарылым. ISO қоғамдастығында атрибуттарға арналған деректердің типтері **ISO 21090:2011** Денсаулық сақтау саласындағы информатика стандартымен байланысты - Ақпарат алмасуға арналған сәйкестендірілген деректердің типтері. Осы екі стандарт семантикасы мен терминологиясы бойынша сәйкес.

5 ЭАМ пәндік салалары және UML мазмұны диаграммалары

5.1 Коммуникационная инфрақұрылым (Communication Infrastructure)

HL7 техникалық инфрақұрылымын айқындайтын пәндік салалар жинағы, оның ішінде хабарламалармен алмасу жүйесі және басқа да компоненттер.

CommunicationInfrastructure келесі пәндік салалары бар:

CoreInfrastructure MessageCommunicationsControl

5.1.1 Негізгі инфрақұрылым (CoreInfrastructure Communication Infrastructure)

ҚР СТ ISO/HL7 21731-2019

Осы пәндік салада HL7 коммуникациялық инфрақұрылымына арналған базалық элементтерді қамтамасыз етеді.

Осы пәндік саланың кластар диаграммасы: 14-сурет.

Негізгі инфрақұрылымда мынадай кластар бар:

ActHeir	InfrastructureRoot
EntityHeir	RoleHeir

5.1.2 Коммуникациялық хабарламаларды басқару (MessageCommunicationsControl (Communication Infrastructure))

HL7-де хабарламалармен алмасудың көмегімен техникалық анықтамамен және коммуникацияларды басқарумен байланысты кластар жинағы.

Осы пәндік саланың кластар диаграммасы: 11-сурет.

MessageCommunicationsControl келесі пәндік салалардан тұрады:

MessageControl	QueryControl
----------------	--------------

5.1.2.1 Хабарламаларды басқару (MessageControl (MessageCommunicationsControl))

Осы пәндік сала ЭАМ-нің хабарламаларды басқарумен, жіберумен және растаумен байланысты элементерінен тұрады.

Осы пәндік саланың кластар диаграммасы: 12-сурет.

MessageControl келесі кластардан тұрады:

Acknowledgement	AttentionLine	Message
AcknowledgementDetail	Batch	Transmission
	Communication	Transmission
Attachment	Function	Relationship

5.1.2.2 Сұраныстарды басқару (QueryControl (MessageCommunicationsControl))

Осы пәндік сала хабарлама-сұрату жасауға, жіберуге және жауап беруге қажетті кластардан тұрады.

Осы пәндік саланың кластар диаграммасы: 13-сурет.

QueryControl келесі кластардан тұрады:

Parameter	QueryAck	QueryEvent
ParameterItem	QueryByParameter	QuerySpec

ParameterList QueryContinuation SortControl

5.2 Базалық кластар (FoundationClasses)

Осы кластар жинағы және олардың ассоциациялары HL7 стандартының ЭАМ "нормативтік" мазмұнын білдіреді. Осы пәндік саланың мазмұны HL7 стандарты шеңберінде нормативтік құжат ретінде дауысқа салынды.

Осы пәндік саланың кластар диаграммасы: 1-сурет.

FoundationClasses келесі пәндік салалардан тұрады:

Acts Entities Roles

5.2.1 Әрекеттер (FoundationClasses Acts)

Акт класын және оның мамандандырылуын қамтитын кластар жинағы. Осы кластар денсаулық сақтау қызметтерін құрайтын іс-қимылдармен және оқиғалармен байланысты.

Осы пәндік саланың кластар диаграммасы: 2-сурет.

Acts келесі пәндік салалардан тұрады:

StructuredDocuments

Acts келесі кластардан тұрады:

Account	Exposure	PatientEncounter
Act	FinancialContract	Procedure
ActRelationship	FinancialTransaction	PublicHealthCase
ControlAct	InvoiceElement	SubstanceAdministration
DeviceTask	ManagedParticipation	Supply
DiagnosticImage	Observation	WorkingList
Diet	Participation	

5.2.1.1 Құрылымдалған құжат (StructuredDocuments (Acts))

HL7-де құжаттармен алмасу арқылы коммуникацияны анықтаумен байланысты, Клиникалық құжаттардың құрылымы стандарттарымен ұсынылған кластар жинағы.

Осы пәндік саланың кластар диаграммасы: 10-сурет.

StructuredDocuments келесі кластардан тұрады:

ContextStructure Document

5.2.2 Нақтылық Entities (*FoundationClasses*)

Entity класымен, оның мамандандырылуымен және тиісті арнайы қатарлармен байланысты кластардың жинағы. Осы кластар денсаулық сақтау саласының мүдделі тараптарын және денсаулық сақтау саласы үшін қызығушылығы бар басқа да заттарды білдіреді.

Осы пәндік саланың кластар диаграммасы: 3-сурет.

Мән (Entities) келесі кластардан тұрады:

Container	LivingSubject	Organization
Device	ManufacturedMaterial	Person
Entity	Material	Place
LanguageCommunication	NonPersonLivingSubject	

5.2.3 Рольдер (*FoundationClasses Roles*)

Role класымен және оның мамандандырылуымен байланысты кластар жинағы. Бұл кластар қатысушылар денсаулық сақтау саласында атқаруы мүмкін рөлдерге шоғырланады.

Осы пәндік саланың кластар диаграммасы: 4-сурет.


Roles келесі кластардан тұрады:

Access	Patient	RoleLink
Employee	QualifiedEntity	
LicensedEntity	Role	

5.3 UML мазмұны диаграммалары


ЭАМ базалық мазмұнының графикалық схемалары

Келесі диаграммаларда ЭАМ-нің базалық кластары берілген.




RIM 2.36
Normative RIM R4
July 20, 2011


1-сүрөт. FoundationClasses пәндік саласы




2-сурет. Acts пәндік саласы




3-сурет. Entities пәндік саласы




4-сурет. Roles пәндік саласы




5-сурет. Act кластағы машинаның схемасы




6-сурет. Entity кластағы машинаның схемасы




7-сурет. ManagedParticipation кластағы машинаның схемасы



8-сурет. Role кластағы машинаның схемасы




9-сурет. RoleLink класы соңғы автоматының схемасы




10-сурет. StructuredDocuments пәндік саласы

ЭАМ базалық кластарының графикалық схемалары


Келесі схемаларда Коммуникациялық инфрақұрылымның пәндік салаларының кластары берілген:





11-сурет. MessageCommunicationsControl пәндік саласы




12-сурет. MessageControl пәндік саласы



13-сурет. QueryControl пәндік саласы



14-сурет. CoreInfrastructure пәндік саласы



15-сурет. QueryEvent класы соңғы автоматының схемасы

6 Кластар

Төменде барлық кластардың тізімі берілген. Олар алфавит тәртібінде орналастырылған. Әр кластың атауының қасында оның негізгі пәндік саласында гиперсілтеме бар. Осы сілтемені ұқсас кластарды жылдам табу үшін пайдалануға болады.

6.1 Класс: Access (classCode= ACCESS) (Roles)

Access қасиеттері:

Access атрибуттары:

approachSiteCode :: CD targetSiteCode :: CD gaugeQuantity :: PQ

Access жалпылау: Role

Access Анықтамасы: Құрылғы ағзаға емдік агенттерді (дәрілерді және өмірлік маңызды элементтерді) енгізу үшін немесе ағзадан заттары (мысалы, экссудаттар, ірің, зәр, ауа, қан) шығару үшін осы құрылғыны қолдану кезінде орындайтын рөлі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Жалпы алғанда, Access ManufacturedMaterial немесе Device рөлі болып табылады, осы мақсат үшін арнайы дайындалған немесе жасалған, мысалы, денеге қойылатын катетер немесе канюля. Access рөліндегі құрылғылар, әдетте түсімдер/бөлінділерді зеттеуде және дәрілік заттарды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарды қолданылады. Заттың өзін немесе шығару саңылауынан шығатын сұйықтықтарды микробиологиялық зерттеу де кеңінен таралған болып табылады.

Access рөлі өндірушіден жеткізілетін өнімді емес, негізінен қол жеткізу құралы ретінде қолданылатын өнімнің сипаттамасы үшін қолданылады. Мысалы, дистрибьютордан катетерлер қорабына тапсырыс беру кезінде Access рөлінің класын қолдану міндетті емес, өйткені өнімнің атрибуттары тапсырыс берілетін өнімнің сипаттамасына және оны сәйкестендіруге жеткілікті. Access рөлі техникалық қызмет көрсету, түтіктер мен дренаждарды енгізу/шығару және тиісті түрде ауыстыру туралы хабарлау үшін қолданылады.

Access атрибуттары:

6.1.1 Access approachSiteCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActSite

Анықтамасы: Енгізу құралы (канюля, катетер немесе дренаж) алғаш рет денеге кіретін анатомиялық жер, қажет болған жағдайда бірінші енгізу орнына нысаналы жерге өткізу.

Түсіндірмесі: Енгізу құралдары, әдетте біршама уақытқа қойылатындықтан және енгізу құралдары көптеген іс-қимылдарға арналған құрал ретінде пайдаланылатындықтан енгізу құралының орны енгізу құралы үшін маңызды айқындаушы атрибут болады (орнату рәсімінің атрибуты ретінде ұсынылуына қарама-қарсы).

Мысалдары – Өкпе артериясы катетері, оның енгізу орны мойындағы ішкі ұйқы күретамыры немесе бұғана ойығындағы бұғана күретамыры болып табылады.

Формалды шектеу: Кодтау жүйесі Procedure.approachSiteCode сияқты; шындығында, Access.approachSiteCode Procedure класынан Access рөлінің класына көшірілген болатын. Access.approachSiteCode мәні енгізу құралын орнату рәсімінің Procedure.approachSiteCode мәніне сәйкес болуы тиіс.

6.1.2 Access.targetSiteCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActSite

Анықтамасы: Енгізу жүзеге асырылған орын немесе дене қуысы (яғни, зат енгізілетін немесе шығарылатын қуыс).

Түсіндірмесі: Енгізу құралдары, әдетте біршама уақытқа қойылатындықтан және енгізу құралдары көптеген іс-қимылдарға арналған құрал ретінде пайдаланылатындықтан нысаналы орны енгізу құралы үшін маңызды айқындаушы атрибут болады (орнату рәсімінің атрибуты ретінде ұсынылуына қарама-қарсы). Нысаналы орын маңызды ақпарат болып табылады, оленгізілуі мүмкін немесе енгізілмейтін заттардың түрлерін анықтайды (мысалы, артерияға кіргізу құралына дәріні шашыратудан айрықша сақ болған жөн).

Мысалдары – Өкпе артериясының катетері үшін нысаналы орын өкпе артериясы болып табылады.

Формалды шектеу: Кодтау жүйесі Procedure.targetSiteCode сияқты; шындығында, Access.targetSiteCode Procedure класынан Access рөлінің класына көшірілген болатын. Access.targetSiteCode мәні енгізу құралын орнату рәсімінің Procedure.targetSiteCode мәніне сәйкес болуы тиіс.

6.1.3 Access.gaugeQuantity :: PQ (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Енгізу құралының ішкі диаметрі.

Мысалдары – Түтіктің саңылауы.

6.2 Класс: Account (classCode= ACCT) (Acts)

Account қасиеттері:

Account атрибуттары:

balanceAmt :: MO	interestRateQuantity::RTO<MO,PQ.TIME>
currencyCode :: C	allowedBalanceQuantity :: IVL<MO>

Account жалпылау: Act

Account Анықтамасы: Бірегей қалдықпен бірге қадағаланатын және ұсынылатын қаржылық операциялардың жиынтығы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Шот алынған тауарлардың немесе қызметтердың сомалар шотына енгізілетін жиынтығын көрсету, тауарларға немесе қызметтерге жасалған төлемдер, сондай-ақ араларында қаржылық операциялар жүзеге асырылатын дебет және кредит шоттар үшін пайдаланылуы мүмкін.

Мысалдары – Пациенттердың шоты, кездесулер шоты, шығындары есепке алу орталықтары, алынатын шоттар.

Account Атрибуттары:

6.2.1 Account.balanceAmt :: MO (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Шотта көрсетілетін дебет және кредит операцияларының жалпы сомасы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Шоттағы қалдық, әдетте targetSite шотының атрибутымен айқындалатын ақша бірлігінде көрсетіледі. Алайда қалдықты балама ақша бірліктерінде көрсетуге болады.

6.2.2 Account.currencyCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: Currency

Анықтамасы: Шот жүргізілетін ақша бірлігі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Жекелеген сомалар басқа ақша бірлігінде көрсетілуі мүмкін, бірақ бұл атрибут осы шоттағы операцияларға арналған бастапқы күй бойынша ақша бірлігін ұсынады.

6.2.3 Account.interestRateQuantity :: RTO<MO,PQ.TIME> (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Шоттағы қалдыққа қатысты белгіленуі мүмкін пайыздық мөлшерлеме.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибут шоттың түріне байланысты өндіріп алынатын (мысалы, кредиттер, мерзімі кешіктірілген шоттар және т.с.с. үшін) немесе есептелінген пайызды (инвестициялар және т.с.с.) ұсынуы мүмкін.

Мысалдары – 0.10/1a (10%/жылына); 0.0005895/1d (.05895%/күніне)

Формалды шектеу: PQ деректер типінің бөлімін өлшеу бірлігі секундтармен салыстырылуы тиіс; яғни, бөлімі уақытпен өлшенуі тиіс.

6.2.4 Account.allowedBalanceQuantity :: IVL<MO> (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Шоттағы ең төменгі және ең жоғарғы рұқсат етілетін қалдықтарды көрсететін интервал.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибуттардың қатаң шекте болуы міндетті емес (яғни, қалдық көрсетілген сомадан көп және аз болуы мүмкін), алайда олар шот үшін нысаналы диапазонды білдіреді және көрсетілген шектен шығудың белгілі бір салдары болуы мүмкін. Шот үшін жоғарғы және төменгі шекті (немесе олардың кез келгенін) көрсету міндетті емес.

Мысалдары – Стоп-лосс лимиттері, кредиттік лимиттер

6.3 Класс: Acknowledgement (в MessageControl)

Acknowledgement қасиеттері:

Acknowledgement атрибуттары:

typeCode :: CS
expectedSequenceNumber::INT.POS
messageWaitingNumber::INT.NONNEG
messageWaitingPriorityCode :: CD

Acknowledgement ассоциациялары:

acknowledgementDetail::(0..*) AcknowledgementDetail::acknowledgement::(1..1)
acknowledges::(1..1) Transmission::acknowledgedBy::(0..*)
conveyingTransmission::(1..1) Transmission::conveyedAcknowledgement::(0..*)

Acknowledgement жалпылау: InfrastructureRoot

Acknowledgement Анықтамасы:Хабарламаны растау кезінде қажетті метадеректер.

Acknowledgement атрибуттары:

6.3.1 Acknowledgement.typeCode :: CS (1..1) Міндетті

Сәйкестік қасиеті: R

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: AcknowledgementType

Анықтамасы:Келтірілген растау типтерінің жинағында анықталатын растамалар.

Мысалдары – Қабылдайтын қосымша хабарламаны сәтті өңдеді; қабылдайтын қосымша хабарламадан қатені(лерді) тапты.

6.3.2 Acknowledgement.expectedSequenceNumber :: INT.POS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы:Хабарламаның реттік нөмірі хабарламалар жинағында.

6.3.3 Acknowledgement.messageWaitingNumber :: INT.NONNEG (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы:Растайтын қосымша қабылдайтын қосымшаға кезекке қоятын хабарламалар саны.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар:Бұл хабарламаларды сұратулар арқылы алу керек. Хабарламалар шоты сұратылмаған хабарламаларды (яғни сауалнама) қабылдай алмайтын қабылдайтын қосымшалардың жұмысын жеңілдетеді.

Мысалдары – Егер басымдығы төмен 3 хабарлама, басымдығы төмен 1 хабарлама және басымдағы жоғары 1 хабарлама болса, кезектегі хабарламалардың саны 5-ке тең болады, өйткені бұл хабарламалардың жалпы саны.

6.3.4 Acknowledgement.messageWaitingPriorityCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: MessageWaitingPriority

Анықтамасы:Хабарламалар жинағындағы растайтын қосымша қабылдайтын қосымшаға кезекке қоятын ең жоғары маңыздылық деңгейі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл хабарламаларды сұратулар арқылы алу керек. Бұл сұратылмаған хабарламаларды (яғни сауалнама) қабылдай алмайтын қабылдайтын қосымшалардың жұмысын жеңілдетеді. Айрықша берілген код ең маңызды кезектегі хабарламаның қаншалықты маңызды екенін айқындайды және қабылдайтын қосымша хабарламаны қаншалықты жылдам сұратуына ықпал ете алады. Басымдық уақыт интервалын анықтауға арналған жергілікті келісім бойынша қолданылуы мүмкін, онда қабылдайтын қосымша хабарламаны кезектен алуы тиіс.

6.4 Класс: **AcknowledgementDetail** (MessageControl)

Свойства AcknowledgementDetail:

AcknowledgementDetail атрибуттары:

typeCode :: CS	text :: ED
code :: CD	location :: DSET<ST>

AcknowledgementDetail ассоциациялары:

acknowledgement::(1..1) Acknowledgement::acknowledgementDetail::(0..*)

AcknowledgementDetail жалпылау: InfrastructureRoot

AcknowledgementDetail Анықтамасы: Хабарлама туралы ақпаратты қамтамасыз ететін хабарлама, талдау немесе расталатын хабарламаны формалды дексеру (іскерлік емес қағида).

AcknowledgementDetail атрибуттары:

6.4.1 AcknowledgementDetail.typeCode :: CS (1..1) Міндетті

Сәйкестік қасиеті: R

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: AcknowledgementDetailType

Анықтамасы: Растау хаттамасында көрсетілетін ақпараттың түрі.

Мысалдары – Қате, ескерту, ақпарат.

6.4.2 AcknowledgementDetail.code :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: AcknowledgementDetailCode

Анықтамасы: Келтірілген растау түрлері жинағынан растау түрі.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Түпнұсқа мысалдарда код емес мәтін айрықша атрибуттардың, күндердің қосылуымен көрсетілуі мүмкін. Ұғымдар саласынан алынатын жаңа мысалдар.

Мысалдары – Міндетті атрибутты өткізіп алу; қолданылмайтын өзара әрекеттестік; CNE-де дұрыс емес кодтау жүйесі.

6.4.3 AcknowledgementDetail.text :: ED (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Хабарламаға қатысты қосымша диагностикалық ақпарат.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл еркін мәтін немесе құрылымданған деректер (мысалы, XML) болуы мүмкін.

Мысалдары – Java ерекшелігі, жады дампы, ішкі қатенің коды, шақырулар стегінің ақпараты.

6.4.4 AcknowledgementDetail.location :: DSET<ST> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Растайтын хабарламамен байланысты расталатын хабарламадағы орын.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибутқа қателіктері оқшауланған хабарламаларда ғана мән берілетін болады. Ашық сұрақ: Жолда хабарламадағы орынды айқындайтын айрықша форматты айқындау керек. Бұл «XPath» немесе «OCL» болуы мүмкін.

Мысалдары – Міндетті атрибутты өткізіп алуды растау орны; CNE-де дұрыс емес кодты растауға арналған орын; қолданылмайтын өзара әрекеттестікті растауға арналған орын.

6.5 Класс: Act (classCode= ACT) (Acts) Act класының қасиеттері

Act класының атрибуттары:

Act ассоциациялары:

inboundRelationship::(0..*) ActRelationship::target::(1..1)

outboundRelationship::(0..*) ActRelationship::source::(1..1)

participation::(0..*) Participation::act::(1..1)

ҚР СТ ISO/HL7 21731-2019

Акт класын жалпылау: InfrastructureRoot

Акт класының мамандандырылуы:

Account	Exposure	PatientEncounter
ActHeir	FinancialContract	Procedure
ContextStructure	FinancialTransaction	Supply
ControlAct	InvoiceElement	WorkingList
DeviceTask	Observation	

Акт үшін соңғы автомат

Акт класының анықтамасы: Ненің істеліп жатқаны, істелгені, істелуі мүмкін немесе істеуге ниетті немесе істеуді өтіну туралы жазба.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Acts Participations арқылы олардың Roles-ында Entities-пен байланыстырылады және олар ActRelationships арқылы басқа Acts-пен байланыстырылады. Participations орындаушыларды, авторларды және басқа да жауапты тараптарды, сондай-ақ заттар мен бенефициарларды көрсетеді (іс-қимылдың орындалуы кезінде пайдаланылатын құралдар мен материалдар, сондай-ақ олар да заттар болып табылады). Атрибут moodCode Acts-ты ажыратады, олар нақты жазбалар, болжанған немесе тапсырылған және басқа да хабарламларды білдіреді, оларға іс-қимылдар жазылуы мүмкін.

Түсіндірмесі: Acts ЭАМ -ның негізі болып табылады: пәндік сала туралы деректер және процестердің жазбасы негізінен Acts көмегімен беріледі. Кез келген кәсіп немесе бизнес, оның ішінде денсаулық сақтау, негізінен жауапты орындаушылар орындайтын және жазып алатын әдейі істелген және кейде әдейі істелмеген іс-қимылдардан тұрады. Акт-дана мұндай іс-қимылдың жазбасы болып табылады.

Акт-дана Ректор мен Ноланға сәйкес «пікірді» білдіреді (1991) [Электронды медициналық құжаттаманың негіздері. Медицина саласындағы информатика. 30.]

classCode :: CS	text :: ED	interruptibleInd :: BL
moodCode :: CS	statusCode :: CS	levelCode :: CD
id :: DSET<II>	effectiveTime::QSET<TS>	independentInd :: BL
code :: CD	activityTime :: QSET<TS>	uncertaintyCode:: CD
actionNegationInd::BL	availabilityTime :: TS	reasonCode::DSET<CD>
negationInd :: BL	priorityCode:: DSET<CD>	languageCode:: CD
derivationExpr::ST.SIMPLE	confidentialityCode::DSET<CD>	isCriterionInd:: BL
title :: ED	repeatNumber::IVL<INT.NONNEG>	

Шынайы әлемде қызмет жоспарлау және реттеу арқылы айқындаудан орындауға дамуы мүмкін: осы сатылар Acts класының модалдығы түрінде ұсынылады. Дегенмен, осы сатылардан өтетін, "атрибуттық пікірге" негізделген бір қызмет туралы ойлауға болады, Acts класының моделі осы даму Acts класы даналарының жиынтығымен көрсетілуін қажет етеді, олардың әрқайсысының бір модалдығы бар және осы модалдық Acts класы данасының өмірлік циклы кезінде өзгермейді. Бұл қызметтің дамуы барысындағы атрибуцияның және пікірлердің мазмұны әртүрлі болуымен байланысты және осы дамудың тұрақты және нақты жазбасын жүргізу маңызды. Бұйрықтардың немесе жоспарлардың сипаттамасы ақпарат алушыларға іс-қимылды бұрынғы сипаттамалармен салыстыруға мүмкіндік беру үшін нақты орындалған іс-қимылдардың сипаттамасымен көшірілмеуі тиіс. Acts класының бір нақты іс-қимылдың дамуын сипаттайтын даналары ActRelationships («реттілік» қатынасының санаты) көмпегімен байланыстырылады.

Пікір түріндегі Acts кластары HL7 стандартының ЭАМ -ындағы шынайы әлем факторының бірден-бір түсінігі болып табылады. Шынайы әлем туралы шындық мұндай атрибуттық пікірлерді біріктірудің (және медиацияның) көмегімен ғана жасалады және ЭАМ -да мұндай класс жоқ, оның объектілері атрибутивтік пікірлерге байланысты емес "істердің объективті жай-күйін" немесе "нақты процестерді" білдіреді. Нақты пікір мұндай қызмет түрлерін орындаушы бастама жасаған (және қол қойған) жуырдағы қызмет түрлері (бірақ өткен емес) туралы жасалуы мүмкін, мысалы, хирургиялық ем-шара туралы есеп, клиникалық ескертпе және т.с.с. Осыған ұқсас, статусты жаңарту қазір даму процесіндегі, орындаушы бастамашы болған (немесе тікелей бақылаушы) қызметке қатысты жасалуы мүмкін және нәтижесінде рәсім туралы толық есеппен алмастырылады. Статусты жаңарту, сондай-ақ рәсім туралы есеп модалдығымен және жай-күйімен (Act.statusCode қар.), сондай-ақ ақпараттық толықтығымен ерекшеленетін іс-қимылдар болып табылады: олардың бірде-бірінің ақпаратты алушының пайымын қоспағанда, басқаларының алдында эпистемологиялық басымдығы жоқ.

Мысалдары – Жалпыға ортақ таралған денсаулық сақтау іс-қимылдарының класына (1) клиникалық бақылау, (2) денсаулық жай-күйін бағалау (мысалы, проблемалары және диагноздар), (3) денсаулық сақтау міндеттері, (4) емдеу қызметтері (мысалы, дәрі-дәрмекпен емдеу, хирургия, физикалық және психологиялық терапия), (5) көмек, бақылау немесе күтім актілері, (6) пациенттерге және олардың туыстарына арналған дайындық және оқу қызметтері, (7) нотариалдық қызметтер (мысалы, алдын ала өкімдер және өлім жағдайына өсиетхат), (8) құжаттаманы түзету және жүргізу және көптеген басқалары.

Act класының атрибуттары:

6.5.1 Act.classCode :: CS (1..1) Mandatory

Сәйкестік қасиеті: R

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: ActClass

Анықтамасы: Act класының данасы жататын Acts кластары жинағының негізгі класы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Act.code атрибуты бар Act класының даналары үшін Act.code атрибуты Act.classCode атрибутының мамандандырылуы болуы ТИИС. Алайда Act.code Act.classCode атрибутының мәнін өзгерте алмайды.

Бұл атрибут Act класы "типтерінің" қатаң бақыланатын терминологиясын қамтамасыз етеді, ол ЭАМ-мен дауысқа түседі және типтерді санамалап көрсету үшін пайдаланылуы мүмкін, ЭАМ-дағы физикалық класс ретінде көрсетілуі мүмкін, бірақ көрсетілмейді, өйткені оның бірегей мәні болса да, ол бірегей атрибуттарды немесе бірегей ассоциация схемаларын талап етпейді. «Code» атрибуты осы Act класы типінің айрықша типін айқындайды және осы кіші типтерді ұсыныуға арналған LOINC және SNOMED сияқты үлкен номенклатураларды пайдалануға рұқсат беруге арналған.

Формалды шектеу: Act класының әрбір данасында classCode атрибуты болуы ТИИС. Егер осы Act класы қосымша нақтыланбаса, Act.classCode (ACT) ортақ атрибуты пайдаланылады.

6.5.2 Act.moodCode :: CS (1..1) Mandatory

Сәйкестік қасиеті: R

isImmutable қасиеті: шынайы

isDocumentCharacteristic қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: ActMood

Анықтамасы: Act пікірін болжамды пайдалану: факті туралы хабарламалар, командалар, мүмкіндіктер, мақсаттар және т.с.с. ретінде.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Іскерлік қызметті жоспарлау арқылы айқындаудан орындауға дамытуды сипаттау үшін талап етілетін көлбеулердің әрқайсысында Act класының даналарын инстанциялау және оларды ортақ "реттілік" түріндегі ActRelationship класының көмегімен байланыстыру керек. (ActRelationship.typeCode атрибутын қар.)

Көлбеулік коды барлық Act класы объектілерінің мәні үшін айқындаушы фактор болғандықтан, көлбеу әрқашан белгілі болуы тиіс. Бұл іс-қимыл объектісінің үлгісі жасалған сайын, көлбеу атрибуты қолданыстағы кодқа берілуі ТИИС және берілген көлбеу осы іс-қимыл объектісінің қолданылу уақытында өзгертілмеуі ТИИС.

Act.moodCode атрибуты Act класының мәнін регламенттелген тәсілмен өзгертеді, сол сияқты тілде де етістіктің грамматикалық түрі белгілі бір тәсілдермен сөйлемнің мағынасын өзгертеді. Мысалы, егер көлбеу нақты (оқиға) болса, онда барлық іс-қимыл объектісі белгілі фактіні білдіреді. Егер көлбеу жоспарды (болжамды) білдірсе, барлық іс-қимыл объектісі не істелуі тиіс екендігін күтуді білдіреді.

Act класы данасының мәні көлбеулік кодында ескерілетіндіктен, көлбеулік коды барлық Act класының объектілеріне және сонымен бірге әрқайсысының қасиеттеріне (атрибуттарға және ассоциацияларға) әсер етеді. Назар аударыңыз, көлбеулік коды іс-қимылдар объектісінің түсіндірмесіне әсер етеді, ал іс-қимыл объектісінің мәні өз кезегінде атрибуттардың мәнін айқындайды. Алайда көлбеулік коды жекелеген атрибуттардың мәнін еріксіз өзгертеді.

Act класының жинағында іс-қимыл қасиеттерінің екі түрі бар, инертті және сипаттамалық. Инертті қасиеттер көлбеуге тәуелді емес, бірақ сипаттамалық қасиеттері объектінің көлбеулігіне бағынады. Мысалы, Act.id жіктеуішінің атрибуты бар, ол іс-қимыл объектісін бірегей сәйкестендіреді. Объектіні бірегей сәйкестендіре отырып, ол іс-қимыл объектісінің көлбеулігіне ешқандай да тәуелді емес. Сәйкесінше, Act.id атрибутының "түсіндірмесі" іс-қимыл объектісінің көлбеулігіне қатысты инертті болып табылады.

Керісінше, Act класы атрибуттарының көпшілігі Act. класы операторының көрсеткенін сипаттайды. Act класының сипаттамалық қасиеттері іс-қимылды кім, кіммен, қайда, ненің көмегімен, қалай және қашан жасалған деген сұрақтарға жауап береді. Кім, кіммен, ненің көмегімен және қайда сұрақтарына Participations кластары жауап береді, сонымен бірге қалай және қашан сұрақтарына ActRelationships сипаттамалық атрибуттары мен кластары жауап береді. Сипаттамалық атрибуттың түсіндірмесі барлық іс-қимыл объектісінің түсіндірмесімен келісіледі және көлбеулікпен анықталады.

Мысалдары – Көлбеулік кодының әсерін көрсету үшін "қандағы глюкозаны" өлшеуді қарастырайық.

Definition (анықтау) Act (іс-қимыл) «қандағы глюкозаны өлшеуді» анықтайды. Participations кластары жалпы алғанда осы іс-қимылға қатысатын адамдардың сипаттамаларын және қажетті заттарды, мысалы, үлгі, құрал, жабдық және т.б. сипаттайды. Observation.value атрибуты өлшеудің абсолютті саласын (диапазонын) көрсетеді (мысалы, 15-500 мг/дл).

Intent (ниет) көлбеулігінде орындаушы ол немесе басқа біреу қандағы глюкозаны өлшеу ниетін білдіреді. Participations кластары болжанған іс-қимылға іс жүзінде дәне болжалды түрде қатыстырылған адамдарды, әсіресе, ниетке немесе топтық ниеттерге арналған кез келген жекелеген міндеттерге бастама болушыны және осы іс-қимылға іс жүзінде немесе болжалды

ҚР СТ ISO/HL7 21731-2019

қатыстырылған объектілерді білдіреді (мысалы, үлгіні жөнелту жабдыққа қойылатын талаптар және т.с.с). Әдетте Observation.value атрибуты көрсетілмейді, өйткені ниет белгілі бір диапазонда қандағы глюкозаны өлшеу емес, қандағы глюкозаны өлшеу болып табылады. (Төмеде GOAL көлбеулігімен салыстырыңыз).

Request (өтініш) көлбеулігінде, өлшеудің әр түрі, орындаушы сұрайды: "өтінемін, қандағы глюкозаны өлшеңіз". Participations кластары іс-қимылға іс жүзінде немесе болжалды түрде қатысқан адамдарды, әсіресе тапсырыс жасаушыны және көрсетілген толтырушыны, сондай-ақ осы іс-қимылға іс жүзінде немесе болжалды қатыстырылған объектілерді білдіреді (мысалы, үлгіні жөнелту, жабдыққа қойылатын талаптар және т.с.с.). Observation.value атрибуты әдетте, көрсетілмейді, өйткені тапсырыс нақты диапазонда қандағы глюкозаны өлшеу болып табылмайды.

Event (оқиға) көлбеулігінде орындаушы «қандағы глюкоза өлшенді» деп бекітеді. Participations кластары іс-қимылға іс жүзінде қатыстырылған адамдарды, сондай-ақ іс жүзінде қатыстырылған объектілерді (мысалы, үлгі, құралдар, жабдық) көрсетеді. Observation.value атрибуты нақты алынған мәнді білдіреді (мысалы, 80 мг/дл, немесе <15 мг/дл).

Event Criterion (оқиғалар өлшемшарты) көлбеулігінде (Criterion-мен шарттыстырмаңыз) орындаушы "қандағы глюкозаны өлшеудің" белгілі бір класын, нәтиже ретінде белгілі бір мәні бар (диапазоны) класты қарастырады. Participations кластары өлшемшарттарды, мысалы, нақты пациентпен шектейді. Observation.value атрибуты өлшемшарт орналасатын диапазон болып табылады (мысалы, > 180 мг/дл немесе 200-300 мг/дл).

Goal (мақсат, міндет) көлбеулігінде (өлшемшарттың әртүрлілігі), орындаушы «біздің міндетіміз осы мәнмен (диапазонмен) қандағы глюкозаны өлшеу нәтижелерін алу мүмкіндігі болуы тиіс» деп бекітеді. Participations кластары Intent (ниет) көлбеулігіне ұқсас, әсіресе орындаушы, міндеттер және осы міндет жасалған пациент. Observation.value атрибуты диапазон болып табылады, ол міндет қашан орындалғанын анықтайды (мысалы, 80-120 мг/дл).

6.5.3 Act.id :: DSET<II> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

isDocumentCharacteristic қасиеті: шынайы

Анықтамасы: Act (іс-қимыл) класы данасының бірегей сәйкестендіргіші.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Сәтті коммуникация үшін іс-қимылға бір сәйкестендіргіш белгілеу ғана талап етіледі. Алайда, түрлі жүйелер түрлі деректер базасын қолдайтындықтан, түрлі жүйелер сәйкестендіргіштердің түрлі даналарын белгілеуі мүмкін.

6.5.4 Act.code :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActCode

Анықтамасы: Act (іс-қимыл) класының айрықша түрі, ол Act (іс-қимыл) класының данасын өз класы шеңберінде ұсынады.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Act.code атрибуты, егер пайдаланылса, Act.classCode атрибутының мамандандырылуы болуы ТИІС.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Act.code Act (іс-қимыл) класының міндетті емес атрибуты болып табылады. Act (іс-қимыл) класының түрін Act.code атрибутының көмегімен белгілеудің орнына, Act (іс-қимыл) класын Act (іс-қимыл) класының кодымен және басқа да атрибуттары мен қасиеттерінің көмегімен ғана нақтылауға болады. Жалпы алғанда және көп жағдайларда Act (іс-қимыл) класының түрі ActRelationship класының көмегімен оңай белгіленеді, ол Act (іс-қимыл) осы класы анықтама көлбеулігінде Act (іс-қимыл) басқа класын инстанциялайды. Іс-қимыл анықтамасына сілтемесіз де іс-қимыл басқа атрибуттардың және ActRelationships және Participations кластарының көмегімен оңай сипатталады. Мысалы, SubstanceAdministration түрі нақты дәріге, осы дәріні ұсынатын Participation (класы) Entity (класы) түрінде сілтеменің көмегімен оңай сипатталуы мүмкін.

Осы атрибут Act («classCode» атрибутымен айқындалатын) осы типінің (класының) ерекшелік ішкі типін айқындайды. Ол «classCode» атрибутымен айқындалатын Act типтерінің (класының) шектеулі жиынтығы ішкі типтерін ұсынуға арналған LOINC және SNOMED сияқты түрлі терминологияны пайдалануға рұқсат етеді.

Act.classCode және Act.code атрибуттары бір-бірінің модификаторлары болып табылмайды. Act.code концепті Act.classCode концептін білдіруі тиіс. Теріс мысал ретінде, "калийдің мөлшеріне зертханалық зерттеу" мәнін алу үшін "калий" Act.code-ты "зертханалық зерттеу" Act.classCode бірге пайдалануға, ал содан кейін "калийді ауыстыру" мәнін алу үшін осы "калий" Act.code-ты "дәрі" Act.classCode-пен бірге пайдалануға болмайды. Act.code және Act.classCode атрибуттарын өзара модификация үшін пайдалануға рұқсат етілмейді.

Жобалау бойынша түсініктемелер: ActCode саласындағы баптау ActCode шегіндегі жекелеген кодтар немесе сыртқы жіберілетін терминология ActClass құрылымына бағынуы үшін ActClass саласының құрылымын көрсетуі тиіс.

ActRelationship класының орнына кодты пайдаланған дұрыс болатын жағдайды түсіндіру керек.

Мысалдары – медициналық тексеру, сарысудағы калий, стационарлық науқаспен кездесу, қаржылық операцияға комиссия алу және т.с.с.

6.5.5 Act.actionNegationInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

defaultValue қасиеті: жалған

isImmutable қасиеті: шынайы

Анықтамасы: Act (іс-қимыл) операторы Act (іс-қимыл) класының дескриптивтік атрибуттармен сипатталатын Event (оқиға) көлбеулігіндегі теріске шығару болып табылады.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: ActionNegationInd атрибуты Act (іс-қимыл) класының нақты, болжамды немесе сипатталған оқиғасы үшін теріс қолданылу квантификаторы ретінде жұмыс істейді. Event (оқиға) көлбеулігінде белгіленген іс-қимыл жасалмағанын көрсетеді. Intent (ниет) көлбеулігінде ол белгіленген іс-қимылды жасауға ниеттенбегенін/жасағысы келмегенін көрсетеді. Criterion (өлшемшарт, шарт) көлбеулігінде шарт оқиғаны жүзеге асырмауға негізделгенін көрсетеді. Анықтаманың көлбеулігімен іс-қимылдар үшін шынайы мәні бар атрибутты пайдалану орынсыз.

ActionNegationInd атрибуты дескриптивтік қасиеттермен және олардың кез келген элементтерімен сипатталған Act класын теріске шығарады (оның ішінде Act.code, Act.effectiveTime, Observation.value, Act.doseQty және т.с.с.). Құжат сипаттамаларының қасиеттері, мысалы, Act.id, Act.moodCode, Act.confidentialityCode және атап айтқанда, Author-Participation (жасаушы-қатысу) теріске шығарылмайды. Құжат сипаттамаларының осы қасиеттері әрқашан бір мәнге ие: яғни, жасаушы теріс бақылауды жасаушы болып қалады. Оған қоса, ActRelationship кластарының көпшілігі (компоненттерді қоспағанда) теріске шығарылмайды. Қосымша ұсынымдарды isDocumentCharacteristic қасиеті бойынша ақпаратта және isDocumentCharacteristic қасиеттерінен, ActRelationshipType және ParticipationType кодты жүйелерінен қар.

Мысалы, доктор Джонсон жазған, анамнездегі қатерлі гипертермия (Observation) "себебінен" (ActRelationship) «сукцинилхолинді» бермеу туралы қатаң құпия бұйрық «сукцинилхолин беру» (Act.code) дескриптивтік қасиеттерін теріске шығарады, бірақ, дегенмен, бұйрық болып табылатындығы сөзсіз және доктор Джонсон жазған, пациент Джон Смит үшін және осы бұйрықтың себебі үшін қатерлі гипертермия анамнезі болып табылады.

Алайда дескриптивтік атрибуттарда теріске шығару бөлігі мұндай жағдайда теріске шығарылатын тұжырымның тиімділігін шектейтін қосымша деталь болады. Мысалы, егер "затты бермеу" бұйрығына doseQuantity атрибуты кірсе, бұл осы затты нақты дозада беруге болмайтынын білдіретін еді (бірақ кез келге басқа доза әлі де қалыпты болуы мүмкін).

Іс-қимылды actionNegationInd атрибутымен бекіту Act (іс-қимыл) сипатталған нақты факті туралы бекіту болып табылады. Мысалы, теріске

шығарылған "1 шілдеде пациентте аппендэктомия болды" тұжырымы бастамашының 1 шілдеде аппендэктомия жасалғанын және оның осыған ұқсас тұжырымға осындай жауапкершілік алатынын және егер теріске шығаруды пайдаланбаса, осыған ұқсас тұжырымның дәлелі бар екенін білдіреді. Керісінше, іс-қимылды теріске шығару көрсеткіші фактінің расталғанын және тұжырымның жасалғанын ғана теріске шығармайды. Бұл барлық көлбеуліктерге бірдей шамада қатысты, мысалы, теріске шығарылған бұйрық мұндай бұйрықтың болмағаны туралы қысқаша тұжырымды ғана емес, сипатталған іс-қимылды жасамауға бұйрық болып табылады. Мұндай қысқаша тұжырымдарды бағынышты іс-қимылды жасалған басқарушы іс-қимылды теріске шығару жолымен жасайды. Яғни, "бастамашы доктор Смитт осы типтегі бұйрықты (DEFN көлбеулігі) жасаған жоқ".

Назар аударыңыз, (қатар даналары) Observation жағдайында, actionNegationInd атрибууты іс-қимылдың жасалмағанын көрсетеді. Яғни, ешқандай бақылау жүргізілген жоқ. Бақылаудың жүргізілгенін көрсету үшін, бірақ нәтиже теріс болуы үшін Observation.valueNegationInd атрибутын пайдалану керек.

Мысалдары – Event (оқиға) көлбеулігінде пайдалану кезінде, «хирургиялық операция жасалған жоқ» немесе «келісім берілген жоқ» деп хабарлауға мүмкіндік береді. Order (бұйрық) көлбеулігінде пайдалану кезінде, «бұл зат енгізілмесін» деп хабарлауға мүмкіндік береді. EVN.CRIT (оқиғаның шарты) көлбеулігінде пайдалану кезінде сізге «егер пациент қабылданбаса...» деп айтуға мүмкіндік береді.

6.5.6 Act.negationInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U
defaultValue қасиеті: жалған
isImmutable қасиеті: шынайы

Шығару туралы ақпарат:

2008 жылы қыркүйекте ЖҰмыс тобының мәжілісінде HL7 болашақ жобалық модельдерінен, ЭАМ-нің 0221 шығарылымынан бастап осы атрибутты алып тастау туралы шешім қабылданған болатын. Осы атрибуттың семантикасы жаңа actionNegationInd атрибуты және Observation.valueNegationInd атрибуты арасында бөлінді. Қолданыстағы модельдер жағдайында, әзірлеушілер құжаттаманы және қандай семантикалық элементтер жинағын қолдануды анықтау үшін модельдің қолданылуын зерттеу керек. Жаңа модельдерде және қолданыстағы модельдердің жаңа нұсқаларында осы атрибуты қолданылмауы ТИІС. Осы атрибут ЭАМ-нан 2011 жылғы нормативтік басылым шеңберінде алынып тасталатын болады.

Анықтамасы: Act (іс-қимыл) тұжырымы дескриптивтік атрибуттарда сипатталатын Act (іс-қимылды) теріске шығару болып табылатындығының көрсеткіші.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: negationInd атрибуты теріс қолданыстың квантификаторы ретінде жұмыс істейді. Бұл Acts (іс-қимылы) мысалында Criterion (шарт) көлбеулігінде жақсы түсіндіріледі, ал одан кейін барлық қалған көлбеуліктерге ауысады. Criterion (шарт) көлбеулігінде бірнеше маңызды атрибуттар және осы шартты тексеруге қажетті Act (іс-қимыл) қатынастары (қасиеттері) ғана теріске шығарусыз көрсетіледі. Неғұрлым көп қасиет көрсетілсе, соғұрлым шарт шектеулі (ерекшелік) болып табылады. Мысалы, «систолалық қан қысымын 90-100 мм сын.бағ.» тексеру үшін әдетте Act.code дескриптивтік атрибуттары (систолалық қан қысымы үшін) және Observation.value атрибуты (90-100 мм сын.бағ.үшін) қолданылады. Егер effectiveTime атрибуты да, яғни "кеше" үшін көрсетілетін болса, онда шарт шектеулі болады. Егер negationInd атрибутының мәні жоғарыда көрсетілген шарт үшін шынайы болып табылса, онда тексерістің мәні кеше систолалық қан қысымы 90-100 мм сын.бағ. болған жоқ деп тұжырымдалады (қандай да бір қан қысымы өлшенгеніне қарамастан).

negationInd атрибуты дескриптивтік қасиеттерде және олардың кез келген элементтерімен сипатталған Act (іс-қимылды) теріске шығарады (оның ішінде Act.code, Act.effectiveTime, Observation.value, Act.doseQty және т.с.с.). Act.id, Act.moodCode, Act.confidentialityCode, және әсіресе Author-Participation (жасаушы-қатысу) сияқты инертті қасиеттер теріске шығарылмайды. Бұл инертті қасиеттер әрқашан бірдей мәнге ие: яғни, жасаушы теріс бақылауды жасаушы болып қалады. ActRelationship кластарына теріске шығаруға тек қана элементтер ғана қосылады.

Мысалы, доктор Джонсон жазған, анамнездегі қатерлі гипертермия (Observation) "себебінен" (ActRelationship) «сукцинилхолинді» бермеу туралы қатаң құпия бұйрық «сукцинилхолин беру» (Act.code) дескриптивтік қасиеттерін теріске шығарады, бірақ, дегенмен, бұйрық болып табылатындығы сөзсіз және доктор Джонсон жазған, пациент Джон Смит үшін және осы бұйрықтың себебі үшін қатерлі гипертермия анамнезі болып табылады.

Алайда дескриптивтік атрибуттардағы қосымша бөлшек теріске шығару іс-қимылының тиімді саласын шектейтін болады. Мысалы, затты енгізуге тыйым салу туралы бұйрыққа doseQuantity атрибуты енгізілетін болса, ол затты нақты осы дозада енгізуге болмайды, бірақ дәріге кез келген басқа дозада тыйым салынбайтынын білдіретін еді.

Іс-қимылды negationInd атрибутымен бекіту Act (іс-қимыл) сипатталған нақты факті туралы бекіту болып табылады. Мысалы, «1 шілдеде бронхообструкцияны анықтау» теріске шығарылуы бастамашының 1 шілдеде бронхообструкцияның табылмағанын және оның осыған ұқсас тұжырымға осындай жауапкершілік алатынын және егер теріске шығаруды пайдаланбаса,

осыған ұқсас тұжырымның дәлелі бар екенін білдіреді. Керісінше, negationInd атрибуты фактінің расталғанын және тұжырымның жасалғанын ғана теріске шығармайды. Бұл барлық көлбеуліктерге бірдей шамада қатысты, мысалы, теріске шығарылған бұйрық мұндай бұйрықтың болмағаны туралы тұжырымды ғана емес, сипатталған іс-қимылды жасамауға бұйрық болып табылады.

Мысалдары – Observation оқиғасымен (класымен) пайдалану кезінде былай деп айтуға мүмкіндік береді: "пациенттің кеудесінде ауырсыну жоқ". Observation (класының) шартымен осыған ұқсас түрде осы шартты теріске шығарады, мысалы, «егер 3 күн бойы пациентте кеудесінде ауырсыну БОЛМАСА ...», немесе «егер систолалық қан қысымы 90-100 мм сын.бағ. шегінде болмаса ...».

6.5.7 Act.derivationExpr :: ST.SIMPLE (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Шығару туралы ақпарат:

2011 жылғы үйлестіру мәжілісінде осы атрибут HL7 жобалық модельдерінде болашақта пайдалану үшін алып тасталған болатын. Осы үлгі байланысты R2 шығарылымының деректер типтерінің класына EXPR деректер типі кіреді, ол бұрынғы Act.derivationExpr атрибутының қолданылуын қамтиды. R2 шығарылымы деректер типтерінің стандартында EXPR деректер типіне келесі анықтама берілген: «Көріністі анықтау үшін пайдаланылатын әмбебап деректер типін кеңейту, ақпарат пайдалану мәнмәтінінен алынған жағдайда, ол T [деректердің басқа типі] нақты мәнін шығару үшін пайдаланылады». Ол кез келген деректер типі бойынша атрибутты шектеу бөлігі ретінде пайдаланылуы мүмкін.

Анықтамасы: Формалды тілдік көріністі қамтитын символдар жолы, ол іс-қимыл класының атрибуттары қалай қолданысқа алынатынын, қалай қолданысқа алынуы тиіс екендігін және қолданысқа алу қатынастарымен байланысты кіріспе параметрден қолданысқа алынғанын анықтайды.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Туынды бақылаулар "Іс-қимылдар қатынастары" класындағы "қолданысқа алу" типінің көмегімен басқа да бақылаулармен ассоциация арқылы анықталуы мүмкін. Мысалы, эритроциттегі гемоглобиннің орташа мөлшері бойынша (MCH) туынды бақылау гемоглобиннің (HGB) мөлшері бойынша бақылаумен және эритроциттер (RBC) саны бойынша бақылаумен MCH бақылауы байланыстырылатын анықтау үшін: қолданысқа алу шамасының мәні төменде келтірілген формуланы береді: $MCH = HGB / RBC$.

Формалды шектеу: Қолданысқа алу көрінісі символдар жолымен ұсынылады.

6.5.8 Act.title :: ED (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

isDocumentCharacteristic қасиеті: шынайы

Анықтамасы: іс-қимыл нақты класы адамдарға белгілі болатын сөз немесе сөз тіркесі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл формалды сәйкестендіргіш емес, жалпы танылған атау болуы ықтимал. Алайда іс-қимылдың "түріне" емес, іс-қимыл нақты класына қандай қатынаста болуына қарай "id" атрибутына ұқсас. (Анықтаманың көлбеулігі жағдайында, тақырып Act.code атрибутының көмегімен берілуі мүмкін кең ауқымды санатқа емес, осы нақты анықтамаға жатады.)

Мысалдары – ғылыми зерттеудің атауы (мысалы, "Симвастиннің тіршілік қабілетіне ықпалын скандинавиялық зерттеу"), сот ісінің атауы (мысалы, "Браун Білім басқармасына қарсы") немесе жұмыс жобасының немесе операцияның басқа түрінің атауы. Құжаттарды білдіретін іс-қимылдар жағдайында, бұл құжаттың тақырыбы.

Формалды шектеу: ЭАМ 2.05 шығарылымына дейін осы атрибутта ST деректер типі пайдаланылды. 2.05 және одан жоғары шығарылым жағдайында деректер типі ED деректер типін пайдалануға шартты шектеуге дейін кеңейтілген болатын. Енгізілуі тиіс болған шектеулер mediaType «text/x-hl7-title+xml» немесе «text/plain» болуы тиіс екендігін қоспағанда, ST деректер типіне арналған шектеулерге сәйкес. Мақсаты ғылыми сөз тіркестерінің, мысалы химиялық қосылыстардың семантикасын беру үшін жеткілікті белгілеуді қамтамасыз ету болып табылады. Бұл белгі қарапайым көрініс параметрлерін беру үшін пайдаланылмауы тиіс. Бастапқы күйі бойынша берілген mediaType «text/plain» болуы тиіс.

6.5.9 Act.text: ED (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

isDocumentCharacteristic қасиеті: шынайы

Анықтамасы: Act класымен берілетін адамға оқуға ұсынылатын толық ақпаратты көрсететін мәтіндік немесе мультимедиалық сипаттама (немесе сипаттама сілтемесі).

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Сипаттаманың мазмұны компьютерлік жүйелер арасында алмасатын функционалды ақпараттың бөлігі болып есептелмейді. Алайда, оқырмандар мен орындаушыларды қамтитын іс-қимылдар кластары жағдайында, компьютерлік жүйелер Act.text жолын пайдаланушы адамға көрсетуі тиіс, ол осы қызметке жауап береді; немесе кем

дегенде, Act.text туралы ақпараттың болуын көрсетуі және пайдаланушының осы ақпаратты көруіне мүмкіндік беруі тиіс.

Қарапайым мәтіндік сипаттамалар адамдарға іс-қимылдың мазмұнын және мәнмәтінін түсіндіруге көмектесу үшін пайдаланылады, бірақ автоматтандырылған функцияларға қатысты барлық ақпарат тиісті атрибуттардың және байланысты объектілердің көмегімен берілуі ТИІС.

Пайдаланушының шифрланған ақпаратпен таныспай-ақ бір Act.text оқу мүмкіндігі болуы және іс-қимыл класының барлық мазмұнын дұрыс түсінбеу немесе толық түсінбеу қаупіне ұшырамауы ТИІС. Мысалы, II.root немесе CD.codeSystem әдетте адамға көрсетілмейді және Act.text бөлігі ретінде көрсетілмеуі тиіс.

Таныстырылым іс-қимылдар және "Қатысу" кластарының барлық бағыныштыларын қамтиды, кері тәртіпте іс-қимылдың осы нақты "суретте" көрсетілген еншілес кластары бойынша қозғалады. Алайда осы таныстырылымға енгізілмейтін бірнеше деректер элементтері бар. Олардың класында:

а) (ActRelationship=COMP, classCode <= DOCSECT) компоненттерінің бөліктері т

б) ақырып атрибуты

в) қандай да бір тіркелім (ActRelationship=XFRM)

г) алдыңғы нұсқалар (ActRelationship=RPLC)

Act.text атрибуты басқа атрибуттарда/ассоциацияларда жоқ ақпаратты қамтуы МҮМКІН, бірақ жоғарыда көрсетілген элементтерді қоспағанда мұндай атрибуттарда немесе ассоциацияларда болатын барлық ақпаратты қамтуы тиіс.

Act.text атрибуты есептеу ақпаратымен алмасу үшін пайдаланылмауы ТИІС. Есептеу ақпараты дискретті атрибуттардың көмегімен берілуі ТИІС. Act.text атрибутында бар және шифрланған ақпаратта еш жерде көрсетілмейтін кез келген ақпарат компьютерлік жүйелер үшін жасырын болады. Осы себептен Act.text атрибутында дискретті атрибуттарда шифрланған ақпаратты теріске шығаратын немесе оны түсінуді едәуір модификациялайтын ақпарат болмауы ТИІС.

"Қосымша мәтінді", іс-қимылдың қатынасын беру үшін (мысалы, "компонент" немесе "зат") іс-қимыл жеке класы үшін қосымша ақпарат жіберуге арналған бос атрибуты бар, мүмкін, "аннотацияны" немесе ұқсас концепті көрсететін коды бар Act.text жасау керек.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: «Act.text НЕ ДОЛЖЕН есептеу ақпаратымен алмасу үшін пайдаланылмауы ТИІС» мәнін нақтылау керек: бұл шектеу болуы тиіс пе?

Мысалдары – Іс-қимылдар-анықтамалар жағдайында Act.text атрибуты осы іс-қимыл туралы дәстүрлі ақпараттан тұруы мүмкін. Іс-қимылдар-бұйрықтар жағдайында сипаттама осы бұйрыққа ғана қатысты нақты нұсқаулықтардан тұруы мүмкін.

6.5.10 Act.statusCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActStatus

Анықтамасы: іс-қимыл класының жай-күйі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Статус процесінің жай-күйін көрсетеді. "Зерттеулер" жағдайында, бұл зерттелетін нәрсенің мәртебесі емес (мысалы, аурудың жай-күйі, пенициллинге "белсенді" аллергия), зерттеу процесінің статусы (мысалы, "жаңа", "аяқталған", "күші жойылған"). Зерттелетін объектінің статусын жіберу үшін оның код атрибутында келісілуін немесе "Зерттеу" мәнін қарастыру немесе байланыстырылған "Зерттеуді" пайдалану керек.

6.5.11 Act.effectiveTime :: QSET<TS> (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Әкімшілік қызметті қоспағанда, іс-қимылдың клиникалық немесе операциялық релевантты уақыты.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Сондай-ақ effectiveTime атрибуты "бастапқы" уақыт (Синтаксис Арден) немесе «биологиялық релевантты уақыт» ретінде белгілі (HL7 v2.x). Бұл атрибут activityTime атрибутынан ерекшеленеді.

Зерттеулер жағдайында, зерттеу уақыты зерттелетін сипаттаманың уақытына қарағанда едәуір көп болуы мүмкін. Мысалы, артериялық қанды газбен талдау (BGA) кезінде, нәтиже үлгі алынғаннан кейін бірнеше минуттан соң дайын болады, сол уақытта пациенттің физиологиялық жағдайы едәуір өзгеруі мүмкін.

Көбінесе физикалық процестер жағдайында (хирургиялық ем-шаралар, тасымалдау және т.с.с) нақты уақыт іс-қимыл мақсаты үшін өзекті уақыт болып табылады, яғни тасымалдау мақсаты пайдалы жүкті А пунктінен Б пунктіне дейін жеткізу болғандықтан, нақты уақыт пайдалы жүк А пунктінен Б пунктіне дейінгі жолда болған уақыт болып табылады. Алайда іс-қимыл әдетте іс-қимылдың мақсатын орындауға қажетті, бірақ іс-қимыл мақсаты үшін релевантты болып табылмайтын кездейсоқ жұмысты да қамтиды.

Мысалы, жүргізушіге А жүкті қабылдау пунктіне дейін жету, одан кейін Б жүкті тапсыру пунктінен өз басына жету үшін қажетті уақыт физикалық қызметке қосылады (activityTime атрибуты түрінде), бірақ ол пайдалы жүкті тасымалдау тұрғысынан мәні жоқ және effectiveTime атрибутынан алынып тасталады. Басқа мысал: адамның жұмыс уақыты (effectiveTime) осы адамның жұмыс орнына және кері жеті үшін 10 минут немесе 2 сағат қажет болуына қарамастан 8 АМ және 5 РМ аралығында болуы мүмкін. Бұл жол жұмысқа жету үшін керек, бірақ ол жұмыс уақытының бөлігі болып табылмайды.

Мысалдары

1 Клиникалық зерттеулер жағдайында, тиімді уақыт пациент үшін зерттеу жалғастырылатын (жасалатын) уақыт болып табылады.

2 Келісімшарттар жағдайында тиімді уақыт келісімшарт жарамды болатын уақыт болып табылады.

3 Рұқсаттар жағдайында, тиімді уақыт шешім қолданыста болатын уақыт болып табылады.

4 Заттарды енгізу жағдайында, тиімді уақыт зат енгізілуі тиіс уақыт, сондай-ақ енгізу жиілігі (мысалы, 10 күн бойы күніне үш рет) болып табылады.

5 Хирургиялық ем-шара (операциялар) жағдайында, нақты уақыт пациентке қатысты, яғни тілу және соңғы тігіс арасындағы уақыт болып табылады.

6 Тасымалдау жағдайында, нақты уақыт тасымалданатын пайдалы жүк жолда болатын уақыт болып табылады.

7 Пациенттің өтініші жағдайында, бұл "әкімшілік" уақыт, яғни медициналық көмек сұраумен байланысты жұмыс орындалатын нақты уақытқа қарағанда, регламент ережелерімен таңдап алынуы тиіс, өтініштің бастапқы және соңғы күні.

6.5.12 Act.activityTime :: QSET<TS> (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Зерттеу, ем-шара немесе басқа да іс-қимылдар көлбеулікке қатысты жүргізілетін, жүргізілуі мүмкін, жүргізілуі тиіс және т.с.с. анықтайтын уақыт көрсеткіші. Белсенді уақыт құрамдасы іс-қимылдардың уақыт аралықтарын (мысалы, дайындау және жинау) қамтиды. Ем-шаралар және заттарды енгізу жағдайында, қызметтің ұзақтығы жоспарлау күтілетін инклюзивтік уақыт ұсыну жолымен қажетті әкімшілік функцияны қамтамасыз етуі мүмкін.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Қызметтің ұзақтығы, негізінен, клиникалық емес, әкімшілік практикада қолданылады. Клиникалық релевантты уақыт тиімді уақыт болып табылады. Алдын ала симптомға зерттеу жүргізу кезінде, қызметтің ұзақтығы симптомдың пайда болуы туралы хабарламаның уақыты болып табылатын тиімді уақытқа керісінше, зерттеу жүргізу уақытын сипаттайды. Осылайша, қызметтің ұзақтығы бір іс-қимылдың тиімді уақыты үшін ерекшеленуі мүмкін. Алайда, клиникалық практика жағдайларымен қатар, әзірлеушілер бірінші кезекте тиімді уақытты іс-қимыл үшін негізгі релевантты уақыт ретінде қарастыруы керек.

Қызметтің ұзақтығы оның тіркелуін емес іс-қимылдың уақытын көрсетеді. Көптеген қосымшалар зерттеу жүргізілген нақты уақытты емес, зерттеу жүргізудің тіркелу уақытын қадағалайды, бұл жағдайда Participation.time (мысалы, "Жасаушы") атрибутын пайдалану керек. Осы тіркелген зерттеулер өтініш кезінде де өтуі мүмкін және өтініш уақыты көбінесе қызметтің ұзақтығы клиникалық релевантты болмауы үшін жеткілікті ақпарат ұсынады.

Қызметтің ұзақтығы дескриптивтік атрибут болып табылады: тиімді уақыт ретінде, ол сол уақытта жүргізілетін немесе жүргізілуі мүмкін іс-қимылдың эпизодын сипаттайды. Мысалы, ем-шараны сұрату кезінде қызметтің ұзақтығы ем-шараның жалпы уақытын сипаттайды, ол соңғы эпизод үшін тіркелген уақыттан ерекшеленуі мүмкін. Керісінше, Participation.time атрибуты инертті болып табылады, яғни сұратудағы жасаушының қатысу уақыты сұрату жазбасының уақытын айқындайды және эпизод нақты өтуі мүмкін уақытпен ортақ ештеңесі жоқ.

6.5.13 Act.availabilityTime :: TS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

isDocumentCharacteristic қасиеті: шынайы

Анықтамасы: іс-қимыл данасы туралы ақпарат осы іс-қимылды қалпына келтіретін жүйеге алғаш рет қолжетімді болатын уақыттың сәті (көлбеулікке қарамастан). Атрибут availabilityTime іс-қимылды емес, жазбаны сипаттайтын метадеректерді білдіреді.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: AvailabilityTime атрибуты кез келген жүйемен қосылады (немесе өзгереді), оны іс-қимылды қабылдайды және іс-қимылды жасаушыға жатады (ол жасаушы қолымен куәландыратын материалға қосылмайтын болады). іс-қимылды қалпына келтіретін жүйе көбінесе іс-қимылға бастама жасаған жүйе болып табылады, ал осы іс-қимылды қабылдайтын жүйе іс-қимылды қабылданғаннан кейін уақыт беру үшін availabilityTime атрибутының мәнін айқындайды, өйткені осы нақты жүйенің пайдаланушылары іс-қимылдың осы данасы туралы білуі мүмкін.

Жүйе ақпаратты қабылдаудан (немесе жасаудан) кейін availabilityTime атрибутының мәнін анықтайды және егер осы ақпаратты әрі қарай жіберген кезде ақпараттың availabilityTime атрибутын жасау мүмкіндігі болуы тиіс.

Түсіндірмесі: іс-қимыл үш сағат бұрын пациентте оң жақ қарыншаның миокард инфаркті болғанын белгілейді (Act.effectiveTime қар.), бірақ біз бұл ерекше жағдай туралы тек бірнеше минут бұрын ғана біле аламыз (Act.availabilityTime). Осылайша, үш сағаттан бірнеше минут бұрын кез келген араласу кең тараған сол жақ қарыншаның миокард инфарктіне жол беруі мүмкін, бұл осы араласуды түсіндіруі мүмкін (мысалы, нитраттарды енгізу), дегенмен жаңа ақпаратқа орай жарамсыз болуы мүмкін еді.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Төменде келтірілген сұрақтарға жауаптарды нақтылау керек: іс-қимыл әрбір жіберу кезінде жаңа қолжетімділік уақытын талап ете ме? осы мән қандай жүйеге жататындығын көрсете ме? ол әрқашан хабарламалар мәнмәтінінде жіберу жүйесі үшін қолжетімділік уақыты ретінде анықтала ма, осы ретте кез келген келесі жіберу кезінде оның түсірілуі немесе қайта жазылуы және жазылуы, қажет болған жағдайда, бұрынғы жіберу жекелеген зерттеу орындала ма?

Жойылған мәтін availabilityTime атрибуты "іс-қимылды жасаушыға жазылады, ол қамтиды немесе іс-қимылға жатады". Неліктен осы атрибут айрықша өткізгіштік ережелерін талап ететіндігі түсініксіз: олар басқа атрибуттарға арналған ережелерден ерекшелене ме?

6.5.14 Act.priorityCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActPriority

Анықтамасы: іс-қимыл жүргізілген, жүргізілуі мүмкін, жүріп жатқан, болжанған немесе сұралған/талап етілген шұғылдығы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибут реттелген басымдықты көрсетуге арналған бұйрықтарда қолданылады, ал эпизодтар бойынша құжаттамаларда ол іс-қимылды орындау үшін қолданылмайтын нақты басымдықты көрсетеді. Анықтау режимінде ол қолданыстағы басымдықтарды көрсетеді, бұдан қарым-қатынастың ашық қуаты туындайды.

Мысалдары – Стандартты, міндетті емес, жедел.

6.5.15 Act.confidentialityCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: Confidentiality

Анықтамасы: Ақпараттың элементі қаншалықты құпия екендігін айқындайтын және/немесе ақпараттың қолжетімділігін немесе ашылуын қамтамасыз ету тәсілдерін көрсететін кодтар.

6.5.16 Act.repeatNumber :: IVL<INT.NONNEG> (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: іс-қимыл қайталануының ең төменгі және ең жоғарғы санын белгілейтін тұтас сандардың диапазоны.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибут іс-қимылдар ағынны басқаруға арналған атрибуттар жинағына кіреді.

Қайталау саны қосымша уақытпен шектеледі. Егер уақыт Act.effectiveTime атрибутының ең жоғары мәнінен аспайтын болса, іс-қимыл ең төменгі саннан аз емес және ең жоғары саннан көп емес қайталады, басқа жағдайда қайталау тоқтатылады.

іс-қимыл жағдайында оқиға режимінде, repeatNumber атрибуты әдетте 1-ге тең. Егер мәні 1-ден артық болса, іс-қимыл effectiveTime атрибутында көрсетілген уақыт аралығы ішінде болатын оқиғалардың бірнеше эпизодтарының жиынтығын білдіреді. Бұл эпизодта басқа тұрғыдан ерекшеленбейді.

Қайталау реттілігіндегі іс-қимылдар эпизодтарын айыру үшін "Іс-қимылдар қатынасы" класымен байланысты іс-қимылдың жекелеген данасын ActRelationship.sequenceNumber атрибутының көмегімен пайдалану керек.

Мысалдары - Тісті жұлғаннан кейін стоматолог-хирург пациентке келесідей кеңес беруі мүмкін: "дәке тампонды қанау тоқтағанған дейін бір сағатта 1-3 рет ауыстырыңыз". БҰны repeatNumber атрибуты ең төменгі 1 мәнімен және ең жоғары 3 мәнімен береді.

6.5.17 Act.interruptibleInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: іс-қимылдың асинхронды оқиғалармен үзілуі мүмкіндігінің көрсеткіші.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибут іс-қимылдар ағынны басқаруға арналған атрибуттар жинағына кіреді. Қазіргі сәтте белсенді болып табылатын іс-қимылдың эпизодтары түрлі тәсілдермен үзілуі мүмкін. Үзетін оқиғалардың класына келесілер кіреді:

- 1) іс-қимылды үзуге нақты сұрату,
- 2) осы іс-қимылға бөлінген уақыттың өтуі (тайм-аут),
- 3) «орындалу шарты» осы іс-қимыл үшін шынайы болуын тоқтатады (ActRelationship.checkpointCode қар.),
- 4) іс-қимыл joinCode атрибутының "өзгертілсін" мәні бар элементі болып табылады және осы топтағы барлық қалған элементтер аяқталды (Act.joinCode қар.) және
- 5) құрамды іс-қимыл үзіледі.

Егер іс-қимыл үзуді қабылдаса және іс-қимылдың өзі үзілетін болып табылса, бірақ қазіргі сәтте белсенді элементі болса, үзілмейтін іс-қимылдар үзілетін болады, бұл кезде оның осы сәтте барлық белсенді үзілмейтін элементтері аяқталады.

6.5.18 Act.levelCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

isDocumentCharacteristic қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: ActContextLevel

Алып тастағаны туралы ақпарат:

Оқырмандар осы атрибут HL7 стандарты ЭАМ келесі нормативтік шығарылымында "ескірген" деп жариялануы мүмкін. Осы концепті Act classCode атрибуты мәнінің ұсынылған мәнінің көмегімен айнылмаы ұсынуды қарастырады. Егер өзгеріс қабылданса, HL7 стандарты ЭАМ жанартылу ережелеріне сәйкес, levelCode атрибуты ЭАМ келесі шығарылымында "ескірген" деп жарияланады, ал әрі қарай одан кейінгі шығарылымда "ескірген" болады. Пайдаланушыларға осы атрибутты қолдану алдында HL7

стандарты ЭАМ соңғы ішкі анықтамаларымен тексеру ұсынылады.

Анықтамасы: іс-қимыл құрамының иерархиялық құрылымындағы деңгейді айқындайтын код және іс-қимылдың құрамдастарына ("контейнерлеріне") тіркелетін және осы контейнерлерге салынған "Іс-қимылдарға" қолданылатын контекстуалдық ақпараттың түрі. Атрибут levelCode осы тіркелім иерархиясындағы позицияны және қолданылатын шектеулердің білдіреді.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Нақты деңгейге қолданылатын шектеулер қатысуға (мысалы, пациент, бастапқы ұйым, жасаушы немесе басқа да қол қоятын тарап), қатынастарға немесе басқа "Іс-қимылдарды", құжаттарды қосуға немесе шаблондарды пайдалануға арналған ерекше талаптарды қамтуы мүмкін. Сондай-ақ деңгейге қатысты шектеулер осы деңгейдің элементтері түрінде салынуы мүмкін рұқсат етілетін деңгейдеі анықтай алады. Бір ғана levelCode атрибуты бар бірнеше деңгейге рұқсат етілуі, тыйым салынуы (немесе шектелуі) мүмкін. Келесі бағынышты деңгейдің даналарына кез келген деңгейдің шегінде рұқсат етіледі, бірақ кейбір деңгейлер модельдер түсуі мүмкін және бірнеше деңгейді өткізуге қолжетімді болуы мүмкін.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: levelCode концептері медициналық карталарды жіберудің арнайы талаптарын қанағаттандыру үшін айқындалған болатын. Дегенмен, осы концептер кейбір операциялардың басқа да түрлеріне қолданылатыны белгілі, олар толық жабық тізім болуға арналмаған. Тәуелсіз деңгейлердің басқа жианқтары үшін мүмкіндіктер бар, іскелік мақсатты қанағаттандыру қажет болғанда (мысалы, пациентпен байланыс пәндік саланың жоғары деңгейімен бөлінуі мүмкін).

Жобалау бойынша түсініктемелер: Депрекация туралы шешімді күту: бұл атрибут, шамасы, сақталған жоқ.

Мысалдары – "Көшірме деңгейі" және "папка деңгейі" бір адам туралы деректерден тұруы тиіс, ал "пәндер жиынтығы деңгейі" көптеген адамдар туралы деректерден тұруы мүмкін. "Көшірме" көптеген дереккөздерден шықса, "папка" бір дереккөзден шығуы тиіс. "Композиция" деңгейінің әдетте, бір жасаушысы бар.

6.5.19 Act.independentInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

defaultValue қасиеті: шынайы

Анықтамасы: Іс-қимылмен басқа іс-қимылдарға қарамастан немесе элементі осы іс-қимыл болып табылатын жоғары деңгейдің құрамдас "Іс-қимылы" арқылы ғана манипуляция жасауға болатынын айқындайтын атрибут.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бастапқы күйі бойынша independentInd атрибутының мәні шынайы болуы тиіс. Егер іскерлік немесе

регламен ережелері салынған іс-қимылдар тобына тапсырыс берусіз осы іс-қимылға тапсырыс беруге рұқсат бермейтін болса, іс-қимылдың анықтамасында осы атрибуттың жалған мәні болуы мүмкін (independentInd=false).

Мысалдары – Тапсырыста басқа элементтерге қарамастан алып тастауға болмайтын элемент болуы мүмкін.

6.5.20 Act.uncertaintyCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

isDocumentCharacteristic қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: ActUncertainty

Анықтамасы: Жалпы алғанда "Іс-қимылдың", оның бағынышты элементтерімен сипаттамасы қандай да бір шамада белгісіз деп бекітілгенін көрсету.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибуттың көмегімен бекітілетін белгісіздік барлық дескриптивтік атрибуттардан түзілген іс-қимыл сипаттамасының жалпы мәнінен (мысалы, Act.code, Act.effectiveTime, Observation.value, SubstanceAdministration.doseQuantity және т.с.с.) және Observation.value атрибутының немесе кез келген басқа атрибуттың мәніне қатысты белгісіздікке емес, кез келген элементтердің мәніне қолданылады. Бұл белгісіздік PPD немесе UVP деректер типтерін кеңейтуді нақты атрибутқа қолданудың көмегімен анықтауы керек. Сандық өлшеудің мәніне қатысты белгісіздік PPD<PQ> мәнінде ұсынылуы тиіс; есептелетін және ықтималдыққа тексерілетін сараланған диагноздарда UVP<CD> қолданылуы тиіс. uncertaintyCode атрибутын пайдалану егер жалпы алғанда іс-қимылдың және оған оған тәуелді іс-қимылдар күмәнға ұшыраса ғана, пайдалануға болады.

uncertaintyCode және negationInd атрибуттарының арасында ешқандай байланыс жоқ. Оқиғаға өте күмәндануға болады, бірақ бұл оқиғаны теріске шығаруға сенімді болу дегенді білдірмейді.

Мысалдары – Пациентте бұрын холецистэктомия болуы мүмкін, бірақ ол сенімді емес: сенімсіздікпен мәлімдеді. Пациент бұрын онда холецистэктомия болғанын дәлелдейді: белгісіздікті тұжырымдастан мәлімдейді.

6.5.21 Act.reasonCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActReason

Анықтамасы: іс-қимылдың уәждемесі, себебі немесе түсіндірмесі, мұнда бұл түсініктеме дәлелденбеген, "Іс-қимыл қатынасы" ретінде ұсынылмаған, басқа "Іс-қимылмен" байланысты "себебі бар".

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Іс-қимыл себептерінің көпшілігі "себебі бар" типті "Іс-қимылдар қатынасының" көмегімен басқа бұрын өткен іс-қимылдың жазбасымен жаңа іс-қимылды байланыстыру жолымен нақты көрсетілуі мүмкін. Бұл бұрынғы өткен іс-қимыл жаңа іс-қимылдың себебі болып табылады деп тұжырымдайды («Іс-қимылдар қатынасын" қар.). Бұндай жағдайда бұрын өткен іс-қимыл ерекше қолданыстағы іс-қимыл немесе мәтіндік түсініктеме болуы мүмкін. Бұл көп жағдайда жұмыс істейді және себеп туралы деректер ерекше болған сайын, бұл reasonCode атрибутының орнына "Іс-қимылдың қатынасын" пайдалануға уәждеуі тиіс.

reasonCode атрибуты бұрын өткен "Іс-қимылмен" немесе "Іс-қимылда" көрсетілетін кез келген басқа шартпен байланысты емес жалпы себептерді көрсету үшін қалады. Заң бойынша талап етілгенін немесе пациенттің сұратуы бойынша болғанын көрсету. Алайда, егер бұл заңнаманың, норманың немесе келісімшарттың немесе пациенттің сұратуының элементі іс-қимыл түрінде берілсе, (ал олар әдетте ұсынылуы мүмкін), мұндай берілуі reasonCode атрибуты үшін орынды болып табылады.

Мысалдары – Төменде осы жолда кодтауға жарайтын себептердің мысалдары келтірілген: "стандартты талап", "жұқпалы ауру туралы хабарлау талабы", "пациенттің сұратуымен", "заңда талап етіледі".

6.5.22 Act.languageCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: HumanLanguage

Анықтамасы: Осы іс-қимылдың сипаттамасы айқындалатын негізгі тіл, атап айтқанда Act.text атрибутының тілі.

6.5.23 Act.isCriterionInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

defaultValue қасиеті: жалған

isImmutable қасиеті: шынайы

Анықтамасы: Егер бұл атрибуттың "шынайы" мәні болса, ол осы іс-қимылмен берілген деректер, оның ішінде шығыс ассоциациялар "нақты" іс-қимыл емес, басқа іс-қимыл үшін "өлшемшарт" ұсынатындығын көрсетеді. Яғни, егер classCode «ACT» атрибутының мәні, moodCode «RQO» атрибутының мәні бар іс-қимыл болса және isCriterionInd атрибутының "шынайы" мәні болса, ол іс-қимылға арналған бұйрық үшін ұсынылмайды. Ол барлық бұйрықтар үшін қолданылатын өлшемшартты көрсетеді.

Шектеу: Егер бастапқы іс-қимылдың «isCriterionInd=true» атрибуты жоқ болса, кез келген іс-қимылға бағытталған қатынастардың «conductible=false» қасиеті болуы ТИІС.

6.5.24 Іс-қимылға (жай-күй атрибуты **statusCode** болы табылады) **statusCode**

Осы класқа арналған жай-күй диграммасы (5-сурет).

Аст жай-күйі:

– **Үзілген** – **aborted** ("кәдімгі" жай-күйінің ішкі жай-күйі): Іс-қимыл алдында болжанғаннан тез аяқталды.

– **Белсенді** – **active** ("кәдімгі" жай-күйінің ішкі жай-күйі): Іс-қимыл орындалған немесе орындалып жатқан болуы мүмкін.

– **Тоқтатылған** – **cancelled** ("кәдімгі" жай-күйінің ішкі жай-күйі): Іс-қимыл басталғанға дейін тоқтатылуы мүмкін.

– **Аяқталған** – **completed** ("кәдімгі" жай-күйінің ішкі жай-күйі): Іс-қимыл оның барлық құрамдас бөліктері орындалғаннан кейін кәдімге тәртіпте аяқталды.

– **кейінге қалдырылған** – **held** ("кәдімгі" жай-күйінің ішкі жай-күйі): Дайындық сатысында болған іс-қимыл кейінге қалдырылды.

Осы іс-қимыл босатылғанға дейін ешқандай іс-қимыл жасалмайды.

– **Жаңа** – **new** ("кәдімгі" жай-күйінің ішкі жай-күйі): Дайындық сатысындағы және әлі де орындауға келтірілмеген іс-қимыл.

– **Кәдімгі** – **normal**: "күші жойылған" және "ескірген" жай-күйлерін қоспағанда, қызметтің объектінің күтілетін жай-күйін қамтиды, олар өмірлік циклдің ерекше соңғы жай-күйін білдіреді.

– **күшін жою** – **nullified**: Бұл іс-қимыл қате жасалған және "жойылған" болатын және ол ешқашан болмаған сияқты қарастырылады. Жазба тексеру мақсатында сақталады.

– **Ескірген** – **obsolete**: іс-қимылдың осы данасы жаңа данамен ауыстырылған болатын.

– **Тоқтатылған** – **suspended** ("кәдімгі" жай-күйінің ішкі жай-күйі): Белсенді қызметтік объекті уақытша тоқтатылды.

Аст жай-күйінің ауысуы:

– **Үзу** – **abort** (белсендіден үзілгенге дейін)

– **Аяқтау** – **complete** (белсендіден аяқталғанға дейін)

– **Түзету** – **revise** (белсендіден белсендіге)

– **Тоқтату** – **suspend** (белсендіден тоқтатылғанға дейін)

– **Жаңарту** – **reactivate** (аяқталғаннан белсендіге дейін)

– **Түзету** – **revise** (аяқталғаннан аяқталғанға дейін)

– **Болдырмау** – **cancel** (кейінге қалдырудан болдырмауға дейін)

- **Босату** – **release** (кейінге қалдырылғаннан жаңаға)
- **Түзету** – **revise** (кейінге қалдырылғаннан кейінге қалдырылғанға)
- **Жаңарту** – **activate** (жаңадан белсендіге)
- **Болдырмау** – **cancel** (жаңадан болдырмауға дейін)
- **Аяқтау** – **complete** (жаңадан аяқталғанға дейін)
- **Кейінге қалдыру** – **hold** (жаңадан кейінге қалдырғанға дейін)
- **Түзету** – **revise** (жаңадан жаңаға)
- **Күшін жою** – **nullify** (кәдімгіден күші жойылғанға дейін)
- **Қолданыстан шығары** – **obsolete** (кәдімгіден ескіргенге дейін)
- **Белсенді ету** – **activate** (нөлден белсендіге дейін)
- **Аяқтау** – **complete** (нөлден аяқталғанға дейін)
- **Жасау** – **create** (нөлден жаңаға)
- **Ауысу** – **jump**(нөлден кәдімгіге)
- **Үзу** – **abort** (тоқтатылғаннан үзілгенге дейі)
- **Аяқтау** – **complete** (тоқтатылғаннан аяқталғанға дейін)
- **Жаңарту** – **resume** (тоқтатылғаннан белсендіге дейін)
- **Түзету** – **revise** (тоқтатылғаннан тоқтатылғанға дейін)

6.6 Класс: **ActHeir** (Abstract) (в *CoreInfrastructure*)

ActHeir класын жалпылау: Act

ActHeir класының Анықтамасы: Тек қана шешім ретінде айқындалатын, жалпылау қатынасының қолданыстағы құралдар жинағымен рефлексивтік тұйықталуының болмауы (яғни, іс-қимыл іс-қимыл болып табылады) проблемасын айналып өтуге мүмкіндік беретін іс-қимыл класының төменгі типі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Ол өзге жағдайларда ЭАМ төменгі кластарына бөлінбейтін іс-қимыл кластарын ұсыну үшін пайдаланылса да, "Іс-қимылды қолданушы" класын пайдалану толығымен белгілі бір құралдардың және HL7 әдіснамасындағы деректер құрылымының кемшіліктерімен еріксіз қабылдайды және оның ешқайнда тұжырымдамалық мәні немесе семантикалық модельдеу мәні жоқ. Назар аударыңыз, "Мәнді қолданушы" және "Рөлді қолданушы" кластары да сәйкесінше «Entity» және «Role» кластары үшін сондай қолданыста болады.

Түсіндірмесі: **кластар** жиынтығы үшін хабарламалардың иерархиялық құрылымын (HMD) анықтауды таңдау құрылымын жасау мүмкін еместігі анықталды, олардың әрқайсысы «Act», «Role» немесе «Entity» кластарының төменгі типтері болып табылады, бірақ олар үшін белгілі бір физикалық класс жоқ. ЭАМ-да бұл кластар ешқандай біріздендірілген атрибуттары немесе

ассоциацияларының болмауы фактісін қоспағанда, «Act» , «Role» және «Entity» тікелей буындары (қолданушылары) болатын еді.

Осы бірден бір бос класты әрбір иерархияға енгізу тиісті және қажетті таңдау құрылымы бар хабарламалар жасауға мүмкіндік береді. Әдіснаманың және инструменталды құралдардың кейінгі эволюциясы осы класты эквивалентті абстракциямен алмастыруға мүмкіндік береді.

Мысалдары – Observation және PatientEducationAct мамандандырылуынан тұратын мәнмәтіндік-байланысты модельді(RMIM) қарастырамыз, мұнда PatientEducationAct Іс-қимыл класының тікелей мамандандырылуы ("клон") болып табылады. Бұл жағдайда "Іс-қимыл қолданушысы" класы іс-қимыл класына қарағанда PatientEducationAct клонының негізі ретінде пайдаланылады. іс-қимыл класы бұл жерде Observation және PatientEducationAct кластарының жалпы жалпылауын ұсыну үшін ғана пайдаланылады.

6.7 Класс: ActRelationship (в Acts)

ActRelationship класының қасиеттері:

ActRelationship класының атрибуттары:

typeCode :: CS	sequenceNumber::	conjunctionCode ::
inversionInd :: BL	INT.NONNEG	CS
blockedContextActRelationshipType::DSET<CS>	priorityNumber :: REAL	localVariableName
blockedContextParticipationType ::DSET<CS>	pauseQuantity::PQ.TIME	::ST.SIMPLE
actAttributeContextBlockedInd:: BN	checkpointCode :: CS	seperatableInd::BL
contextControlCode :: CS	splitCode :: CS	subsetCode:: CS
contextConductionInd:: BL	joinCode :: CS	uncertaintyCode ::
	negationInd :: BL	CD

ActRelationship класының ассоциациялары:

target::(1..1) Act::inboundRelationship::(0..*)
source::(1..1) Act::outboundRelationship::(0..*)

ActRelationship класын жалпылау:InfrastructureRoot

ActRelationship класының Анықтамасы: Бастапқы Іс-қимыл және нысаналы Іс-қимыл арасындағы басқарылатын ассоциация.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: "Іс-қимылдар байланысы" класы күрделі зерттеулер мен іс-қимылдар жоспарларын ұсыну үшін, сондай-ақ клиникалық дәлелдемені немесе іс-қимылдар байланыстары туралы пайымдарды ұсыну үшін жүйенің іс-қимылдарынан құрылымдау үшін

пайдаланылады. Алдыңғы іс-қимылдары одан жуырда болған іс-қимылдардың себептері ретінде қосылуы мүмкін. Растайтын деректер ағымдағы клиникалық гипотезалармен байланыстырылуы мүмкін. Проблемалардың тізімі және клиникалық оқиғалар туралы байланысты пайымдар жүйесі "Іс-қимылдар байланысы" класының байланысымен ұсынылады.

"Іс-қимылдар байланысы" класының әрбір данасы үшкір (мақсат жағына бағытталған) және жуан (дереккөзден шығатын) ұштары бар жебеге ұқсайды. Осы ассоциациядағы бастапқы және нысаналы Іс-қимылдармен орындалатын функциялары "Іс-қимылдар байланысы" класының әрбір типі үшін әртүрлі анықталады. Мысалы, композицияға қатысты дереккөз композит, ал мақсат немесе нысаналы объектілер компоненттер болып табылады. Себепке қатысты дереккөз кез келген Іс-қимыл болып табылады, ал нысаналы объекті себеп немесе бастапқы Іс-қимыл көрсеткіші болып табылады.

Іс-қимылмен байланысты қатынастар бастапқы іс-қимыл объектісінің қасиеттері болып табылады. Бұл Іс-қимыл данасының бастамасышы дереккөзі осы Іс-қимыл олып табылатын барлық қалған іс-қимыл қатынастарының да бастамасышы болып есептеледі (дегенмен, осы қатынастардың нысаналы Іс-қимылдары міндетті емес). Осы ережеден ешқандай ерекшелік жоқ.

"Іс-қимылдар байланысы" класының мәні мен мақсаты ActRelationship.typeCode атрибутында анықталады.

Мысалдары – Компоненті бар, орындайды, себебі бар.

1 Электролиздік талдаулар тобында компоненттер ретінде натрий, калий, рН және бикарбонаттар талдауы болуы мүмкін. Мұндай жағдайда электролиздік талдаулардың күрделі тобында "Іс-қимыл байланысы" класының "компоненті бар" типті бастапқы байланысы бар, олар натрий, калий, рН және бикарбонаттардың нысаналы талдауы үшін кіріс байланыст болады.

2 Электролиздік талдаулар тобының оқиғасы зерттеу тәртібін сақтау үшін орындалды. Электролиздік талдаулар тобының оқиғасында мақсат ретінде тәртібі бар "орындалады" типті "Іс-қимылдар байланысы" класының бастапқы байлаынсы бар.

3 "Холецистэктомия" ем-шарасы "холелитиаз" бақылауы себебі бойынша орындалуы мүмкін. Бұл ем-шарамның "себебі бар" типті "Іс-қимылдар байланысы" класының бастапқы байланысы бар, ол холелитиазды бақылау үшін кіріс байланыс болады.

ActRelationship класының атрибуттары:

6.7.1 ActRelationship.typeCode :: CS (1..1) Mandatory

Сәйкестік қасиеті: R

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: ActRelationshipType

Анықтамасы: "Іс-қимылдар байланысы" класы данасының мәні және мақсаты.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: "Іс-қимылдар байланысы" класы семантикалық құрылымдардың жиынтығын, оның ішінде комиссиялар мен іс-қимыл жоспарларын құрылымдау үшін, сондай-ақ клиникалық дәлелдемені немесе пайымды ұсыну үшін пайдаланылады. Алдыңғы іс-қимылдары одан жуырда болған іс-қимылдардың себептері ретінде қосылуы мүмкін. Растайтын деректер ағымдағы клиникалық гипотезалармен байланыстырылуы мүмкін. Проблемалардың тізімі және клиникалық оқиғалар туралы байланысты пайымдар жүйесі "Іс-қимылдар байланысы" класының байланысымен ұсынылады. typeCode атрибуты Іс-қимыл класы объектілерінің түрлері және оларды байланыстыру тәсілдері бойынша арнайы шектеулерді білдіреді.

Іс-қимылдар арасындағы қатынастар түіптері 6 санатқа бөлінеді:

1) композиты (бастапқы объекті) және компоненті (нысаналы объектісі) бар композиция; "Іс-қимылдар байланысы" класының ең жиі қолданылатын типтерінің бірі (тип) композицияны және Іс-қимылдың декомпозициясын сипаттайтын "компоненті бар" болып табылады. Осы қатынастар типі Іс-қимылдың түрлі дәрежедегі детализациясын айқындауға мүмкіндік береді.

Композицияның қатынасы "батареядағы" іс-қимылды біріктіруі мүмкін, мысалы LUTES, CHEM12 немесе SVC, мұнда көптеген стандартты зертханалық талдаулар топтар түрінде реттеледі. Кейбір топтар, мысалы, CHEM12 ерекше іске асырылуымен анықталуы мүмкін; қан қысымы сияқты басқалары систолалық және диастолалық қысымнан тұрады.

Композиция қатынастарының көмегімен Іс-қимылдың детализациясы Іс-қимыл иерархиясының құрылымын қайта ұйымдастыру қажеттілігінсіз түрлі мақсаттар үшін түрлі деңгейге дейін ашып көрсетуі мүмкін. Бұл сол бір регламент процестердің көптеген таныстырылымн қолдауды іске қосады. Мысалы, зертханалық тест батареяларын биллингтік ұсыну ретінде бір тарифтелетін іс-қимыл болуы мүмкін. Зертханалық тесттердің бір сол батареясын клиникалық таныстыру жекелеген тестілер жинағы болып табылады, мұнда тесттердің ретті орналасуы маңызды емес. Осы іс-қимылдың зертханалық таныстырылымы анағұрлым толыққанды болады, оның ішінде клиникалық дәрігерлерді ешқашан хабардар етпейтін іс-қимылдар жоспарының сатылары (мысалы, центрифугирлеу, декантация, аликвотирлеу, белгілі бір құрылғыларды пайдалану және т.с.с). Зертханалық таныстырылым іс-қимылдар жоспарының мұқият сипаттамасына кепілдік береді (оларды автоматтандыруға болады). Осы сипаттама кезінде салынған қызметтер анағұрлым көбірек анықталатын болады. Осы ретте, бастапқы Іс-қимыл декомпозицияға қатысты бөлшектердің түрлі деңгейлерімен қала береді.

2) атқарылуын бақылау, орындау, инстанциялау, алмастыруды, трансформацияны қамтитын реттілік, олар үшін бастапқы және нысаналы объектілер бір түрдегі, бірақ модальдығы және нысаналық объектілердің

бастапқы объектілерге дейінгі жағдайлармен ерекшеленетін Іс-қимылдар болып табылады;

3) бастапқы объекті жағындағы Іс-қимылмен шарттасқан ("аспирин беру") алдын ала шарт, триггер, себеп, қарсы көрсетімі және нысаналы объекті жағындағы шарт немесе себеп Іс-қимылы ("егер температура шекті шамадан жоғары көтерілсе");

4) соңғы шарт, нәтиже, мақсат және қауіп, мұнда бастапқы объекті жағындағы Іс-қимылдың нысаналы объекті жағында нәтижесі немесе мақсаты бар;

5) іс-қимылдар ағыны. Композиция мен реттіліктің қатынастары уақытша және шартты (уақытша емес) іс-қимылдар жоспарларын жасау үшін реттілікке ұйымдастырылуы мүмкін (мысалы, күтім жасау жоспары, сындарлы жол, клиникалық зерттеулер хаттамасы, дәрі-дәрмекпен емдеу хаттамалары). Іс-қимыл және Іс-қимылдар байланысы кластарында "іс-қимылдар ағынын басқаруға арналған атрибуттар жинағы" деп аталатын атрибуттар тобы бар, олар орындалатын іс-қимылдар жоспарының түбегейлі сипаттамасын қамтамасыз етеді. Олардың класында:

- Act.repeatNumber
- Act.interruptibleInd
- ActRelationship.sequenceNumber
- ActRelationship.pauseQuantity
- ActRelationship.checkpointCode
- ActRelationship.splitCode
- ActRelationship.joinCode

ActRelationship.sequenceNumber атрибуты Іс-қимылдардың компоненттері реттілік немесе логикалық ауысуды көрсететін параллель компоненттер жинағы, сондай-ақ параллель міндеттері (бір мезгілде орындалатын міндеттер) түрінде ұйымдастырады. ActRelationship.splitCode және ActRelationship.joinCode атрибуттары таңдауды немесе ауысудың параллель орындалуын бақылайды.

Act.activityTime және ActRelationship.pauseQuantity атрибуттары іс-қимылдар жоспарын сәйкестендіруге мүмкіндік береді. Act.repeatNumber атрибуты іс-қимылдардың қайталануын (циклын) анықтауға мүмкіндік береді, сол уақытта Act.interruptibleInd атрибуты іс-қимылдармен байланыстырылған Іс-қимылдардың үзілу мүмкіндігін анықтайды.

Іс-қимылдар байланысы класының осы типінің алдын ала шарты бар, ол осы жоспарды статуспен немесе алдыңғы іс-қимылдардың нәтижесімен шарттастыруға мүмкіндік береді. ActRelationship.checkpointCode атрибуты ағынды басқару кезіндегі іс-қимылдардың алдын ала шарттарын тексеру уақытын айқындайды. Қосымша ақпаратты жекелеген атрибуттардың сипаттамаларынан қар.

Композициялардың қатынасы осы құрылымдық компоненттерді іс-қимылдар ағынын басқаруды толық қолдауды қамтамасыз ету үшін енгізу және деңгейлер түрінде ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Осы енгізу немесе іс-қимылдар ағынын басқару атрибуттары параллельдікті қолдаумен (тармақтау, қосылу, үзілу) және ауысу операторларынсыз блокты-құрылымданған бағдарламалау тіліне ұқсас әзірленеді. Іс-қимылдар ағынын басқару жоспарлары құрылымдалған бағдарламалау қағидаттарына сәйкес композиттік іс-қимылдағы (блоктағы) компоненттердің (қадамдардың) реттілігін анықтау арқылы жасалады.

Функционалды қатынастардың жиынтығы, оның ішінде, қолдау, себеп, қолданысқ алу және т.с.с., "релеванттық" ұғымымен жалпыланған.

6.7.2 ActRelationship.inversionInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

defaultValue қасиеті: жалған

isImmutable қасиеті: шынайы

Анықтамасы: ActRelationship.typeCode атрибутын бастапқы және нысаналы Іс-қимылдардың рөлін орындарымен ауыстырғандай түсіндіру керек екендігін көрсетеді.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Бастапқы күйі бойынша берілген түсініктемелерді анықтаңыз. Бастапқы және нысаналы іс-қимылды ауыстыру кезінде көрсеткіш оңтайлы болатындығын түсіндіріңіз.

6.7.3 ActRelationship.blockedContextActRelationshipType :: DSET<CS> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: ActRelationshipType

Анықтамасы: Іс-қимылдар қатынастарының осы арқылы Іс-қимылдар қатынасын өткізу рұқсат етілметін типті(терді) аңқытайды.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Бұл атрибутты егер ол пайда болған серияланған модельдің «V (терминологияға негізделген)» мәні бар contextConductionStyle қасиеті болса ғана қолдануға болады.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бір немесе одан да көп кодты анықтау кезінде typeCode атрибутының мәні бар, қалған барлық Іс-қимылдар қатынастары көрсетілген кодтардың бірімен сәйкес келеді немесе көрсетілген кодтардың бірінің мамандандуы болып табылады. TypeCode атрибутының "шынайы" мәнімен «conductible» қасиеті бар немесе бастапқы "шынайы" мәнімен «conductible» қасиеті бар Іс-қимылдар қатынастары өткізеді. Өтікізілген Іс-қимылдар қатынастары ауыстыру жүзеге асырылған Іс-қимыл ауыстыру жүзеге асырылған Іс-қимылдағы сияқты ассоциациясы болғандай

қарастырылуына әкеледі. Қосымша ақпаратты "Базалық қағидаттар" ерекшелігінен қар.

6.7.4 ActRelationship.blockedContextParticipationType :: DSET<CS> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: ParticipationType

Анықтамасы: Іс-қимылдар қатынастарын осы арқылы өткізу рұқсат етілмейтін Қатысу типті(терді) анықтайды.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Бұл атрибутты егер ол пайда болған серияланған модельдің «V (терминологияға негізделген)» мәні бар contextConductionStyle қасиеті болса ғана қолдануға болады.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бір немесе одан да көп кодты анықтау кезінде typeCode атрибутының мәні бар, қалған барлық Қатысу көрсетілген кодтардың бірімен сәйкес келеді немесе көрсетілген кодтардың бірінің мамандандуы болып табылады. TypeCode атрибутының "шынайы" мәнімен «conductible» қасиеті бар немесе бастапқы "шынайы" мәнімен «conductible» қасиеті бар Қатысу өткізеді. Өткізілген Қатысу ауыстыру жүзеге асырылған Іс-қимыл ауыстыру жүзеге асырылған Іс-қимылдағы сияқты ассоциациясы болғандай қарастырылуына әкеледі. Қосымша ақпаратты "Базалық қағидаттар" ерекшелігінен қар.

6.7.5 ActRelationship.actAttributeContextBlockedInd :: BN (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

defaultValue қасиеті: жалған

isImmutable қасиеті: шынайы

Анықтамасы: Осы атрибут, егер "шынайы" мәні болса Іс-қимылдар қатынасы арқылы іс-қимылдар атрибутының мәнін өткізуді бұғаттайды.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Егер атрибуттың мәні шынайы болса, іс-қимылдар атрибуттарының мәні осы іс-қимылдар қатынасы арқылы өткізілмейді. Егер атрибуттың мәні жалған болса, «conductible» шынайы қасиеті бар іс-қимылдар атрибутының мәні өткізілмейді. Іс-қимыл атрибуттарының өткізілген мәндерін таратушы және өзгертуші ретінде қарастырылады.

6.7.6 ActRelationship.contextControlCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: ContextControl

Шығару туралы ақпарат:

Осы атрибут нұсқасы 2.30-дан жоғары ЭАМ -да әрі қарай пайдаланудан алынады. Осы атрибут және олармен жұмыс істеген атрибуттар *ActRelationship.blockedContextActRelationshipType* және *ActRelationship.blockedContextParticipationType* атрибуттарымен, *ActRelationshipType* және *ParticipationType* кодты жүйелеріндегі «conductible» қасиетімен бірге алмастырылды.

Анықтамасы: Осы атрибут осы Іс-қимыл қатынасы ағымдағы іс-қимылдың мәнмәтіне ықпал ету тәсілін, сондай-ақ оның еншілес Іс-қимылдарға таралу мүмкіндігін анықтайды, оның ассоциациялары мұндай таратуға жол береді (. *ActRelationship.contextConductionInd* қар.).

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибут ассоциация нақты элементпен байланысты мәнмәтінді толықтыратынын (мысалы, қосымша бастамашыны қосу) немесе Іс-қимыл қатынасы жасаған мәнмәтіндік тұжырымның күшін жоятындығын немесе ауыстыратындығын нақты анықтауға мүмкіндік береді (мысалы, элемент-контейнерге тәуелсіз бірден-бір бастамашыны анықтау). Сондай-ақ ол осы ассоциация жақын нысаналы іс-қимылға қолданылатындығын (таралмайтын) немесе туынды іс-қимылдарға (таралатын) қолданылуын көрсетеді.

Осы атрибут *ActRelationship.contextConductionInd* атрибутымен бірге жұмыс істейді, ол ақпарат шындығында *contextControlCode* атрибутында көрсетілген жіберу тәсіліне қарамастан еншілес Іс-қимылға берілуін анықтайды.

Егер осы атрибут үшін ешқандай мән көрсетілмесе немесе бастапқы күйі бойынша мән көрсетілсе (яғни, ол нөлдік) мәнмәтін туралы ешқандай қорытынды жасауға болмайды. Жүйе ұсынылған деректер негізінде жеке жорамаланы жасауы тиіс. Осы себеп бойынша HL7 бастапқы күйі бойына белгіленген немесе осы атрибутқа түсіндірменің реттілігін қамтамасыз ету үін өз жобаларының шеңберінде тіркелген мәнін байланыстырады.

Түсіндірмесі: Адамдар ақпаратты түсіндіру кезінде мәнмәтінде сүйенеді. Мысалы, пациенттің медициналық картасы бар папкадан алынған есепті оқу кезінде оқырман есепте пациент туралы ешқандай тікелей айтылмаса да, есептің пациентке қатысты деген қорытынды жасайды. Алайда, ақпараттың басқа элементтері, мысалы папканы жасаушы (оны жүргізетін аурухана) бір жағдайларды папканың мазмұнына қатысты болуы (мысалы, аурухана дәрігере жасаған есеп), басқа жағдайларда қатысты болмауы (мысалы, басқа мекеменің есебінің көшірмесі) мүмкін. Адамдар осы элементтің шеңберінде элементке берілуі тиіс мәнмәтін туралы қажетті қорытындылар жасауды жақсы біледі. Алайда дұрыс емес қорытынды болуы мүмкін (мысалы,

пациенттің медициналық картасындағы есеп туысына қатысты). Оған қоса, компьютерлерге мұндай қорытындылар жасау анағұрлым қиын, дегенмен олар шешім қабылдауды қолдау жүйелері үшін қажетті болуы мүмкін.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Осы мысалда, беру оқиғасы жасаушы жалпы тағайындаудан алшақтататын сияқты.

Мысалдары – Бақылау оқиғасы пациенттің қатысуын "толықтырушы, таратушы" (AP) ретінде белгілейді және құрамдас бақылау оқиғаларын таратушы ретінде белгіленетін іс-қимылдар қатынасының көмегімен байланыстырады. Бұл пациенттің қатысуын ата-ананың бақылау оқиғасына қосымша құрамдас бақылау оқиғаларына пациенттің қатысу ретінде білдіреді.

Жалпы тағайындау (1) дәріні тағайындаумен (2), сондай-ақ бірнеше зертханалық тестті сұратумен (3) жасалады. Жалпы тағайындауда пациент (4) және жасаушы (5) үшін қатысу және диагнозға іс-қимылдардың қатынасы (6) бар, олардың барлығы "толықтырушы, таратушы" ретінде белгіленген. Жалпы тағайындау (1) және дәріні тағайындау (2) арасындағы "компоненттік" ассоциация (7) өткізгіш ретінде белгіленеді (contextConductionInd атрибуты шынайы болып табылады). Дәрілерді тағайындауда "толықтыратын, таратпайтын"(AN) ретінде белгіленген жасаушының (8) қатысуы және себептің "өзгертетін, тарататын" (OP) деп белгіленген диагнозбен қатынасы (9) бар. Әрі қарай дәрілерді тағайындаудың (2) өткізгіш ретінде белгіленген тарату оқиғасына (10) және өткізбейтін ретінде белгіленген, дәріні қабылдау жөніндегі нұсқаулықпен ассоциацияға (11) қатысы бар (contextConductionInd атрибуты жалған болып табылады). Мәні келесі болады:

Дәрілерді тағайындау (2) жалпы тағайындаудан (1) пациентті (4) илену және екі жасаушыны иелену ретінде түсіндіріледі (біреуі жалпы тағайындаудан және біреуі дәріні тағайындаудан). Дәрілерді тағайындау қатынастарының (9) диапазоны жалпы тағайындауда көрсетілген диагноз (6) емес, дәрілерді тағайындауда (2) көрсетілген диагноз ғана болады. Тарату оқиғасы (10) пациентті жалпы тағайындаудан (4) шеттетеді, ал диагноз жасаушыдан емес, дәрілерді тағайындаудан (9). Дәрілерді қолдану жөніндегі нұсқаулықтар (11) пациентпен, диагнозбен немесе жасаушы мен байланысты болмайды.

6.7.7 ActRelationship.contextConductionInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

isImmutable қасиеті: шынайы

Шығару туралы ақпарат:

Осы атрибут нұсқасы 2.30-дан жоғары ЭАМ-да әрі қарай пайдаланудан алынады. *Осы атрибут және олармен жұмыс істеген атрибуттар* ActRelationship.blockedContextActRelationshipType және ActRelationship.blockedContextParticipationType атрибуттарымен, ActRelationshipType және ParticipationType кодты жүйелеріндегі «conductible» қасиетімен бірге алмастырылды.

Анықтамасы: Ассоциациялар бастапқы іс-қимылда еншілес іс-қимылға қатынастар арқылы өтуі тиіс екендігін айқындайтын атрибут.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Түсіндірмесі мен мысалдарды ActRelationship.contextControlCode атрибуты туралы тараудан қар.

6.7.8 ActRelationship.sequenceNumber :: INT.NONNEG (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы қатынастың бірдей бастапқы Іс-қимылдары бар ұқсас типтер арасындағы салыстырмалы түрде ретті орналасуын айқындайтын тұтас сан.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибут іс-қимылдар ағынны басқаруға арналған атрибуттар жинағына кіреді. Іс-қимылдар жоспары құрамдасы Іс-қимылдары бар Іс-қимылды білдіреді. Жүйелі жоспарда әр компоненттің sequenceNumber атрибуты бар, ол жоспар сатыларының тәртібін анықтайды. Бірдей sequenceNumber атрибуттары бар көптеген компоненттер тармақты құрайды. Тармақтар болғызбайтын (нұсқаларды ауыстыруы) немесе splitCode атрибутымен белгіленген параллель процестерді көрсетуі мүмкін.

Егер мәні нөлдік болса, нысаналы Іс-қимылдың салыстырмалы орны белгісіз болуы мүмкін (яғни, ол кез келген жерде болуы мүмкін).

Пайда болу тәртібінің орнына салыстырмалы артықшылықты белгілеу үшін «priorityNumber» атрибутын пайдаланыңыз.

6.7.9 ActRelationship.priorityNumber :: REAL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы қатынастың бірдей бастапқы Іс-қимылдары бар ұқсас типтер арасындағы қарастыру үшін салыстырмалы артықшылықты айқындайтын тұтас сан. PriorityNumber атрибутының төмен мәндерімен қатынастар мәні жоғары осындай атрибуттардың алдында қарастырылады.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Көптеген өлшемшарттар жағдайында, осы атрибут қайсыз өлшемшарт басқаларынан бұрын қарастырылатындығын анықтайды. Реттік нөмірі бірдей компоненттер жағдайында, олардың қайсысы басқасынан бұрын қарастырылатындығын анықтайды. Адамдар таңдайтын баламалардың немесе нұсқалардың арасында priorityNumber артықшылықты анықтайды.

Реттеу қатаң болуы мүмкін, онда басымдықтардың барлық нөмірі бірегей болып табылады, бір сол басымдық біреуіне қатысты тағайындалатын болса, қатаң емес болып саналады.

6.7.10 ActRelationship.pauseQuantity :: PQ.TIME (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Бастапқы және нысаналы іс-қимыл арасында өтетін немесе өтуі тиіс уақыт көлемі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар:

Осы атрибут іс-қимылдар ағынны басқаруға арналған атрибуттар жинағына кіреді. Іс-қимылдар жоспары құрамдасы Іс-қимылдары бар Іс-қимылды білдіреді. Жүйелі жоспарда әр компоненттің sequenceNumber атрибуты бар, ол жоспар сатыларының тәртібін анықтайды. Алдын ала шарттары бар кез келген кадамды орындау алдында осы шарттар тексеріледі:

егер тексеру нәтижесін оң болса, Іс-қимыл орындауға рұқсат алады. Осы уақытта, егер іс-қимылдың pauseQuantity атрибуты болса, pauseQuantity атрибутының таймері іске қосылады: Іс-қимыл pauseQuantity атрибутының таймері өткеннен кейін орындалады.

Алдын ала шарт ретінде (мысалы, хирургиялық операцияға дейін 3 сағат бұрын енгізу) нысаналы шарттың туындауын болжау мүмкіндігі жағдайында, үзілістің теріс шамасына рұқсат етіледі.

Формалды шектеу: Уақыттың өлшем бірліктері қолданылуы ТИІС.

6.7.11 ActRelationship.checkpointCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActRelationshipCheckpoint

Анықтамасы: Іс-қимылдың орындалу процесінде Іс-қимылдың алдын ала шартын тексеру сәті: мысалы, Іс-қимыл бірінші рет басталар алдында, әрбір қайталау алдында, әрбір қайталаудан кейін, бірақ біріншінің алдында немесе Іс-қимылдың орындалу уақыты ішінде.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибут іс-қимылдар ағынны басқаруға арналған атрибуттар жинағына кіреді. Іс-қимылдар жоспары құрамдасы Іс-қимылдары бар Іс-қимылды білдіреді. Жүйелі жоспарда әр компоненттің sequenceNumber атрибуты бар, ол жоспар сатыларының тәртібін анықтайды. Әрбір кадамды орындау алдында, алдын ала шарты бар кадамдардың шарттары тексеріледі; тексеріс нәтижесі оға болған жағдайда, Іс-қимыл орындауға рұқсат алады. checkpointCode атрибуты алдын ала шартты тексеру уақытын айқындайды; ол түрлі шартты операторларға және бағдарламалау тілдеріндегі цикл операторларына ұқсас: "while-do" және "do-while" немесе "repeat-until" және "loop-exit".

CheckpointCode атрибутының "соңы" мәнін қоспағанда, барлық мәні жағдайында, алдын ала шарт жоспардың алдыңғы кадамды аяқталғанда тексеріледі және осы кадам sequenceNumber атрибуты белгілеген реттілікте келесі болады.

Егер тексерілетін Іс-қимылдың өлшемшарты үшін checkpointCode атрибутының мәні "соңы" болса, өлшемшарт Іс-қимыл әр қайталануының

соңында ғана тексеріледі. Егер шарт шынайы болып қалса, келесі қайталау орындауға дайын.

Егер checkpointCode атрибутының мәні "басы" болса, өлшемшарт әрбір қайталанудың басында тексеріледі, бұл ретте «басы» өлшемшарттың қайталану "циклының" алдында бір рет қана тексерілетіндігін білдіреді.

"Өтпелі" мәні бар checkpointCode атрибуты шарт Іс-қимылдың орындалуы жалғасқанда, тіпті бір рет орындалуы жалғасқанда орындалуын талап етуімен ерекшеленеді. Шарт жалған болған кезед, Іс-қимыл үзу оқиғасын қабылдауы тиіс (Act.interruptibleInd қар.) және нәтижесінде, аяқталады.

"Шығу" мәні бар checkpointCode атрибуты жоспардың арнайы қадамында ғана пайдаланылады, ол циклдан шығу қадамын білдіреді. Бұл осы жоспардың орындалу ішіндегі шартты тексеру нәтижесінде іс-қимылдар жоспарынан шығуға мүмкіндік береді. Осыған ұқсас шығу өлшемшарттары жоспардың басқа компоненттерімен ActRelationship.sequenceNumber атрибутының көмегімен реттеледі.

6.7.12 ActRelationship.splitCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActRelationshipSplit

Анықтамасы: Іс-қимылдар жоспарында басқа тармақтардың арасында тармақты таңдау тәсілі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибут іс-қимылдар ағынны басқаруға арналған атрибуттар жинағына кіреді. Іс-қимылдар жоспары құрамдасы Іс-қимылдары бар Іс-қимылды білдіреді. Жүйелі жоспарда әр компоненттің sequenceNumber атрибуты бар, ол жоспар сатыларының тәртібін анықтайды. Компоненттер жиынтығының бір сол sequenceNumber атрибуты болған кезде тармақтар қолданылады. splitCode атрибуты тармақтың айрықша (нұсқаларды ауыстыру) немесе қосымша, яғни басқа тармақтармен класс орындалғанын анықтайды.

Айрық және қосымша бөлінуіне қосымша splitCode атрибуты алдын ала шарт қалай тексерілетіндігін анықтайды (сондай-ақ тармақтың "күзету шарты" ретінде белгілі). "Бір рет тексеру" күзету шарты тармақтану қадамын енгізу кезінде бір рет тексеріледі және егер осы уаықтта шарт орындалмаса, тармақтың күші жойылады. Керісінше, "күту" тармағының орындалуы күзету шарты шынайы болмағанша күтілуі мүмкін.

Айрықша жағдайларда күту бірінші тармақ, шынайы болатын күзету шарттары орындалады, ал қалған тармақтары болдырмайды. Қосымша күту тармақтары жағдайында, кейбір тармақтар орындалуы мүмкін, сол уақытта басқа тармақтар күзету шарттары шынайы болғанша күтеді.

Мысалдары – Айрықша күту, қосымша күту, шартты бір рет тексеретін айрықша тармақ.

6.7.13 ActRelationship.joinCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActRelationshipJoin

Анықтамасы: Параллель тармақта тиісті Іс-қимылдардың қайта синхрондау орындалатын тәсіл.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибут іс-қимылдар ағынны басқаруға арналған атрибуттар жинағына кіреді. Іс-қимылдар жоспары құрамдасы Іс-қимылдары бар Іс-қимылды білдіреді. Жүйелі жоспарда әр компоненттің sequenceNumber атрибуты бар, ол жоспар сатыларының тәртібін анықтайды. Компоненттер жиынтығының бір сол sequenceNumber атрибуты болған кезде тармақтар қолданылады. Егер splitCode атрибуты біреуден артық тармақтың бір уақытта орындалу мүмкіндігін айқындайтын болса, тармақтар параллель болып табылады. Бұл жағдайда joinCode атрибуты тармақтарды қайта синхрондау шарттары мен тәсілдерін айқындайды.

Қайта синхрондаудың негізгі іс-қимылдары мыналар болып табылады: (1) басқару ағыын тармақтың аяқталуын күтеді (wait-branch), (2) әлі аяқталмаған тармақ үзіледі (kill-branch), (3) тармақ қайтадан мүлде қайта синхрондалмайды және параллель жалғасады (оқшауланған тармақ).

Егер бір белсенді күту тармағы болса ғана, kill-branch іс-қимылы орындалады. Егер ешқандай белсенді күту тармағы болмаса, kill-branch іс-қимылы мүлде іске қосылмайды (өзі іске қосылғаннан кейін ұзамай үзілудің орнына). Оқшауланған тармақ басқа тармақтармен байланысты болмағандықтан, белсенді оқшауланған тармақтар kill-branch іс-қимылының үзілуіне кедергі келтірмейді.

Мысалдары – Оқшауланған, аяқтау, айрықша күту.

6.7.14 ActRelationship.negationInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

defaultValue қасиеті: жалған

isImmutable қасиеті: шынайы

Анықтамасы: Байланыстың мәні теріске шығарылады деп тұжырымдайтын атрибут.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибут негізінен операторларды түсіндіру үшін пайдаланылады. Төмендегі мысалдарда көрсетілгендей, осы атрибутты пайдалану шектеулі болып табылады, атап айтқанда, оны Act.negationInd атрибутымен салыстырыңыз, ол іс жүзінде сипатталған Іс-қимыл жоқ, орындалған жоқ және т.с.с. деп тұжырымдайды,

сол уақытта ActRelationship.negationInd атрибуты бастапқы және нысаналы іс-қимылдар арасындағы қатынасты ғана теріске шығарады, бірақ әрбір Іс-қимылдың мәнін өзгертпейді.

Сондай-ақ, теріске шығару мен қайшылық арасындағы айырмашылыққа назар аударыңыз. Қарсы көрсетім себепті теріске шығару емес, қолдануға (себеп) қайшылық болып табылады. Белдің ауырсыну антибиотиктерді тағайындау себебі болмауы туралы факті антибиотиктерді арқаның ауруы кезінде қолдануға болмайды дегенді білдірмейді.

Мысалдары – Егер қатынас теріске шығармай, А Іс-қимылының компоненті Б Іс-қимылы екенін анықтаса, теріске шығару көрсеткіші А Іс-қимылының компоненті Б Іс-қимылы емес екенін айқындайды. Егер Б А-ның себебі болса, онда теріске шығару Б А-ның себебі емес дегенді білдіреді. Егер Б А-ның алдын ала шарты болса, онда теріске шығару Б А-ның алдын ала шарты емес дегенді білдіреді.

6.7.15 ActRelationship.conjunctionCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: RelationshipConjunction

Анықтамасы: Іс-қимылдардың барлық байланыс-шарттары арасындағы өлшемшарттардың логикалық конъюнкциясы (мысалы, және, немесе, тек қана немесе).

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибут өлшемшарттар үшін, әдетте анықтама немесе мақсат режимінде пайдаланылады.

Бағалау нәтижесіне, егер барлық "және" өлшемшарттары шынайы болса, өлшемшарт қабылданады. Егер "немесе" және "және" өлшемшарттары бірге кездессе, "немесе" тобының бір өлшемшарты шынайы болуы тиіс және барлық "және" өлшемшарттары шынайы болуы тиіс. Егер "тек қана немесе" өлшемшарты "немесе" және "және" өлшемшарттарымен бірге кездессе, "тек қана немесе" өлшемшартының біреуі шынайы және "немесе" өлшемшартының кем дегенде біреуі және барлық "және" өлшемшарттары шынайы болуы тиіс. Басқаша айтқанда, "және", "немесе" және "тек қана немесе" өлшемшарттарының жиыны өз кезегінде "және" логикалық операторымен бірігеді (барлық "және" өлшемшарттары және кем деген бір "немесе" өлшемшарты және бір "тек қана немесе" өлшемшарты). Осы тәртіптен өту үшін қажеттілігіне қарай Іс-қимылдың өлшемшарттары қосылуы мүмкін.

6.7.16 ActRelationship.localVariableName :: ST.SIMPLE (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Кіріс параметрлерге арналған символдың жолдың атауы, одан осы Іс-қимылдар қатынасының бастапқы Іс-қимылды өзінің кейбір атрибуттарын шығарады. Жергілікті айнымалының атауы Act.derivationExpr

атрибутының іс-қимыл саласымен байланысты, осы ретте оның мәні осы атрибутын айқындатқын кіріс параметр негізінде таңдалынған Іс-қимыл болып табылады.

6.7.17 ActRelationship.seperatableInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

defaultValue қасиеті: шынайы

Анықтамасы: Бастапқы Іс-қимыл нысаналы Іс-қимылға тәуелсіз түсіндірілетіндігінің көрсеткіші.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибут адамға немесе қосымшаға Іс-қимылды бөлуге кедергі келтіре алмайды, бірақ бастамашының бастапқы Іс-қимылдың мазмұны нысаналы Іс-қимылдан өзгеше болса, растауға ниетін және дайындығын көрсетеді. Назар аударыңыз, бұл атрибут тәуелсіз болып табылады және ЭАМ зерттеу мәнмәтімен/тетігімен байланысты емес. Егер Іс-қимылдың мәнмәтіні тіркелген Іс-қимылдарға қолданылатын болса, осы тіркелген Іс-қимылдар берілетін мәнмәтінсіз түсіндірілмеуі тиіс.

6.7.18 ActRelationship.subsetCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActRelationshipSubset

Анықтамасы: Қатынастың нысаналы объектісі толық байланысты нысаналы объектілердің фильтрленген ішкі жиыны болатындығының көрсеткіші.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибут егер компоненттердің санын бірінші, соңғы, келесі, жиынтық, орташа немесе қандай да бір басқа фильтрленен немесе есептелген ішкі жиынпен шектеу қажеттілігін болса пайдаланылады.

Мысалдары – Бірінші, ең жоғары, жиынтық.

6.7.19 ActRelationship.uncertaintyCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActUncertainty

Анықтамасы: Бастапқы және нысаналы Іс-қимылдардың арасындағы нақты қатынас белгісіз болып табылады деген тұжырым.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибуттың көмегімен тұжырымдалатын белгісізді екі іс-қимылдың арасына қатысты ғана

ҚР СТ ISO/HL7 21731-2019

қолданылады. Іс-қимылдардың анықтылығы Act.uncertaintyCode атрибуты арқылы берілгені дұрыс.

Мысалдары – Нақты қандай ықпал белгілі симптомды туғызғанына күмәнданады, бірақ білмейді: сенімсіздікпен тұжырымдалды.

6.8 Класс: **Attachment** (*MessageControl*)

Attachment қасиеттері:

Attachment атрибуттары:

id :: II text :: ED

Attachment ассоциациялары:

transmission::(0..1) Transmission::attachment::(0..*)

Attachment жалпылау: InfrastructureRoot

Attachment Анықтамасы: Хабарламаның ішкі бөлігінен сілтеме жасауға болатын деректердің адрестелетін блок.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: ED деректер типінің сілтемелік функциясының көмегімен хабарламадан енгізуге сілтеме жасайды.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Қосымша ақпаратты талап ететін ашық мәселе.

Attachment атрибуттары:

6.8.1 Attachment.id :: II (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Атрибут сілтеме жасайтын енгізу сәйкестендіргіші, ол хабарламаның басқа жеріндегі ED деректер типімен көрсетіледі.

6.8.2 Attachment.text :: ED (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Енгізуді құрайтын деректер блогы.

6.9 Класс: **AttentionLine** (*MessageControl*)

AttentionLine қасиеттері:

AttentionLine атрибуттары:

keyWordText :: SC.NT value :: ANY

AttentionLine ассоциациялары:

transmission::(1..1) Transmission::attentionLine::(0..*)

AttentionLine жалпылау: InfrastructureRoot

AttentionLine Анықтамасы: Жіберумен байланысты параметрлер жинағы, олар жіберуден қолжетімді болуы тиіс.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Кластың мазмұны жалпы алғанда жіберуімен байланысты болуы тиіс және жіберумен байланысты мақсаттар үшін ғана пайдаланылуы тиіс және жіберу мазмұнының семантикалық түсіндірмесіне ешқандай ықпалы болмауы тиіс.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: AttentionLine атауы-мәні жұбын білдіреді, осы ретте keyWordText атрибуты нөмірленген жиынтықтан алынған тақырыпты, ал мәні параметрді қамтамасыз етеді.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Түзетуді растаңыз. Анықтамада түсіндіріңіз, мысалдар қосыңыз.

Мысалдары – Егер шифрленген немесе сығылған пайдалы деректерді пайдалану кезінде қабылдаушының жүйе-қабылдаушыдағы ішкі маршрутизация мақсаттары үшін Patient.id атрибутына қолжетімділігі болса, онда жөнелтуші осы ақпаратты AttentionLine қолжетімді ете алады.

AttentionLine атрибуттары:

6.9.1 AttentionLine.keyWordText :: SC.NT (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: AttentionKeyword

Анықтамасы: AttentionLine параметрінің санаты.

Мысалдары - пациенттің сәйкестендіргіші, медициналық көмек көрсету жағдайының түрі.

6.9.2 AttentionLine.value :: ANY (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: AttentionLineValue

Анықтамасы: AttentionLine.keyWordText атрибутында ұсынылатын кілтпен байланысты мән.

Формалды шектеу: Атрибут деректерінің типі келесі деректер типтерінің біреуімен шектелуі ТИИС: BL, CV, II, URL, INT, REAL, TS, PQ, MO, IVL<TS>.

6.10 класс: **Batch** (*MessageControl*)

Batch қасиеттері:

Batch атрибуттары:

referenceControlId :: II	batchComment:: DSET<ST>	batchTotalNumber ::DSET<INT.NONNEG>
name :: SC.NT	transmissionQuantity ::INT.NONNEG	contentProcessingModeCode :: CD

Batch ассоциациялары:

transmission::(0..*) Transmission::batch::(0..1)

Batch жалпылау: Жіберу

Batch Анықтамасы: HL7 V3 стандарты хабарламаларының жинағын білдіретін хабарлама.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Пакет хабарламаның құрамдасына қандай да бір ықпалы бар немесе хабарламаның құрамдасында да композициялық класс болып табыла ма?

Batch атрибуттары:

6.10.1 **Batch.referenceControlId :: II (0..1)**

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Оны бастапқы жіберу кезіндегі пакетті басқару сәйкестендіргіші.

6.10.2 **Batch.name :: SC.NT (0..1)**

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: BatchName

Анықтамасы: Пакеттің сәйкестендіргіші

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибутті пакетті өңдейтін қосымша пайдаланады.

6.10.3 Batch.batchComment :: DSET<ST> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Пакетпен байланысты түсініктемелер.

6.10.4 Batch.transmissionQuantity :: INT.NONNEG (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Пакеттің ішіндегі жекелеген жіберу саны, оның ішінде салынған пакеттер.

6.10.5 Batch.batchTotalNumber :: DSET<INT.NONNEG> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Пакеттегі жалпы хабарламалар саны.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Енгізілген пакеттер жағдайында, batchTotalNumber атрибуты негізгі пакетпен байланысты, бұл ретте transmissionQuantity атрибуты барлық енгізілген пакеттерді жинақтайды.

Жобалау бойынша түсініктемелер: TransmissionQuantity атрибутынан айырмашылығын растаңыз.

6.10.6 Batch.contentProcessingModeCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

defaultValue қасиеті: SEQL

Ұғымдар саласы: ContentProcessingMode

Анықтамасы: Пакетті қабылдау кепілдік беретін мазмұнды өңдеу типі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бастапқы күйі бойынша мәні: ретті.

Мысалдары – Ретті, реттелмеген.

6.11 Класс: CommunicationFunction (MessageControl)

CommunicationFunction қасиеттері:

CommunicationFunction атрибуттары:

typeCode :: CS

telecom :: TEL

CommunicationFunction ассоциациялары:

entity::(1..*) Entity::communicationFunction::(0..*)

transmission::(1..*) Transmission::communicationFunction::(0..*)

CommunicationFunction жалпылау: InfrastructureRoot

CommunicationFunction Анықтамасы: Жіберуге қатысатын (жөнелтуші, қабылдаушы, жауап қабылдаушы), жіберумен байланысты болуы тиіс түрлі мәндерді байланыстыратын қатынастар класы.

CommunicationFunction атрибуттары:

6.11.1 CommunicationFunction.typeCode :: CS (1..1) Міндетті

Сәйкестік қасиеті: R

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: CommunicationFunctionType

Анықтамасы: Жіберуге қатысты мәнің рөлі.

Мысалдары – Жөнелтуші, қабылдау және жауап қабылдайтын тарап.

6.11.2 CommunicationFunction.telecom :: TEL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Белгілі бір рөлде мәмен байланыс үшін пайдалануға болатын телекоммуникациялық мекенжай.

6.12 Класс: Container (classCode= CONT) (Entities)

Container қасиеттері:

Container класының атрибуттары:

capacityQuantity :: PQ	capTypeCode :: CD	bottomDeltaQuantity:: PQ
heightQuantity :: PQ	separatorTypeCode :: CD	
diameterQuantity :: PQ	barrierDeltaQuantity:: PQ	

Container класын жалпылау: ManufacturedMaterial

Container класының Анықтамасы: Басқа да мәндерден тұратын мән.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар:Құрамы Role.classCode = CONT (мазмұн) көмегімен Контейнермен байланысты.

Түсіндірмесі: Осы кластың анықтамасы HL7 және NCCLS (Клиникалық зертханалық стандарттар жөніндегі Ұлттық комитет) арасындағы ынтымақтастық нәтижесінде пайда болды. Атрибуттардың анықтамаларының көпшілігі NCCLS стандартынан алынды немесе оған сілтеме жасалады. Аморфты заттар (мысалы, сұйықтық және газ) жағдайында контейнер талап

етіледі. Алайда контейнердің ішіндегі қоспалардың құрамына (ингредиенттер) қарағанда контейнерден ерекшеленетін және жеңіл айырылатын болып табылады.

Container класының атрибуттары:

6.12.1 Container.capacityQuantity :: PQ (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Контейнердің функционалдық сыйымдылығы.

6.12.2 Container.heightQuantity :: PQ (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Контейнердің биіктігі.

6.12.3 Container.diameterQuantity :: PQ (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Контейнердің сыртқы диаметрі.

6.12.4 Container.capTypeCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ContainerCap

Анықтамасы: Контейнер қақпағының қақпақты алуға, тесуге немесе басқа да автоматтандырылған операцияларға сәйкес келетін түрі.

6.12.5 Container.separatorTypeCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ContainerSeparator

Анықтамасы: Түрлі тығыздықтағы үлгінің компоненттерін бөлуді жеңілдету үшін контейнерге қосылатын зат.

Түсіндірмесі: Бөлетін заттың құрамы немесе типі талдауға ықпал етуі мүмкін. Материал туралы ақпарат нәтижелерді түсіндіруге көмектеседі.

Мысалдары – Қан алу пробиркаларына қосылатын гель центрифугирлеуден кейін қан жасушалары және сарысу немесе плазма арасындағы физикалық кедергі жасайды.

6.12.6 Container.barrierDeltaQuantity :: PQ (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Контейнердің бастапқы нүктесінен бөлетін затқа (кедергіге) дейінгі арақашықтық.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл арақашықтық аспапқа және/немесе бөлгішке жанаспай, сынама алғышқа үлгіні енгізуді жеңілдету үшін үлгілерді өңдеуге/манипуляциялауға арналған құрылғыларға арналған автоматтандырылған зертханалық жүйемен қамтамасыз етіледі. Қосымша ақпараты Бастапқы нүктенің анықтамасынан немесе NCCLS AUTO5 стандартынан қар.

6.12.7 Container.bottomDeltaQuantity :: PQ (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Контейнердің бастапқы нүктесінен төменгі бөлігіне дейінгі арақашықтық.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Қар. NCCLS AUTO5 стандартындағы бастапқы нүкте.

6.13 Класс: **ContextStructure** (classCode= **COMPOSITION**)(*StructuredDocuments*)

ContextStructure класының қасиеттері:

ContextStructure класының атрибуттары:

setId :: II versionNumber :: ST

ContextStructure класын жалпылау: Act

ContextStructure класының мамандандырылуы: Document

ContextStructure класының **Анықтамасы:** Контейнер құжатта.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Құрылымның қолтаңбалары бар, олар кодталуы мүмкін. Құрылымдар берілуі және мәндері болуы мүмкін.

Бастапқы есеп есептің алғашқы нұсқасы болып табылады. Ол *setId* атрибутының жаңа бірегей мәнін алады, ал *versionNumber* атрибутының мәні «1» белгіленеді.

Қосымша қолданыстағы есепке толықтыру болып табылады, ол қосымша ақпараттан тұрады. Осы қосымшаның өзі бастапқы есеп болып табылады. Қоса берілген бастапқы есепке сілтеме *Is-қимылдар арасындағы қатынастар* класының көмегімен орындалады, осы ретте *ActRelationship.typeCode* атрибутының мәні "APND" белгіленеді ("қосымшалар" үшін). Қоса берілген бастапқы есеп орнында қалады және оның мазмұны мен мәртебесі өзгермейді.

Алмастырушы есеп қолданыстағы есепті алмастырады. Алмастырушы есеп *setId* атрибутының алмастырылатын бастапқы есеп ретінде мәнін қолданады және *versionNumber* атрибутының мәнін 1-ге арттырады.

Алмастырылатын бастапқы есеп "алмастырылған" жай-күйін алады, бірақ тарихи анықтама үшін жүйеде сақталады.

ContextStructure класының атрибуттары:

6.13.1 ContextStructure.setId :: II (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

isDocumentCharacteristic қасиеті: шынайы

Анықтамасы: Есептің біріздендірілген сәйкестендіргіші.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: setId атрибуты жалпы бастапқы құжаттарға шығарылатын барлық нұсқалары үшін тұрақты болып қалады.

6.13.2 ContextStructure.versionNumber :: ST (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

isDocumentCharacteristic қасиеті: шынайы

Анықтамасы: Есеп нұсқасының біріздендірілген сәйкестендіргіші

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Модельдеу және әдіснама жөніндегі жұмыс тобы HL7-нің сандармен шектелетін жолда деректердің типін пайдалануды мақұлдауына қол жеткізетін болады. Осы жолдың түрін енгізу кезінде осы атрибуттың шектеулерін пайдалануға болады, осы ретте нұсқаның алдыңғы "бүтін санды" нөмірін артық көретін пайдаланушылар ЭАМ алдыңғы шығарылымандағы осы атрибутпен сәйкестігін сақтай алады.

6.14 Класс: ControlAct (classCode= CACT) (Acts)

ControlAct класының ассоциациялары:

payload::(0..1) Message::controlAct::(0..*)

queryEvent::(0..1) QueryEvent::controlAct::(1..1)

ControlAct класын жалпылау: Act

ControlAct класының Анықтамасы:

Басқа кластың, пайдаланушы оқиғасының (мысалы, сұрату) немесе жүйелік оқиғаның (мысалы, синхрондалған кіру) өзгерісін ұсынатын іс-қимыл.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл класс "триггерлік оқиға" концептіне сәйкес келеді және әрбір хабарлама алмасу орталығы ретінде қатысуы тиіс (триггерлік оқиға және хабарламалар мен алмасу арасындағы 1..1 ассоциациясы байланысты). Алайда басқарушы іс-қимыл хабарламның ақпараттық бөлігі пайда болуы мүмкін. Мысалы, осы тапсырыспен байланысты болған оқиғаларды айқындайтын зертханалық тапсырыспен

байланысты басқару іс-қимылдар жиынтығы (алдымне жасалған, сосын түзетілген, одан кейін тоқтатылған, сосын жаңартылған, сосын аяқталған.)

Мысалдары

- 1 Науқасты ауруханадан шығару (Белсендіден аяқталған жай-күйге қабылдау класы);
- 2 Дәрі-дәрмекпен емдеуді тоқтат у (Затты енгізу класы белсендіден үзілген жай-күйге дейін);
- 3 Күннің аяғында есепті жіберу (синхрондалатын оқиға).

6.15 Класс: Device (classCode= **DEV**) (*Entities заттық салада*)

Device класының қасиеттері:

Device класының атрибуттары:

manufacturerModelName	localRemoteControlStateCode	lastCalibrationTime
:: SC	:: CD	:: TS
softwareName :: SC	alertLevelCode :: CD	

Device класын жалпылау: Шығарылған өнім

Device класының Анықтамасы: Осы қызметті едәуір өзгертусіз қызметте пайданылатын Шығарылған өнім класы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Мұнда ұзақ уақыт қолданылатын (көп рет пайдаланылатын) медициналық жабдық, сондай-ақ бір рет пайдаланылатын жабдық. Құрылғының осы түрі Мән класынан алынатын кодты атрибутпен анықталады.

Device класының атрибуттары:

6.15.1 Device.manufacturerModelName :: SC (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ManufacturerModelName

Анықтамасы: Құрылғыға өндіруші берген атау.

Мысалдары – Perkin Elmer 400 индуктивтік-байланысты плазмасы бар спектрометр.

6.15.2 Device.softwareName :: SC (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: SoftwareName

Анықтамасы: Құрылғын басқаратын бағдарламалық жасақтаманың өндіруші немесе БЖ әзірлеуші берген атауы, нұсқасы және шығарылымы.

Мысалдары – Agilent Technologies Chemstation A.08.xx

6.15.3 Device.localRemoteControlStateCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: LocalRemoteControlState

Анықтамасы: Құрылғын басқару режимі.

Түсіндірмесі: Құрылғын автономды жұмыс істеу немесе басқа жүйемен бақылануы мүмкін. Басқару режимі туралы ақпарат жойылған пәрменді жіберу алдында құрылғыларға берілуі тиіс. Егер құрылғы "Жойылған" режимінде болса, сыртқы пәрмендер еленбейді.

Мысалдары – Жергілікті, қашықтықта.

6.15.4 Device.alertLevelCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: DeviceAlertLevel

Анықтамасы: Автоматтандырылған құрылғының ағымдағы функционалдық жағдайы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибуттың мәнін құрылғы анықтайды.

Мысалдары – кәдімгі, ескерту, шекті.

6.15.5 Device.lastCalibrationTime :: TS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Құрылғының соңғы рет калибрлеу күні және уақыты.

Түсіндірмесі: Құрылғыларға ерекшеліктеріне сәйкес жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін белгілі бір уақыт аралықтарында қайта мөлшерлеу талап етіледі. Мөлшерлеу арасындағы рұқсат етілетін аралық хаттамаларға байланысты. Осылайша, нәтижелердің нақтылығын қамтамасыз ету үшін соңғы мөлшерлеудің нақты күні мен уақыты өте маңызды компонент болып табылады.

6.16 Класс: **DeviceTask** (classCode= **CONTREG**) (*Acts заттық салада*)

DeviceTask класының қасиеттері:

DeviceTask класының атрибуттары:

parameterValue :: LIST<ANY>

DeviceTask класын жалпылау: Act

DeviceTask класының Анықтамасы: Автоматтандырылған жүйенің қызметі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Құрылғының міндеттері сыртқы пәрменнің көмегімен шақырылады немесе жоспарланады және ерікті түрде құрылғымен орындалады (мысалы, үнемі мөлшерлеу немесе бастапқы жай-күйіне түсіру). Міндеттің орындалу пәрменінің moodCode <= RQO атрибуты бар; орындалған міндеттің (оның ішінде орындалып жатқан міндет) moodCode <= EVN атрибуты бар; және автоматты, жоспарланған міндеттің moodCode <= APT атрибуты бар.

DeviceTask класының атрибуттары:

6.16.1 DeviceTask.parameterValue :: LIST<ANY> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Пәрменді шығарудан кейін құрылғыға жіберілетін міндеттердің параметрлері (немесе ерікті орындалатын міндеттер жоспарының конфигурациялары).

Қолданылуы бойынша шектеулер: Егер HL7 стандартында анықталған жекелеген құрылымға енгізілмейтін болса ғана, параметрлер осында анықталады.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Параметрлер құрылғымен түсіндірілетін деректердің мәндері болып табылады. Параметрлерді HL7 стандартының сәйкес деректер типіне жатқызу керек (мысалы, есептелетін мәндерге арналған кодтар, сандарға арналған REAL және INT, уақыт сәттеріне арналған TS, өлшенген сандар үшін PQ және т.с.с.). Алайда, деректер типін анықтаумен қатар, параметрдің семантикасы HL7 стандарты үшін ашық емес болып қалады.

Түсіндірмесі: Міндеттердің кейбір параметрлері жабдықтың ерекшелік моделімен анықталады. Міндеттің шекті параметрлерінің көпшілігі (мысалы, операцияларға ұшырайтын контейнер, орналастыру, синхрондау және т.с.с.) HL7 стандартталған статикалық ақпараттық құрылымында анықталады және олар үшін параметрлер тізімі пайдаланылмайды. Параметрлер тізімі стандарттауға болмайтын параметрлер үшін ғана пайдаланылады, өйткені олар жабдықтың ерекше моделі үшін бірегей анықталады. ЕСКЕРТПЕ: Бұл parameterValue атрибутының семантикасы мен түсіндірмесі ерекшелікті немесе ерекше құрылғы бойынша құжаттаманы ескере отырып анықталуы мүмкін дегенді білдіреді. Бұл мәнмәтіндік ақпарат хабарламада жіберілмейді.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Анықталатын HL7 немесе стандартталған құрылымның концептін осы жерде немесе глоссарийде анықтауға болады.

6.17 Класс: DiagnosticImage (classCode= **DGIMG**) (*Acts заттық салада*)

DiagnosticImage класының қасиеттері:

DiagnosticImage класының атрибуттары:

subjectOrientationCode :: CD

DiagnosticImage класын жалпылау: Observation

DiagnosticImage класының **Анықтамасы:** Көзбен көруге жарайтын физикалық объектіні кеңістікте көрсету түріндегі бақылау.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Басқа концептерді жоққа шығару үшін анықтамасы қайта жазылды.

DiagnosticImage класының атрибуттары:

6.17.1 DiagnosticImage.subjectOrientationCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ImagingSubjectOrientation

Анықтамасы: Визуализацияланатын объекті және үлдір немесе сезімтал элемент арасындағы кеңістіктік қатынас.

6.18 Класс: Diet (classCode= **DIET**) (*Acts*)

Diet класының қасиеттері:

Diet класының атрибуттары:

energyQuantity :: PQ carbohydrateQuantity :: PQ

Diet класыны жалпылау: Supply

Шығару туралы ақпарат:

Бұл класс 2009 жылғы тамыздағы мәжілісте келісім бойынша ЭАМ 2.28 нұсқасынан бастап HL7 жобалық модельдерінде болашақта пайдаланудан алынып тасталған болатын. Болашақта, Жеткізу класын (науқасқа не берілуі тиіс жағдайында) немесе Затты енгізу класы (науқасты нені тұтынуы тиіс болған жағдайда) пайдалану керек.

Diet класының анықтамасы: Әдетте, объектіні тамақтандыруға қатысты жеткізу процесі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Диета туралы толық ақпарат Participation.typeCode=«product» атрибуты арқылы байланысты Өнім класының сипаттамасы түрінде беріледі. Диетаның медицинамен байланысты типтері Diet.code атрибутымен көрсетілуі мүмкін, алайда жеткізілетін өнімдер және түрлі комбинациядағы тағамдар туралы толық мәліметтерді Өнім класы данасының көмегімен көрсету керек.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Енгізуде жалпылаудан алынған атрибуттар бойынша пайдалануды немесе шектеуді қалай тіркеуді келісілген жөн, мысалы, Diet.code.

Мысалдары – Глютенсіз, гипонатрийлі.

Diet класының атрибуттары:

6.18.1 Diet.energyQuantity :: PQ (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Шығару туралы ақпарат:

Бұл атрибут 2009 жылғы тамыздағы отырыста келісім бойынша оның бастапқы класымен класс алынып тасталды. Ол ЭАМ 2.28 нұсқасынан бастап HL7 жобалық модельдерінде болашақта пайдаланудан алып тасталды. Болашақта осы санды "калорияны" көрсететін сандық атрибуты бар Мазмұын қатынасымен беруге болады.

Анықтамасы: Биологиялық энергияның тәуліктік нормасы (калория).

Формалды шектеу: Бұл физикалық көлем күніне 1 ккал (немесе күніне 1 кДж) аспауы тиіс.

6.18.2 Diet.carbohydrateQuantity :: PQ (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Шығару туралы ақпарат:

Бұл атрибут 2009 жылғы тамыздағы отырыста келісім бойынша оның бастапқы класымен класс алынып тасталды. Ол ЭАМ 2.28 нұсқасынан бастап HL7 жобалық модельдерінде болашақта пайдаланудан алып тасталды. Болашақта осы санды "көмірсу" коды және мазмұнға қатысты сандық атрибуты бар Мән класымен Мазмұын қатынасының көмегімен

беруге болады.

Анықтамасы: Көмірсулардың тәуліктік нормасы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Диабеттік диетада метаболизацияланған көмірсулардың саны, әдетте, белгілі бір тәуліктік нормамен шектеледі (мысалы, күніне 240 г). Бұл шектеу carbohydrateQuantity атрибутымен көрсетілуі мүмкін.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Анықтамада өлшем бірліктері (г) болады, бірақ PQ-да шектеулер жоқ.

6.19 Класс: Document (classCode= DOC) (StructuredDocuments)

Document класының қасиеттері:

Document класының атрибуттары:

completionCode :: CD copyTime :: TS

storageCode :: CD bibliographicDesignationText :: DSET<ED>

Document класын жалпылау: ContextStructure

Document класының Анықтамасы: Құжаттарды басқару жүйелерін тән сипаттамаларды қолдайтын Іс-қимыл класының мамандандырылуы.

Құжат класының атрибуттары:

6.19.1 Document.completionCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: DocumentCompletion

Анықтамасы: Есептің аяқталу статусын көрсететін код.

Мысалдары – Аяқталмаған, куәландырылған, заңды куәландырылған.

6.19.2 Document.storageCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: DocumentStorage

Анықтамасы: Есептің сақталу статусы.

Мысалдары – Белсенді, мұрағаттық, жойылған.

6.19.3 Document.copyTime :: TS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Құжаттың өзгерістерін бақылауды қолдайтын құжаттарды басқару жүйесінен құжаттың шығарылу (яғни, көшірілуі немесе бейнелеу құрылғысына жөнелту) уақыты.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибуттың мақсаты оқырманға құжаттың қанша уақыт бойы құжаттарды басқару жүйесінің қауіпсіз мәнмәтінен тыс орналасқаны туралы түсінік беру болып табылады.

Формалды шектеу: Мән берілгеннен кейін осы атрибутты өзгертуге болмайды.

6.19.4 Document.bibliographicDesignationText :: DSET<ED> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Каталогты құжатқа сілтеме, ол оны сәйкестендіруге, орналасқан жерін анықтауға және/немесе жалпы жинақтау алуға мүмкіндік береді.

6.20 Класс: Employee (classCode= EMP) (Roles заттық салада)

Employee класының қасиеттері:

Employee класының атрибуттары:

jobCode :: CD	occupationCode :: CD	hazardExposureText :: ED
jobTitleName :: SC	salaryTypeCode :: CD	protectiveEquipmentText :: ED
jobClassCode :: CD	salaryQuantity :: MO	

Employee класын жалпылау: Role

Employee класының Анықтамасы: Ұйыммен еңбекақы немесе жалақы алумен байланысты тұлға орындайтын рөл.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Жұмыс беруші ұйым құзыреттілікті анықтаушы болып табылады. Рөлді тағайындау нақты орындалатын жұмыстың сипатын емес, қызметкердің жұмыс берушімен қатынасының түрін анықтау болып табылады (AssignedEntity қарағанда).

Employee класының атрибуттары:

6.20.1 Employee.jobCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: EmployeeJob

Анықтамасы: Жұмыс беруші айқындаған жұмыс жіктелуі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл мән негізінен төлем ведомосында пайданылады және қызметкердің жұмыс тапсырмасын, міндеттемелерін және артықшылықтарын көрсету міндетті емес.

Мысалдары – бухгалтер, программист-аналитик, санитар, мейіргер.

6.20.2 Employee.jobTitleName :: SC (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: JobTitleName

Анықтамасы: Еңбек функциясын орындаумен байланысты лауазым.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл қызметкер қызметінің жергілікті атауы, оның кәсіп жіктеуішінің қандай да бір схемасына сәйкес келуі міндетті емес. Кодты стандартты қажет ететін сауда әріптестері Қызметкер класының "кәсіп" атрибутын пайдалануы керек.

Мысалдары – вице-президент, аға техникалық аналитик.

6.20.3 Employee.jobClassCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: EmployeeJobClass

Анықтамасы: Жұмыстың жиілігі немесе мерзімділігі.

Мысалдары – Мысалдары: толық, ішінара жұмыс.

6.20.4 Employee.occupationCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: EmployeeOccupationCode

Анықтамасы: Танылған салалық немесе ведомстволық стандарт негізінде жұмыс түрінің жіктеуішін айқындайтын мән.

6.20.5 Employee.salaryTypeCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: EmployeeSalaryType

Анықтамасы: Жұмыс беруші қызметкердің жалақысын немесе еңбекақысын есептеу үшін пайдаланатын әдісті білдіретін мән.

Мысалдары – Сағат бойынша, жылдық, сыйақы.

6.20.6 Employee.salaryQuantity :: MO (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Қызметкерге еңбекақы немесе жалақы түрінде төленетін сома.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы соманы salaryTypeCode атрибутында көрсетілген есептеу әдісіне сәйкес анықтау керек (мысалы, егер salaryTypeCode атрибутының "сағат бойынша" мәні болса, salaryQuantity атрибуты сағат бойынша еңбекақыны анықтайды).

6.20.7 Employee.hazardExposureText :: ED (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Қызметкер жұмыс беруші үшін орындайтын жұмыспен байланысты қауіп.

Мысалдары – Асбест, жұқпа қоздырғыштары.

6.20.8 Employee.protectiveEquipmentText :: ED (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Қызметкер жұмыс беруші үшін орындайтын жұмысқа қажетті қорғаныш құралдары.

Мысалдары – Қорғаныш көзілдіріктері, қорғаныш каска.

6.21 Класс: Entity (classCode= ENT) (Entities)

Entity класының қасиеттері:

Entity класының атрибуттары:

classCode :: CS	quantity :: PQ	existenceTime:: IVL<TS>
determinerCode :: CS	name:: COLL<EN>	telecom :: COLL<TEL>
id :: DSET<II>	desc :: ED	riskCode :: DSET<CD>
code :: CD	statusCode :: CS	handlingCode::DSET<CD>

Entity класының ассоциациялары:

communicationFunction::(0..*) CommunicationFunction::**entity::(1..*)**
languageCommunication::(0..*) LanguageCommunication::**entity::(1..1)**
playedRole::(0..*) Role::**player::(0..1)**
scopedRole::(0..*) Role::**scoper::(0..1)**

Entity класын жалпылау: InfrastructureRoot

Entity класының мамандандырылуы:

EntityHeir	Material	Place
LivingSubject	Organization	

Entity класы үшін соңғы автомат

Entity класының Анықтамасы: Іс-қимылдарда белгілі бір рөлмен қатыса алатын нақты зат, нақты заттар тобы немесе ұйым.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Мән қолданыстағы, қолданылған немесе қолданылатын нақты объекті болып табылады. Осы ереженің бір ерекшелігі Ұйым класы болып табылады, дегенмен нақты қатысуы болмаса да, Мән класының басқа да сипаттамаларына ие. Мән класы ол ойнауы мүмкін рөлді емес, заттың өзін анықтайды: науқастың рөлі, мыслы, Мән пәндік саласының Тұлға класы атқарады.

Мысалдары – Тірі субъектілер (оның ішінде адамдар), ұйымдар, заттар, орындар және олардың мамандандырылуы.

Entity класының атрибуттары:

6.21.1 Entity.classCode :: CS (1..1) Mandatory

Сәйкестік қасиеті: R

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: EntityClass

Анықтамасы: Мән класының данасы тиесілі Мәндердің негізгі класы.

Түсіндірмесі: Әлемдегі барлық нақты объектілерді білдіретін код жинағының әлеуметті мәнінің көп санына байланысты, қатаркоды тиісті мәнмәтіндегі Мән класы данасын орналастыруға арналған жоғары деңгейдегі жіктеуіш болып табылады, ол одан кейін Entity.code атрибуты үшін мәндердің тиісті саласын шектейді.

Мысалдары – Тұлға, жануар, химиялық зат, топ, ұйым.

6.21.2 Entity.determinerCode :: CS (1..1) Mandatory

Сәйкестік қасиеті: R

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: EntityDeterminer

Анықтамасы: Мән класының объектісі жалпыны (TYP) немесе жекені (ДАНА) білдіретіндігін анықтайтын код.

Түсіндірмесі: Кейде Мән класының объектісі ерекшелік данаға (көбінесе) немесе Мән класы жалпы типіне қатысты ақпаратты білдіруі мүмкін.

Мысалдары – Бір адам (дана) немесе Индианаполис азаматтары (түр).

6.21.3 Entity.id :: DSET<II> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Мән класының бірегей сәйкестендіргіші.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар:

Дана сәйкестендіргіші жіктеуіш емес, бірегей сәйкестендіргіш болып табылады. Өнімдер класы жағдайында, нақты өндірушілерге берілген сериялық нөмірер, нақты дистрибьюторлардың каталог нөмірлері немесе иеленушілердің түгендеу нөмірлері Role.id атрибутымен көрсетілгенін дұрыс, ол фактінің нақты көрсетуге мүмкіндік береді, мұндай код осы өніммен байланысты нақты тараптан беріледі.

Түсіндірмесі: Сәтті ақпарат алмасу үшін іс-қимылға бір сәйкестендіргіш белгілеу ғана талап етіледі. Алайда, түрлі жүйелер түрлі деректер базасын қолдайтындықтан, түрлі жүйелер түрлі дана сәйкестендіргіштерін беруі мүмкін.

6.21.4 Entity.code :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: EntityCode

Анықтамасы: Мән класының данасы тиесілі Мән класының айрықша түрі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Әрбір Мән класы үшін осы атрибуттың мәні Entity.classCode атрибуты ұсынатын бірнеше код жүйелерінің бірінен алынады, мыалы тірі объекті (жануарлар мен өсімдіктердің жүйеленуі), химиялық зат (мысалы, IUPAC коды), ұйым (мысалы, балаларға медициналық көмек берушінің нөмірі) және т.с.с. Entity.code атрибутының нақтылығы соншалықты, ол бір дана ұсынады. Концептер сөздігі ретінде модельденген CDC вакцинасын өндірушінің коды (Сырқаттанушылықты бақылау орталығы) мысал бола алады, бұл ретте шындығында, әрбір концепт бір данаға жатады. Кодтар мен сәйкестендіргіштердің ажырататын шекті жағдайлар белгісіз болып табылады: бұл ерекшеліктің белгілі бір икемділік үлесі бар.

Мысалдары – Медициналық ғимарат, доberman пинчер, қан алуға арналған пробирка, тіндік биопсия.

6.21.5 Entity.quantity :: PQ (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Мән класының объектісімен ұсынылған нақты заттың санын айқындайтын немесе топ мүшелерінің саны түріндегі немесе басқа да физикалық шама түріндегі физикалық шама. Бұл атрибут жалпы алғанда Мәннің немесе оның бөліктерінің әлеуетті Қатысуына қатыссыз Мәннің санын сипаттайды. Ұқсас мәндер тобын сәйкестендіру үшін статикалық модельдің құрылымы осы атрибуттің PQ деректер типін бүтін санды мәндермен (INT) шектеуі, сол арқылы топтағы мәндерді санауды қамтамасыз етуі тиіс.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Санның өлшем бірлігі егер олар көрсетілген жағдайда Entity.code және Material.formCode атрибуттары үшін маңызды болуы тиіс. Мысалы, «10 см түтік» бұл қалыпты, сонымен класс «10 см сиыр» қалыпты емес.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Мәндер санының атрибутын нақты айқындалатын Мәндер (мысалы, №XP27-35 сыра бөшкесінің ішіндегісі) ниемесе сан мән сипаттамасының ажырамасы бөлігі болған (мысалы, фосгеннің айрықша үлесі) жағдайларда ғана пайдаланылуы тиіс.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Сол сияқты Тұлғаның аты немесе жынысы өзгеруі мүмкін, кез келген мәннің саны да өзгертуге жатады. Өнімдер мен ыдыссық тірі объектілер жағдайында саны біртіндеп азаюы мүмкін немесе мұндай Мән Мәннің бір түрінің аз санына бөлінуі мүмкін (мысалы, зертханадағы аликвотирлеу немесе өнімдердің партиясын аз санмен тарату). Бір санды аз санға бөлу жағдайында Мәннің бастапқы данасының көп саны қолданылуын тоқтатуы мүмкін, алайда аз бөліктері көп сандағы бастапқы Мәнде шығарылуы мүмкін (үлгі аликвотасы үшін науқас немесе вакцина үшін партия).

Entity.quantity атрибутын анықтау көбінесе талап етілмейді, өткені санын басқа Мәнге (Role.quantity), қатысуға (Participation.quantity) қатынасы түрінде, сондай-ақ мұндай Мәнді тұтынатын немесе өндіретін Іс-қимылдар түрінде айқындалуы мүмкін (мысалы, SubstanceAdministration.doseQuantity, Supply.quantity).

Мысалдары – 1 адам, 2 мысық, 500 сиыр, 20 мл қан, 1 кг ашытқы, 154 ммоль натрий хлориді.

Формалды шектеу: Сан барлығын қамтитын шама, яғни есептелен сан немесе аддитивтік шама болуы тиіс, мысалы, масса (1 кг), көлем (1 л), заттың мөлшері (1 моль) немесе шаманы сипаттауға жарамды санның басқа да түрі (катализдік белсенділік).

6.21.6 Entity.name :: COLL<EN> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Бірегей емес мәтіндік сәйкестендіргіш немесе Мән моникері.

Түсіндірмесі: Мәндердің көпшілігінің жалпы қолданыстаға атауы бар, оларды басқа Мәндерден айыру үшін пайдаланылуы мүмкін, бірақ бірегей сәйкестендіргіш болуы міндетті емес.

Мысалдары – Жалқы есімдер, лақап ат, тұлғаның, орынның немесе заттың ресми аты (атауы).

6.21.7 Entity.desc :: ED (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Мәннің мәтіндік немесе мультимедиялық бейнесі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Сипаттаманың мазмұны компьютерлік жүйелер арасында алмасатын функционалды ақпараттың бөлігі болып есептелмейді. Сипаттама мүдделі тұлғаларға көрсетуге арналған. Автоматтандырылған функцияларға қатысты барлық ақпарат тиісті атрибуттардың немесе олармен байланыты объектілердің көмегімен берілуі тиіс.

Түсіндірмесі: Мәндердің атаулары мен сипаттамалары, әдетте, сандық, мнемоникалық немесе қысқартылған код мәндеріне қарағанда адамдарға түсінікті болып табылады. Сипаттама хабарламалардың функционалдық компоненттеріңн қозғамастан, мән туралы қосымша мәнмәтіндік ақпаратты беруге мүмкіндік береді.

6.21.8 Entity.statusCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: EntityState

Анықтамасы: Мәнмен байланысты ақпарат осы сәтте іс-қимылдарға қатысу мақсаты үшін белсенді немесе белсенді емес екендігін көрсететін мән.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар:

Бұл атрибут бастапқы ЭАМ-да соңғы автоматтардағы енгізілген жай-күйдің қатысумен байланысты қайталанатын ретінде анықталды. Алайда нақты практикада бірден артық жай-күйдің мәнін беруге ешқашан мүмкіндік жоқ. Сондықтан, комитеттер осы атрибуттың барынша реттілігін хабарламалардың барлық конструкцияларында шектеуді ұсынады.

6.21.9 Entity.existenceTime :: IVL<TS> (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Мәннің физикалық қолданылу кезеңін айқындайтын уақыт аралығы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Физикалық мәннің белгілі қолданылу кезеңдері бар. Жабдық өндіріледі, пайдалануға енгізіледі,

пайдаланудан алынады және пайдаға асырылады. Бұл атрибут жоспарлауға, қолжетімділікті талдауға және ретроспективтік талдауға қажет. Бұл кезең өткен, қазіргі немесе болашақ уақыт кезеңін білдіруі мүмкін.

Мысалдары – дайындалған күні / пайдаланудан шығару күні.

6.21.10 Entity.telecom :: COLL<TEL> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Мәннің телекоммуникациялық мекенжайы.

6.21.11 Entity.riskCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: EntityRisk

Анықтамасы: Мәнмен байланысты қауіптің немесе қатердің типі.

Мысалдары – Мұнай-химия немесе органикалық заттар оңай жанатын заттар болып табылады, олар белгілі бір жағдайларда өрттің жоғары қаупін төндіреді. Жасанды немесе енгізілген радиоактивті сипаты бар мәндер олармен жұмыс істейтіндерге қауіп төндіреді. Науқас адамдардың үлгілері кіретін мәндер олармен жұмыс істейтіндер үшін жоғары жұқтыру қаупін төндіреді. Ашуланшақ мінезді адамдар немесе жануарлар медициналық персонал үшін қауіп төндіреді.

6.21.12 Entity.handlingCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: EntityHandling

Анықтамасы: Мәнмен жұмыс істеудің арнайы ережелерін ұсынатын мән.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибут талап етілетін арнайы жұмыстың сипаттамасы үшін пайдаланылады.

Мысалдары – бөлме температурасында сақтау; минус температурада мұздатылған күйінде сақтау; құрғақ жағдайларда сақтау; тік қалпында сақтау.

6.21.13 Мән класына арналған соңғы автомат (жай-күй атрибуты statusCode болып табылады)

Осы класқа арналған жай-күй диграммасына сілтеме.

Мән класының жай-күйі:

– **белсенді** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Мән қазіргі уақытта белсенді болып табылатындығы туралы фактіні білдіретін жай-күй.

– **белсенді емес** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Мән енді оқиғаның белсенді қатысушысы бола алмайтынын білдіретін жай-күй.

– **кәдімгі:**»типтік» жай-күй. «Күшін жою» жай-күйін жоққа шығарады, ол қате жасалған Мән данасының аяқталу жай-күйін білдіреді

– **күшін жою:** Қате жасалған нақты данасының аяқталуын білдіретін жай-күй.

Entity класы жай-күйінің ауысуы:

- деактивациялау (*белсендіден белсенді емеске*)
- түзету (*белсендіден белсендіге*)
- жаңарту (*белсенді еместен белсендіге дейін*)
- түзету (*белсенді еместен белсенді емеске*)
- күшін жою (*кәдімгіден күші жойылғанға дейін*)
- жасау (*нөлден белсендіге дейін*)

6.22 Класс: EntityHeir (абстрактілі) (CoreInfrastructure)

EntityHeir класын жалпылау: Entity

EntityHeir класының анықтамасы: Тек қана шешім ретінде айқындалатын, жалпылау қатынасының қолданыстағы құралдар жинағымен рефлексивтік тұйықталуының болмауы (яғни, «Entity мәні Entity болып табылады») проблемасын айналып өтуге мүмкіндік беретін Entity класының төменгі типі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Ол өзге жағдайларда ЭАМ төменгі кластарына бөлінбейтін EntityHeir кластарын ұсыну үшін пайдаланылса да, "Іс-қимылды қолданушы" класын пайдалану толығымен белгілі бір құралдардың және HL7 әдіснамасындағы деректер құрылымының кемшіліктерімен еріксіз қабылдайды және оның ешқайнда тұжырымдамалық мәні немесе семантикалық модельдеу мәні жоқ. Назар аударыңыз, ActHeir және RoleHeir кластары да сәйкесінше Act және Role кластары үшін сондай қолданыста болады.

Түсіндірмесі: кластар жиынтығы үшін хабарламалардың иерархиялық құрылымын (HMD) анықтауды таңдау құрылымын жасау мүмкін еместігі анықталды, олардың әрқайсысы «Act», «Role» немесе «Entity» кластарының төменгі типтері болып табылады, бірақ олар үшін белгілі бір физикалық класс жоқ. ЭАМ-да бұл кластар ешқандай біріздендірілген атрибуттары немесе ассоциацияларының болмауы фактісін қоспағанда, «Act», «Role» және «Entity» тікелей буындары (қолданушылары) болатын еді.

Осы бірден бір бос класты әрбір иерархияға енгізу тиісті және қажетті таңдау құрылымы бар хабарламалар жасауға мүмкіндік береді. Әдіснаманың

және инструменталды құралдардың кейінгі эволюциясы осы класты эквивалентті абстракциямен алмастыруға мүмкіндік береді.

Мысалдары – Мәнмәтіндік-байланысты модель (RMIM) EnvironmentalEntity кластарының мамандандырылған Мәні және Тірі объектісі бар, мұнда EnvironmentalEntity Мән класының тікелей мамандандырылуы («клоны») болып табылады. Бұл жағдайда Мәнді қолданушы класы Мән класына қарағанда EnvironmentalEntity клонының негізі ретінде пайдаланылады. Мән класы бұл жерде Бақылау және EnvironmentalEntity кластарының ортақ жалпылауын ұсыну үшін ғана пайдаланылады.

6.23 Класс: Exposure (classCode= EXPOS) (Acts заттық салада)

Exposure класының қасиеттері:

Exposure класының атрибуттары:

routeCode :: CD exposureLevel :: CD exposureModeCode :: CD

Exposure класын жалпылау: Act

Exposure класының Анықтамасы: Ықпалдың бастапқы мәнісінен физикалық, химиялық немесе биологиялық заттарды ықпалдың нысанлы мәніне жіберу мүмкіндігін қамтамасыз ететін мәндер арасындағы өзара әрекеттестік.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл класс ықпал нәтижесімен ғана емес, мүмкіндікпен ғана байланысты; яғни ықпалға ұшырайтын тараптардың барлығы бірдей нақты теріс немесе оң ықпалға ұшырай бермейді.

Exposure класы SubstanceAdministration класынан орындаушының іс-қимылға қатыспауымен ерекшеленеді.

Келесі қатысу түрлі ерекше мәндер үшін келесі қатысумен пайдаланылуы ТИІС:

а) Ықпалға ұшырайтын мән «ықпал ету объектісі» қатысуы арқылы қатысады (EXPTRGT).

б) Ықпалмен берілетін затты тасымалдайтын мән «ықпал ету көзі» қатысуы арқылы қатысады (EXSRC). Мысалы:

– жұқпалы ауруға шалдыққан адам немесе жануар және басқа адаммен (EXSRC) немесе жануармен (EXPTRGT) ауру туғызатын затты беру арқылы өзара әрекеттеседі;

– осы ортаның қатысуымен ықпалға ұшырайтын орын немесе басқа орта (EXPTRGT) және адам немесе жануар (EXPTRGT).

в) Қатысушы мән заттың көзі (EXSRC), немесе тарату объектісі (EXPTRGT) екені белгісіз болған кезде, "байланыс қатысушысы" (EXPART) пайдаланылады.

г) Ықпалға қатысатын физикалық (оның ішінде энергия), химиялық немесе биологиялық зат "ықпал ету заты" қатысуын пайдаланады (EXPAGNT). Кем дегенде үш сценарий бар:

– EXPAGNT ретінде қатысатын Рөл атқарушы Рөл мәнімен араластырылған немесе тасымалданатын (мысалы, ингредиенттің рөлі) химиялық немесе биологиялық зат болып табылады; немесе

– EXPAGNT ретінде қатысатын Рөл атқарушы қызығушылық туғызатын химиялық, радиоактивті немесе биологиялық заттың мөлшері белгілі қоспа болып табылады; немесе

– EXPAGNT ретінде қатысатын Рөл атқарушы осы затты тасымалдаушы ретінде белгілі (яғни, атқарушы фомит, вектор және т.с.с. болып табылады).

Exposure.statusCode атрибутын ықпалдың клиникалық ахуалы емес (мысалы, ықтимал, расталған), Ықпал объектісінің жағдайы (мысалы, белсенді, тоқтатылған, аяқталған) ретінде түсіндірген жөн. Ықпалдың клиникалық жай-күйін объектіні бақылау нәтижелері арқылы ықпалмен байланыстыру керек.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Қолдану жөніндегі нұсқаулар іс-қимылдың ықпал немесе затты енгізу - зиянды әлеует, нақты жіберуге сенімсіздік немесе керісінше болып табылатындығын анықтау үшін нақты өлшемшартты талап етеді. SBADM өлшемшарт орындаушының қатысуы болып табылады деп тұжырымдайды - бір төменде осы өлшемшартқа күмән келтіретін мысалдар бар (мысалы, біріншісі дозалау қателіген қатысты).

Мысалдары – Келесі мысалдар қандай өзара әрекеттесу Іс-қимыл типтері емес, ықпал болып есептелетіндігін көрсету үшін келтірілген.

1 Науқас дозалау қателігі нәтижесінде дәрінің ұсынылған дозасынан үш есе көп кездейсоқ қабылдап қояды.

Бұл затты енгізу. Сондай-ақ денсаулық сақтау және/немесе қауіпсіздік органдары осы жағдайды тиісті ықпалдың көмегімен тіркеуге мүдделі болуы мүмкін.

2 Науқасқа кездейсоқ қате дәріні бе(мысалы, кломипрамин орнына кломифен). Ол қатені анықтау алдында бірнеше дозасын қабылдаған. Сәйкесінше, олар дәрінің ықпалына ұшырады, оны қабылдау үшін ешқандай емдеу көрсеткіші болмаған.

Осы мысалда затты бірнеше енгізу. Сондай-ақ денсаулық сақтау және/немесе қауіпсіздік органдары осы жағдайды тиісті ықпалдың көмегімен тіркеуге мүдделі болуы мүмкін.

3 Толық палатада науқас лимфома кезінде химия терапия алады. Өкінішке орай, көктамыр ішінде тамшылатып енгізуге арналған дәрісі бар пакет жарылады және цитотоксикалық препарат емделетін науқасқа және көршілес кереуеттегі науқасқа шашырайды.

Осы мысалда затты үш рет енгізу. Біріншісі тиісті (айқын емес) ықпалмен әдейі істелген (көктамыр ішінде тамшылатып енгізу) болып табылады. Тиісті затты препараттың науқасқа тиюіне байланысты енгізу оқиғасы, сондай-ақ тиісті ықпал бар. Оған қоса, бұл оқиға препараттың көрші науқасқа тиюіне байланысты, тиісті ықпалмен затты енгізуді қамтиды.

4 Соғыс ауыртпалығын көрген африка елдерінен келген босқын науқас қала орталығындағы жедел жәрдемнің лық толған бөлімшесіне қан аралас қақырығы бар жөтелмен келеді. Тіркеу және іріктеу рәсімдерін білмей, ол бірнеше сағат бойы, оның тіркелмегенін байқамағанша, қабылдау бөлімінде отырады. Тіркеуден кейін бірден оның туберкулезбен ауыратындығы туралы күмән пайда болады. Осы науқаспен бірге қабылдау бөлімінде бірге отырған әлсіз (иммуносупрессивтік) науқастар туберкулез бациллаларының ықпалына ұшырауы мүмкін және оларға тексеру тағайындалуы тиіс.

Бұл босқынды және осы уақыт кезеңінде қабылдау бөлімінде отырғандардың барлығын қамтитын ықпал (немесе ықпалдар жиыны болуы мүмкін). Сондай-ақ бірнеше ықтимал жолдар бойынша белгілі немесе болжанған заттарды енгізу (жөтел) болуы мүмкін. Бұл заттарды енгізу қосымша талдаулармен расталғанға дейін гипотеза болып табылады.

5 Жамбас буынын тоталды эндопротездеу операциясына ұшыраған науқастың операциядан кейінгі жараның орнына МРЗС инфекциясының түсуіне байланысты ауруханада болуын мерзімін ұзартты.

Бұл МРЗС ықпалына ұшырау. Дегенмен затты енгізу болса да, МРЗС-тың жараға енгізілуінің нақты тетігі анықталған жоқ.

6 Жергілікті ауруханада рентген аппараттарын жоспарлы техникалық қызмет көрсету барысында аппараттардың біреуінде сәуледен қорғаудың ауыр бұзылғаны анықталды. Өткен айда осы аппараттың көмегімен тексеруден өткен науқастар рентген сәулелерінің болжанғаннан едәуір көбірек дозасына ұшырады және ықтимал қолайсыз ықпалды анықтау үшін тексеруден өтуі тиіс.

Өткен 30 күнде аппаратты пайдаланған әр науқасқа ықпал болды. Кейбір науқастарға заттар енгізілуі мүмкін.

7 Шағын аурухананың кір жуатын орнына жаңа персоналды қабылдайды және детергенттерді қосу жөніндегі нұсқаулықты дұрыс оқымау аурухананың төсек жаймасына әдеттегідей елу есе көп жуғыш заттардың қосылуына әкеп соғады. Нәтижесінде, "таза" төсек жаймасын пайдаланған бірнеше науқас детергенттердің өте жоғары деңгейдегі ықпалына ұшырады, бұл оларды дерматологиялық реакцияларды туғызды.

Бірнеше науқасқа бірнеше реттік ықпалмен оқиға болды. Науқастардың терісіне детергентті жағуды қамтитын заттарды енгізу болса да, заттарды енгізу тікелей тіркелмейтін болады деп күтілуде.

8 Егде жастағы есі ауысқан адамдарға арналған емдеу мекемесінің жеті пациентінде тыныс алумен қиындықтар туындады. Бірнеше ай түрлі талдаулар жүргізіп, осы пациенттерге түрлі дәрілерді тағайындаудан кейін проблема осы пациенттер жататын палатаның қабырға сылағындағы жаңа фунгицидке олардың "сезімталдығы" болып шықты.

Пациенттер үнеміс осы фунгицидтің ықпалына ұшыраған. Дегенмен затты тұрақты енгізу болса да (тыныс алу арқылы), әдетте, бұл затты енгізу ретінде тіркелетін болады.

9 Тізе остеоартритіне шалдыққан пациент ауырсынуды басу үшін тәулігіне төрт ретке дейін 1 г парацетамолды (ацетаминофенді) қабылдау арқылы ауырсынуды басу жолымен симптоматикалық емделеді. Оның дәрігері пациенттің 20 жыл бұрын (колледжде оқып жүргенде) ауыр алкогольге тәуелділік проблемасы болғанын және енді оның толық бақылауымен болса да, оның бауыры қатты зардап шегуде, оны парацетамолдың уытты ықпалына сезімтал ететіндігін түсінбейді. Осы жылы пациент сары аурудың айқын деңгейімен оралады. Парацетамолды дереу алып тастайды және тіздегі ауырсынуды басу үшін балама шешімдерді іздейді. Сары ауру консервативтік емдеудің көмегімен біртіндеп кетеді, бірақ консультация және бақылау үшін гастроэнтерологқа жіберу талап етіледі.

Тиісті ықпалмен затты енгізу орын алған. Ықпал элементі бауыр функциясы бұзылған пациент үшін заттың салыстырмалы түрде уыттылық деңгейіне негізделеді.

10 Пациент жергілікті ауруханадан жедел аппендэктомиядан соң он күн бұрын шығарғаннан кейін құрсақ қуысындағы ауырсынуға шағымданып, дәрігерге келеді. Дәрігер айрықша нашар ештеңе таппайды және операциядан кейінгі ауырсыну кетеді деп болжайды. Пациент екі аптадан кейін қайта оралады, дәрігер әрі қарай ауырсынуды басу тағайындайды, бірақ амбулаториялық операциядан кейін тексеру тағайындауға шешім қабылдайды. Осы ретте амбулаториялық операциядан кейін тексеру кезінде ордиантор ультрадыбыстық тексеру тағайындауға шешім қабылдайды, оны жүргізгеннен кейін үш аптадан соң шағын, эзер байқалатын түсініксіз масса анықталады. Одан кейін бір реттік ем-шара ретінде лапароскопия жүргізіледі және пациенттің құрсақ қуысынан хирургиялық тампонның кесегі алынады. Бақытына орай, одан кейін толық сауығады.

Бұл операцияның салдары. Сондай-ақ мұны Оқиға ретінде тіркеуге болады.

11 Пациент жергілікті аурухананың кардиологиялық бөлімшесіндегі кардиостимуляторда батареяны тұрақты ауыстыру үшін біраз кешігіп қалады. Ол екінші қабаттың дәлізімен асығып барады. Осы ауданда жақында кенеттен жазғы дауыл өтіп, жаңбыр дәліздің ашық терезесінен өтіп, дәліздің еденінде шалшық қалады. Пациент асығыс шалшыққа тайғанап, сәтсіз құлайды, оны реанимациялық бөлімшеге жеткізуге тура келеді, онда тексеруден кейін ол сол жақ тізесінде ашық буынын аздап жыртып алғаны анықталады. Бұл ықпал емес. Бұл оқиға болатын.

Exposure класының атрибуттары:

6.23.1 Exposure.routeCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: RouteOfAdministration

Анықтамасы: Физиологиялық жол немесе затты объектінің ішіне немесе оған енгізу тәсілі

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Егер тәсіл қосымша сипаттаманы талап етсе, тиісті Затты енгізу класынан енгізу орны (administrationSiteCode) және енгізу әдісі (methodCode) атрибуттары пайдаланылуы мүмкін. Мысалы, егер routeCode атрибутының "көктамыр ішіне" немесе "бұлшықет ішіне" мәні болса, нақты жерді approachSiteCode атрибутының көмегімен (мысалы, оң жақ білек немесе сол жақ дельта тәрізді бұлшықет, сәйкесінше) және нақты енгізу әдісін methodCode (мысалы, баяу больстік инъекция немесе Z-тәрізді инъекция, сәйкесінше) атрибутының көмегімен көрсету қажеттілігі туындауы мүмкін. Енгізу тәсілі, орны (administrationSiteCode), енгізу әдісі (methodCode) және енгізу үшін пайдаланылатын құралы тығыз байланысты. Барлық төртеуі (егер болса) мұқият үйлестірілуі және келісілуі тиіс. Кейбір жағдайларда бір элементті анықтау үшін пайдаланылатын кодты жүйе бір немесе одан да көп басқа элементтерді алдын ала келістіруі мүмкін.

Зат табиғи жеріне немесе орнына жеткізілген кезде, осы атрибут оның ауданындағы орынды көрсетеді.

Мысалдары – Оралды, ректалды, көктамыр ішіне.

6.23.2 Exposure.exposureLevel :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActExposureLevelCode

Анықтамасы: Себеп агентінің ықпалға ұшырау дәрежесінің сапалық шамасы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибут нысаналы объектіге қолдануға қолжетімді болған мөлшер заттың типтік немесе шекті деңгейінен қалай ерекшеленетінін сипаттайды.

Мысалдары – төмен, орташа, жоғары

6.23.3 Exposure.exposureModeCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ExposureMode

Анықтамасы: Осы ықпалға қатыстырылған қатысушылар оның көмегімен ықпал агентімен алмасқан немесе алмасуы мүмкін тәсіл.

Мысалдары – Тікелей жанасу, ауа-тамшы, алиментарлық

6.24 Класс: FinancialContract (classCode= FCNTRCT) (Acts)

FinancialContract класының қасиеттері:

FinancialContract класының атрибуттары:

paymentTermsCode :: CD

FinancialContract класын жалпылау: Act

FinancialContract класының Анықтамасы: Құны ақшалай өлшенетін келісімшарт.

Мысалдары – Сақтандыру, сатып алу шарты.

FinancialContract класының атрибуттары:

6.24.1 FinancialContract.paymentTermsCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: PaymentTerms

Анықтамасы: Келісімшарт келісімінің немесе міндеттеменің төлем шарттары

Мысалдары – 30 күннен кейін, жүкқұжатты алғаннан кейін, қызмет көрсету аяқталғаннан кейін

6.25 Класс: FinancialTransaction (classCode= **XACT**) (*Acts* заттық салада)

FinancialTransaction класының қасиеттері:

FinancialTransaction класының атрибуттары:

amt::MO	creditExchangeRateQuantity::	debitExchangeRateQuantity
	REAL	:: REAL

FinancialTransaction класын жалпылау: Act

FinancialTransaction класының анықтамасы: Екі шоттың арасында ақша сомасының қозғалысын білдіретін іс-қимыл.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Қаржылық транзакциялар үнемі екі шоттың (дебет және кредит) арасында жүреді, бірақ бір немесе екі шот та контейнерлік модельді білдіруі немесе қолданылуы мүмкін. Тапсырыстың модалдығында бұл транзакция сұратуын білдіреді. Оқиға модалдығында бұл шотта транзакция жүргізуді білдіреді.

Мысалдары – Қызметтің құны, қызметке алынатын комиссия, шот төлемі.

FinancialTransaction класының атрибуттары:

6.25.1 FinancialTransaction.amt :: MO (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Бір шоттан (мысалы, кредиттік шот) басқа шотқа (мысалы, дебеттік шот) аударылуы тиіс ақшалай сома.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Егер соманың валютасы дебеттік немесе кредиттік шоттың валютасынан ерекшеленетін болса, онда тиісті айырбастау курсы көрсету керек.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Әдетте, журналдағы жазба дебеттік және кредиттік шотты көрсетеді, сондай-ақ транзакцияға мәтіндік түсіндірме береді. Егер дебеттік және кредиттік шоттар қалай көрсетілетінін немесе транзакцияларға қалай түсініктеме берілетінін айқындайтын басқа құжаттар болса, осы құжаттарды Қолданылуы жөніндегі нұсқаулар атап өту керек.

6.25.2 FinancialTransaction.creditExchangeRateQuantity :: REAL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Кредиттелетін шоттың валютасын транзакцияның таза сомасының валютасына аудару үшін айырбастау курсы көрсететін ондық сан.

Мысалдары – Құны мексикандық песомен көрсетілен қызметтерді канадалық доллар шотынан төленетін АҚШ долларына сатып алу үшін айырбастау коэффициенті «у (USD) * r = x (CAD)» формуласында «г» шынайы санымен көрсетілетін болады.

6.25.3 FinancialTransaction.debitExchangeRateQuantity :: REAL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Дебеттелетін шоттың валютасын транзакцияның таза сомасының валютасына аудару үшін айырбастау курсы көрсететін ондық сан.

Мысалдары – Құны мексикандық песомен көрсетілен қызметтерді канадалық доллар шотынан төленетін АҚШ долларына сатып алу үшін айырбастау коэффициенті «у (USD) * r = x (MXP)» формуласында «г» шынайы санымен көрсетілетін болады.

6.26 Класс: InfrastructureRoot (Abstract) (CoreInfrastructure)

InfrastructureRoot класының қасиеттері:

InfrastructureRoot класының атрибуттары:

nullFlavor :: CS typeId :: II
 realmCode :: DSET<CS> templateId::LIST<II>

InfrastructureRoot класының мамандандырылуы:

Acknowledgement	CommunicationFunction	Role
AcknowledgementDetail	Entity	RoleLink
Act	LanguageCommunication	SortControl
ActRelationship	Parameter	Transmission
Attachment	Participation	TransmissionRelationship
AttentionLine	QueryEvent	

InfrastructureRoot класының анықтамасы: ЭАМ барлық кластарының тікелей немесе қолданысқа алу арқылы абстракттілі супертипі

Қолданылуы бойынша шектеулер: Әдетте, осы кластың атрибуттарында берілетін шектеулердің жариялау ЭАМ класы немесе оның HL7 коммуникациясындағы туынды клондардың бірі қандай инстанцияланса да жүргізілуі мүмкін. Осылайша, атрибуттар ЭАМ барлық кластарында және клондарында қолжетімді болуы ТИІС.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Инфрақұрылым негізі класы HL7 айқындайтын және ЭАМ коммуникацияларға негізделген даналарда пайдаланылуы мүмкін коммуникациялық инфрақұрылым атрибуттарының жинағын білдіреді. Коммуникация данасында мән беру жағдайында, осы атрибуттар осы ақпараттық құрылым арнайы айқындалған шаблондармен, салалармен немесе коммуникация элементтерінің ортақ түрлерімен шектелуін көрсетеді.

InfrastructureRoot класының атрибуттары:

6.26.1 InfrastructureRoot.nullFlavor :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: NullFlavor

Анықтамасы: Бұл атрибут осы кластың нөлдік болып табылатындығы, оның ішінде болжанған нөлдік нысанды көрсетеді.

6.26.2 InfrastructureRoot.realmCode :: DSET<CS> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: Realm

Анықтамасы: Терминологиялық сала квалификаторы, ол HL7 стандарты қолданылатын географиялық, ұйымдастырушылық немесе саяси орталарға сәйкес кодты атрибуттардың терминологиялық саласын мамандандыруға мүмкіндік береді.

6.26.3 InfrastructureRoot.typeId :: II (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы артефактқа шектеу қоятын HL7 статикалық құрылымының бірегей сәйкестендіргіші.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл ортадағы (хабаламалар алмасы) жалпы тип (сондай-ақ СМЕТ ретінде белгілі (хабарламалар элементінің жалпы типі) немесе мазмұн болуы мүмкін.

6.26.4 InfrastructureRoot.templateId :: LIST<II> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы артефактқа шектеу қоятын шаблонның бірегей сәйкестендіргіші.

6.27 Класс: InvoiceElement (classCode= INVE) (Acts заттық салада)

InvoiceElement класының қасиеттері:

InvoiceElement класының атрибуттары:

modifierCode::	unitPriceAmt::	
DSET<CD>	RTO<MO,PQ>	factorNumber:: REAL
unitQuantity::		
RTO<PQ,PQ>	netAmt :: MO	pointsNumber:: REAL

InvoiceElement класын жалпылау: Act

InvoiceElement класының анықтамасы: Берешек сомасының үзінді көшірмесі және түсіндірмесі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл шоттың "дәлелдеу" бөлігін білдіреді. Ол көбінесе төлеу талап етілетін, төлеуге белгіленген немесе нақты төленген соманы білдіретін қаржылық транзакциямен біріктіріледі. Рекурсивтік қатынас InvoiceElement құрамдас элементтерге бөлу үшін пайдаланылуы мүмкін. Анықтама модалдығында ол болашақ биллингтің ықтимал дәлелдемесін білдіреді. Сұрату модалдығын бұл берешек соасын анықтау жөніндегі сұрату. Оқиға модалдығында бұл класс нақты мәннің нақты берешек сомасының анықтамасын білдіреді.

InvoiceElement класының атрибуттары:

6.27.1 InvoiceElement.modifierCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: InvoiceElementModifier

Анықтамасы: Шот элементінің жіктеуіші.

Түсіндірмесі: Бұл алдын ала код атрибутында берілмейді, өйткені модификатордың кодты жинағы Act.code атрибутының кодты жинағымен пайдалануға арналмаған болуы мүмкін. Бұл "модификатор" қасиетінің пайдаланылуы бойынша шектеуді бұзады, оған сәйкес модификатордың кодты жинағы базалық жинақтың бөлігі ретінде немесе базалық кодты жинақ үшін арнайы анықталуы тиіс.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Негіздеме: Act.code атрибутының шектелмеу себебі оның шектеусіз салаларды қамтуымен тұжырымдалады. Модификатордың қасиеті осы тәсілмен қайда шектеледі? Егер бұл деректер типі CD модификаторына қатысты болса, ол кодты атрибутта имплицитті болуы тиіс.

Мысалдары – Оқшаулауға рұқсат, жұмыстан тыс қызмет көрсету.

6.27.2 InvoiceElement.unitQuantity :: RTO<PQ,PQ> (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Тарифтелетін немесе олар үшін шот берілетін өнім немесе қызметтер данасының саны.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Есептелетін бірліктердің сипаттамасы төменде келтірілген амалдардың көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін:

(1) InvoiceElement.code атрибутында есептелетін бірлікті көрсетіңіз. Яғни нақты InvoiceElement.code атрибуты іс-қимылмен белгіленген элемент 20 элементі бар қорапты білдіретіндігін көрсететін болады. Егер InvoiceElement.code атрибуты 20 элементі бар қорапты және InvoiceElement.unitQuantity атрибуты = 2 (бірлікті) білдірсе, онда бұл 20 элементі бар 2 қорапты білдіреді және барлығы 40 элементті береді.

(2) Егер қосымша мәліметтер талап етілсе (мысалы, өнімнің құрамын, қаптамасын немесе өндірушінің сипаттамасы), ондай бұл жағдайда қатысуды (typeCode = "PRD") және қаптама бөлшектерінің сипаттамасы үшін рөлдер мен мән кластарының комбинациясын пайдаланыңыз.

InvoiceElement тарифтелетін немесе оған төлем алынатын әрбір класы комиссия кодымен немесе биллингпен (InvoiceElement.code) анықталады. Кейбір жағдайларда бұл код алдын ала белгіленген кодты жинақ болып табылады және контейнерді білдіреді (мысалы, 1000 таблеткасы бар контейнер үшін бір UPC коды (ӘТК - Әмбебап тауар коды) және сондай 100 таблеткасы бар контейнер үшін басқа UPC коды). UPC коды шоттарды жазу кезінде пайдаланылады, бірақ коэффициенттер төлемнің контейнердің (мысалы, бөтелкенің) бөлігі үшін алынатынын көрсету үшін талап етіледі, мысалы, көлемі 1000 таблеткаға арналған контейнерде 15 таблетка. Бұл жағдайда алымы «15 {таблетка}» немесе жай ғана «15» деп көрсетілуі мүмкін, ал бөлімі «1000 {бөтелке}» немесе жай ғана «1000» деп көрсетілуі мүмкін. Егер InvoiceElement класы контейнерді көрсетпесе, онда бөлімі көрсетілмейді.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Қайта ұйымдастыруды растау. «Деректердің типтері, II бөлім, Толық ерекшелік, A Қосымшасы құжатына сілтеме: Өлшем бірлігіне арналған біріздендірілген код" пайдаланылмайды. UCUM (өлшем бірлігіне арналған біріздендірілген код) DT (деректер типтері) бойынша құжаттан табуға болады, сондықтан жаңартылған сілтеме көмектесуі

мүмкін, бірақ ол осы ерекшелікте тыйым салынбаған "бірліктерді" білдіру бойынша шектеумен көмектеспейді. Ұсыну бойынша ескертпе: Regenstreif саласының Regenstreif UCUM парағы V3 дауыс беру бойынша деректер тобында ұсынылған. Тіпті осы бойынша уағдаластық меморандумы (MOU) болса да, мәнмәтіні оқырман үшін түсініксіз. Ол ұсынылатын болса, жаңа терезеде ұсынылуы тиіс. Ұсыным: UCUM сілтемені тиісті құжаттардың кіріспе бөліміне немесе деректер типтері бойынша құжатқа қосыңыз; атрибуттардың сипаттамасынан алып тастаңыз.

Мысалдары – 4 сағат, 4 мг, 4 жәшік және 1000-дық әр контейнерден 15 және т.с.с.

Формалды шектеу: Өлшем бірлігі өлшенетін бірлік болуы ТИИС, мысалы, литр, миллиграмм және сағат. Өлшенетін, бірақ есептелмейтін бірліктер, мысалы, жәшіктер, қаптамалар, визиттер, таблеткалар және контейнерлер ол аңдатпа түрінде пайдаланатын жағдайды қоспағанда PQ деректер типінің бірден бір компонентінің көмегімен анықталмауы ТИИС.

6.27.3 InvoiceElement.unitPriceAmt :: RTO<MO,PQ> (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Есептілікке қосылатын бірліктің ақшалай құны.

Мысалдары – \$0.20/мг; \$250/тәулік; \$50.

Формалды шектеу: Қатынастарды құрылымдау кезінде, алымы MO деректер типімен көрсетілуі тиіс, ал бөлімі unitQuantity атрибуты сияқты тәсілмен көрсетілетін PQ деректер типіне жатқызылуы тиіс.

6.27.4 InvoiceElement.netAmt :: MO (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Шот элементі үшін жалпы ақшалай сома, оның ішінде барлық құрамдас элементтердің сомасы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Соңғы деңгейдің сомасы жағдайында, бұл $unitQuantity * unitPriceAmt [* factorNumber] [* pointsNumber]$ өрнегінің мәнімен көрсетілетін болады. Шот элементтерін топқа біріктіру жағдайында, бұл барлық енгізілген InvoiceElement netAmt атрибуттарының (мәндерінің) сомасымен көрсетілетін болады.

6.27.5 InvoiceElement.factorNumber :: REAL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Ұсынылған қызметтердің және/немесе жеткізілген тауарлардың жалпы құнын анықтау кезінде пайдаланылатын көбейткіш.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Жалпы соманы алуға арналған қарапайым формула: $\text{unitQuantity} * \text{unitPriceAmount} = \text{netAmt}$. Коэффициент концепті ақша сомасына жеңілдік немесе үстеме төлем көбейткіші қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, коэффициентпен жоғарыда келтірілген формула келесідей түрде болады: $\text{unitQuantity} * \text{unitPrice} * \text{factorNumber} = \text{netAmt}$. Бұл концепт көбінесе Еуропада мемлекеттік жүйеге және жеке сақтандырушыларға арналған комиссияны реттеу үшін қолданылады.

Нүктелерге келесі ескертпені қар.: семантикалық, және нүктелер мен `factorNumber` атрибуты өздерінің пайдалану нұсқаларымен ғана ерекшеленетін құн көбейткішін білдіреді. Олар бір уақытта қажет болуы мүмкін.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Қолданылуы жөніндегі нұсқауларды растау

Мысалдары – 10 (бірліктер түріндегі қолданылу саны) * \$3.00 (бірлігінің құны) * 1.5 (коэффициент) = \$45.00 (сома).

6.27.6 InvoiceElement.pointsNumber :: REAL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Қиындығы, шығындылығы және/немесе ресурстылығы негізінде жеткізілген тауарлардың немесе қызметтердің комиссиясын арттыру.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Нүктелер әдетте жүйелерде пайдаланылады, мұнда ұсынылатын қызметтерге салыстырмалы құн немесе қиындық коэффициенті тағайындалады, ал одан кейін нүктеге бекітілген баға беріледі. Ұйым тағайындайтын барлық бағаларды реттеу жағдайында инфляцияның, үстеме шығыстардың өзгерістерін көрсету үшін нүктенің құнын арттыру немесе азайту арқылы орындалуы мүмкін. Нүктелермен және Коэффициентермен формула келесі түрді қабылдайды: $\text{unitQuantity} * \text{unitPriceAmt} * \text{pointsNumber} * \text{factorNumber} = \text{netAmt}$.

Коэффициентке берілген ескертпені қараңыз.

Түсіндірмесі: Нүктелер концепті доллар сомасы әрбір нүктеге берілетіндей етіп, қызметтерге және/немесе тауарларға нүкте мәнін тағайындауға мүмкіндік береді.

Мысалдары – Қиындығы жоғары ем-шараның құны келесі түрде көрсетіледі: 5 (бірліктер түрінде қолдану саны) * 3 (Нүктелер түрінде қолдану қиындығы Нүктелерінің саны) * \$20.00 (нүктенің құны) = \$300.00 (сома).

6.28 Класс: LanguageCommunication (Entities)

LanguageCommunication класының қасиеттері:

LanguageCommunication класының атрибуттары:

languageCode :: CD proficiencyLevelCode :: CD
modeCode :: CD preferenceInd :: BL

LanguageCommunication класының ассоциациялары:

entity::(1..1) Entity::languageCommunication::(0..*)

LanguageCommunication класын жалпылай: InfrastructureRoot

LanguageCommunication класының анықтамасы: Мәннің тілдік қарым-қатынасқа қабілеттігі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бір қарағанда осы класты пайдалану Тірі объектінің ішкі типтерімен ғана шектелетін сияқты көрінгенімен, сондай-ақ Құрылғылардың да қарым-қатынас жасау қабілеті бар, мысалы, автоматтандырылған телефон құрылғылары, олар тірі операторларға басым желі бойынша науқастар туралы ақпарат береді немесе клиницистерге зертханалық тестілердің автоматтандырылған нәтижелерін ұсынады.

Мысалдары – Мексикадан шыққан науқас испан тілінде еркін сөйлеу, оқуы және жаза білуі және ағылшын тілін қарапайым деңгейде білуі мүмкін. Ресей адамы ауызекі орыс, армян немесе украин тілдерін бірдей жақсы меңгейуі және армян тілінде қарым-қатынас жасауға басымдық беруі мүмкін.

LanguageCommunication класының атрибуттары:

6.28.1 LanguageCommunication.languageCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: HumanLanguage

Анықтамасы: Мән қарым-қатынасқа жеткілікті деңгейге меңгерген тіл.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Ауызкеке немесе жазбаша тілдің көмегімен қарым-қатынас Тірі объектілермен шектелмейді. Табиғи тілдің көмегімен адамдармен қарым-қатынас жасайтын құрылғылар қандай тілдерді меңгергенін көрсетуі тиіс. Сөзбен жауап беретін автоматтандырылған жүйелер хабарламаларға табиғи тілде жауап береді және басқа құрылғылармен немесе адамдармен табиғи тілдің көмегімен қарым-қатынас жасайды.

Түсіндірмесі: Көптеген адамдар мен құрылғылар көптеген тілдер түрлі деңгейде қарым-қатынас жасауға қабілетті Бұл атрибут мән белгілі жасағысы келетін тілдік қабілетті көрсетеді.

Мысалдары – Испан, итальян, неміс, ағылшын, американдық ым тілі.

6.28.2 LanguageCommunication.modeCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: Тілдік қарым-қатынас қабілеттерінің түрі

Анықтамасы: Тілде сөйлеу тәсілі.

Мысалдары – Ауызекі тіл, жазбаша тіл және көрсету мен түсіну деңгейіндегі ым тілі.

6.28.3 LanguageCommunication.proficiencyLevelCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: LanguageAbilityMode

Анықтамасы: Мәннің нақты тілді меңгеру деңгейі.

Мысалдары – Өте жақсы, жақсы, орташа, төмен.

6.28.4 LanguageCommunication.preferenceInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Мәннің тиісті қарым-қатынас түрі үшін осы тілге артықшылық беретінін көрсететін атрибут.

6.29 Класс: LicensedEntity (classCode= LIC) (Roles заттық салада)

LicensedEntity класының қасиеттері:

LicensedEntity класының атрибуттары:

recertificationTime :: TS

LicensedEntity класын жалпылау: Role

LicensedEntity класының анықтамасы: Белгілі бір функцияларды орындау қабілетін растайтын лицензия немесе біліктілік алған мән.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Орындаушы білікті мән болып табылады; таратушы (іс-қимыл саласын анықтаушы) сертификат беретін ұйым болып табылады. Лицензияланған мән класы Білікті мән класының ішкі жиыны болып табылады.

Мысалдары

- 1 Дипломы бар парамедик
- 2 Сертификатталған жабдық
- 3 Лицензияланған медициналық ұйым

LicensedEntity класының атрибуттары:

6.29.1 LicensedEntity.recertificationTime :: TS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Қайта сертификаттау талап етілетін күн.

6.30 Класс: LivingSubject (classCode= LIV) (Entities)

LivingSubject класының қасиеттері:

LivingSubject класының атрибуттары:

administrative

GenderCode :: CD deceasedTime :: TS organDonorInd::BL

birthTime :: TS multipleBirthInd :: BL

deceasedInd :: BL multipleBirthOrderNumber :: INT.POS

LivingSubject класын жалпылау: Entity

LivingSubject класының мамандандырылуы:

NonPersonLivingSubject Person

LivingSubject класының анықтамасы: Тірі немесе тірі емес ағза.

Түсіндірмесі: Бұл класс медицина үшін қызығушылық туғызатын әкімшілік атрибуттардан тұрады, олар тірі ағзаларды басқа Мәндерден ажыратады.

Мысалдары – Адам, ит, микроағза немесе кез келген таксономиялық топтағы өсімдік.

LivingSubject класының атрибуттары:

6.30.1 LivingSubject.administrativeGenderCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: AdministrativeGender

Анықтамасы: Тірі объектінің әкімшілік мақсатта айқындалатын жынысы (яғни, бір жыныспен әдетте байланыстырылатын мінез-құлқы, мәдени немесе психологиялық белгілері).

Қолданылуы бойынша шектеулер: Бұл код әкімшілік мақсатта қолданылады.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибутқа клиникалық жыныспен байланысты элементтер кірмейді. Жыныс күрделі физиологиялық, генетикалық және социологиялық ұғым болып табылады, оны жан-жақты сипаттау үшін көптеген бақылаулар талап етіледі. Осы атрибуттың мақсаты жоғары деңгейдегі жіктеуді қамтамасыз ету болып табылады, сондай-ақ оны стационарлық науқастардың төсек-орындарын тиісті тарату үшін пайдалануға болады.

Бұл ақпарат UB FL 15-те көрсетіледі.

Мысалдары – Әйел, ер.

6.30.2 LivingSubject.birthTime :: TS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Тірі объектінің туған немесе жарып шыққан күні және уақыты.

6.30.3 LivingSubject.deceasedInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Бұл атрибут объектінің өлгенін көрсетеді.

6.30.4 LivingSubject.deceasedTime :: TS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Тірі объекті өлімінің күні және уақыты.

6.30.5 LivingSubject.multipleBirthInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Бұл атрибут тірі объектінің көп ұрықты босану нәтижесі екендігін көрсетеді.

6.30.6 LivingSubject.multipleBirthOrderNumber :: INT.POS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Бұл атрибут көп ұрықты босану нәтижесінде осы тірі объектінің қандай ретте туылғанын көрсетеді.

6.30.7 LivingSubject.organDonorInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Бұл атрибут тірі объекті органдар донорлығына үміткер болып табылатындығын көрсетеді.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Қолданылуы жөніндегі нұсқаудың анықтамасы өзгерді және жойылған болатын.

6.31 Класс: **ManagedParticipation** (*Acts замтық салада*)

ManagedParticipation класының қасиеттері:

ManagedParticipation класының атрибуттары:

id :: DSET<II> statusCode :: CS

ManagedParticipation класын жалпылау: Participation

ManagedParticipation класы үшін соңғы автомат

ManagedParticipation класының анықтамасы: Уақыт ішінде іс-қимыл жүргізілетін және сәйкесінше, жай-күйі мен сәйкестендірілуі реттелуі тиіс қатысу.

Түсіндірмесі: ManagedParticipation Participation төменгі класы ретінде анықталады, өйткені барлық Қатысудың жай-күйі жоқ. Әдетте, Participation - мен іске асырылатын қызметтің ішкі түрі қызығушылық туғызса және басқаруды талап етсе, осы қызметтің ішкі түрі негізгі Іс-қимылдың компоненті ретінде модельденуі ТИІС.

Алайда, белгілі бір жағдайларда, қатысушылар орындайтын іс-қимылдар өте жақсы түсінікті болып табылмайды және сәйкесінше осы іс-қимылдарды іс-қимылдың ішкі түрлерін ретінде ұсыну ауыртпалықты болып саналады және білімнің немесе сенімділіктің дәлелсіз деңгейін білдіреді.

Осыған байланысты, ManagedParticipation Participation сәйкестендіру және осы айрықша пайдалану нұсқалару қолдауға арналған жай-күй атрибуттарымен толықтырады. ManagedParticipation-ды Іс-қимылдармен шатыстыруды және қатыстуға қатысты іс-қимылдарды басқару инфрақұрылымының қайталану қажеттілігін болдырмау үшін аса сақтықпен пайдалану керек.

Мысалдары – Стационарлық науқастың (тексеру үшін) емдеуші дәрігері демалысқа байланысты өзгеруі мүмкін және бұл қатысу қашан қолжетімді болатынын көрсету маңызды.

ManagedParticipation класының атрибуттары:

6.31.1 **ManagedParticipation.id** :: DSET<II> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: ManagedParticipation класының ерекше данасына сілтеме үшін пайдаланылатын бірегей сәйкестендіргіш, оның басқа да ManagedParticipation сияқты Іс-қимылы және Рөлі болуы мүмкін.

6.31.2 ManagedParticipation.statusCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ManagedParticipationStatus

Анықтамасы: ManagedParticipation класының данасының жай-күйі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибут бастапқы ЭАМ-да соңғы автоматтардағы енгізілген жай-күйдің қатысумен байланысты қайталанатын ретінде анықталды. Алайда нақты практикада бірден артық жай-күйдің мәнін беруге ешқашан мүмкіндік жоқ. Сондықтан, комитеттер осы атрибуттың барынша реттілігін хабарламалардың барлық конструкцияларында шектеуді ұсынады.

Мысалдары – Күтуде, белсенді, аяқталған, тоқтатылған.

6.31.3 ManagedParticipation класының соңғы автоматы (*жай-күй атрибуты statusCode болып табылады*)

ManagedParticipation класының жай-күйі:

– **белсенді** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Қатысу орындалу процесінде екенін білдіретін жай-күйі.

– **тоқтатылған** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Қатысуды белсенді етуге дейін тоқтату нәтижесі болып табылатын соңғы жай-күй.

– **аяқталған** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Қатысудың сәтті аяқталғанын білдіретін соңғы жай-күй.

– **кәдімгі:** «типтік» жай-күй. «Күшін жою» жай-күйін жоққа шығарады, ол қате жасалған қатысу данасының аяқталу жай-күйін білдіреді.

– **күшін жою:** Қате жасалған Қатысу данасының аяқталуын білдіретін жай-күй.

– **күту** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Қатысу әлі белсенді болмағанын білдіретін жай-күй.

ManagedParticipation класы жай-күйінің ауысуы:

– **аяқтау** (*белсендіден аяқталғанға дейін*)

– **түзету** (*белсендіден белсендіге*)

– **қайта жаңарту** (*аяқталғаннан белсендіге дейін*)

– **түзету** (*аяқталғаннан аяқталғанға дейін*)

– **күшін жою** (*кәдімгіден күші жойылғанға дейін*)

– **жасау** (*нөлден белсендіге дейін*)

- жасау (нөлден аяқталғанға дейін)
- жасау (нөлден күтуге дейін)
- белсенді ету (күтуден белсендіге дейін)
- болдырмау (күтуден болдырмауға дейін)
- түзету (күтуден күтуге дейін)

6.32 Класс: **ManufacturedMaterial** (classCode= MMAT) (*Entities*)

ManufacturedMaterial класының қасиеттері:

ManufacturedMaterial класының атрибуттары:

lotNumberText::	expirationTime::	stabilityTime :: IVL<TS>
ST.SIMPLE	IVL<TS>	

ManufacturedMaterial класын жалпылау: Материал

ManufacturedMaterial класының мамандандырылуы:

Container

Device

ManufacturedMaterial класының анықтамасы: Өндірістік процестің көмегімен нақты мақсатпен трансформацияланған мән немесе мәндердің комбинациясы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл класс контейнерлерді, құрылғыларды, бағдарламалық модульдерді және жабдықты қамтиды. Ол басқа Мәндер үшін жасалатын Мәндердің сипаттамасын қосымша анықтау үшін пайдаланылады. Бұл мәндер ассоциациялардың немесе осы класқан тән әдістердің көмегімен сәйкестендіріледі және қадағаланады, мысалы lotName, stabilityTime және expirationTime.

Мысалдары – Өңделген тамақ өнімдері, бір реттік шприцтер, химиялық анализатор, инфузиялық енгізуге арналған тұз ерітіндісі.

ManufacturedMaterial класының атрибуттары:

6.32.1 **ManufacturedMaterial.lotNumberText :: ST.SIMPLE (0..1)**

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Өндірілген өнімнің нақты партиясының сәйкестендіргіші.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Әдетте, партияның атауы заты бар контейнерге және/немесе контейнердің қаптамасына бекітілетін этикеткада көрсетіледі. Назар аударыңыз, партияның нөмірі бірегей сәйкестендіргіш

болып табылмайды; од өнімнің түрін және өндірушіні көрсеткен кезде ғана маңызды.

6.32.2 **ManufacturedMaterial.expirationTime :: IVL<TS> (0..1)**

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Одан кейін өндіруші өнімнің қауіпсіздігіне, сапасына және/немесе тиісті жұмыс істеуіне кепілдік бермейтін күні және уақыт.

Түсіндірмесі: Көп жағдайларда пайдаланылатын өнімдердің белгілі бір сапасы немесе тиімділігі немесе функционалдық жай-күйінің болуы қажет. Осы кепілдіктің аяқталу күнін өндіруші көрсетеді. Осы күннен кейін, өнім әлі де сондай сипаттамаларға ие болса да, өндіруші өнімнің көрсетілгендей жұмыс істейтініне жауапкершілік алмайды және өнімнің бұзылуына жауапкершілік алудан бас тартады.

6.32.3 **ManufacturedMaterial.stabilityTime :: IVL<TS> (0..1)**

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Өнім активациядан кейін жарамды болып саналатын уақыт кезеңі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Егер өнімнің түрі сипатталса (`determinerCode = KIND`), осы аралықтың диапазоны, яғни реагенті бар контейнерді ашқаннан кейінгі уақыт кезеңі ғана белгілі болуы мүмкін, оның ішінде реагент әдеттегі тестілеу мақсатына жарамды болады. Уақыт белгілері күнтізбе күндерін белгілеу үшін пайдаланылмауы мүмкін және `stabilityTime.low TS` атрибутының мәні нөл болуы мүмкін, сонымен бірге `stabilityTime.high` атрибутының мәні уақыт кезеңінің скалярлық шамасы болып табылады.

Нақты реагент үлгісі жағдайында (`determinerCode = Instance`), `stabilityTime.low TS` атрибутының мәні реагенті бар бөтелке ашылған күнтізбелік уақытты білдіреді (немесе реагент өзге тәсілмен белсенді болды). Сипаттаманың жарамдылық мерзімі (TYP) `stabilityTime.high TS` атрибутын, реагент өзінің әдеттегі мақсатына жарамды болып саналмайтын уақыт кезеңін анықтау үшін `stabilityTime.low` атрибутына қосылады.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Қолданылу жөніндегі нұсқаудың экстраполяциясын растау.

Мысалдары – Екі сағат ішінде араластырылуы тиіс екі химиялық зат; әйтпесе олардың белсенділігі азаяды.

6.33 Класс: **Material (classCode= MAT) (Entities)**

Material класының қасиеттері:

Material класының атрибуттары:

formCode :: CD

Material класын жалпылау: Entity

Material класының мамандандырылуы: ManufacturedMaterial

Material класының Анықтамасы: Инертті және орналасқан жеріне тәуелді емесе Мәннің төменгі типі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Материал Тірі объекті де, орын да болып табылмайтын мәнді білдіреді. Егер олар бастапқыда тірі материя болса да, өндірілген немесе өңделген өнімдер материал болып есептеледі. Материалдар түрлі нысанда болады және түрлі жай-күйден өтуі мүмкін (яғни, газ, сұйықтық, қатты зат) және сонымен бірге өзінің физикалық құрамы мен сипаттамасын сақтайды.

Жобалау бойынша түсініктемелер:

"орналасқан жеріне тәуелсіз" тіркесінің мәнін түсіндіру; оның жоюды және қолданылуы жөніндегі нұсқаудың бірінші сөйлемімен алмастыруды ұсыну.

Мысалдары – Фармацевтикалық заттар (оның ішінде ингибирленген вирусы бар белсенді вакциналар), бір реттік құралдар, күрделі жабдық, имплантталатын құрылғылар, тамақ өнімдері (оның ішінде ет немесе өсімдік өнімдері), қалдықтар, сатылатын тауарлар

Material класының атрибуттары:

6.33.1 Material.formCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: Материалдың нысаны

Анықтамасы: Материалдың физикалық жай-күйі және қасиеттері.

Мысалдары – Қатты зат; сұйықтық; газ; таблетка; жақпамай; гель.

6.34 Класс: Message (MessageControl)

Message класының қасиеттері:

Message класының атрибуттары:

processingCode :: CS	acceptAckCode :: CS	sequenceNumber:: INT.NONNEG
processingModeCode::CS	responseCode :: CS	

Message класының ассоциациялары:

controlAct::(0..*) ControlAct::payload::(0..1)

Message класын жалпылау: Transmission

Message класының анықтамасы: HL7 стандарты 3-нұсқаның барлық хабарламаларының басты класы.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Бұл басты класс болуы мүмкін, бірақ бұл оны хабарлама етпейді. Бір нәрсені хабарлама ретінде білдіру қажеттілігін қандай өлшемшарттар айқындайды?

Message класының атрибуттары:

6.34.1 Message.processingCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ProcessingID

Анықтамасы: Жөнелту жүйесінің жай-күйіне байланысты хабарламаның болжанған мақсаты.

Мысалдары – Әзірлеу, оқыту, реттеу.

6.34.2 Message.processingModeCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ProcessingMode

Анықтамасы: Хабарлама өңделетін режим.

Мысалдары – Ағымдағы өңдеу, архивтеу режимі, бастапқы жүктеу режимі, архивтен алу режимі.

6.34.3 Message.acceptAckCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: AcknowledgementCondition

Анықтамасы: Осы хабарламаға жауапқа "қабылданды" растамасының оралуы талап етілетін шарт.

6.34.4 Message.responseCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ResponseLevel

Анықтамасы: Бұл атрибут осы ықпалды қабылдаушыдан қосымшаның жауабы күтілетіндігін және оасы жауапқа қандай егжей-тегежей деңгейі қамтылуы тиіс екендігін көрсетеді.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибут қабылдаушы үшін жауап нұсқаларын шектейді.

Мысалдары – Егер қабылдаушы қабылдау туралы өзара әрекеттестікті немесе бас тарту туралы өзара әрекеттестікті жіберуге міндетті болса және responseCode атрибуты "E" мәніне (ерекшелік) белгіленсе, қабылдаушы бас тарту жағдайында ғаан жауап беруі тиіс.

6.34.5 Message.sequenceNumber :: INT.NONNEG (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Хабарлама реттілігін көрсеткіш.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибут реттік нөмірлер хаттамасын іске асыру үшін қарастырылған. Осы өрістің мәні әрбір келесі мән беру кезінде бірлікке ұлғайып отырады.

6.35 Класс: NonPersonLivingSubject (classCode= NLIV) (*Entities заттық салада*)

NonPersonLivingSubject класының қасиеттері:

NonPersonLivingSubject класының атрибуттары:

strainText :: ED genderStatusCode :: CD

NonPersonLivingSubject класын жалпылай: LivingSubject

NonPersonLivingSubject объекті класының анықтамасы: Адамнан басқа барлық тірі жаратылысты қамтитын Тірі объектінің класының ішкі типі.

Түсіндірмесі: Тірі ағзалар қосымша сипаттау ақпаратын, мысалы генетикалық штамм сәйкестендіруін талап етуі мүмкін, оны Entity.code атрибутында беруге болмайды.

Мысалдары – ірі қара мал, құстар, бактериялар, өсімдіктер, зең және саңырауқұлақтар

NonPersonLivingSubject класының атрибуттары:

6.35.1 NonPersonLivingSubject.strainText :: ED (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Non Person living Subject ерекше генотипі немесе фенотипі

Түсіндірмесі: Атау беру немесе штамдарды жүйелеу бойынша ортақ нұсқаулар жоқ. Штамдардың көптеген белгілеулері жасалады және уақыт өте

жойылады, сол уақытта олардың кейбіреулері бірқатар себептермен түрлі салаларда бекітіледі (вакцина өндірісі, асыл тұқымды малдың танымалдығы және т.с.с.) Алайда кез келген адамға ағзаны «жаңа» штамм деп белгілеу мүмкіндігін осы кодты мәндері бар сандардан тұратын жол жоққа шығарады. Осы белгілеулерді түсіну үшін сипаттамалық мәтін талап етіледі.

Мысалы – Minnesota5 (шошқа штаммы), DXL (үй құсының штаммы), RB51 (бруцелла вакцинасының штаммы).

6.35.2 NonPersonLivingSubject.genderStatusCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: GenderStatus

Анықтамасы: Адам болып табылмайтын тірі объектінің бастапқы репродуктивтік органдарының жай-күйі.

6.36 Класс: Observation (classCode= OBS) (Acts мәндік салада)

Observation класының қасиеттері:

Observation класының атрибуттары:

value :: ANY	interpretationCode:: DSET<CD>	targetSiteCode:: DSET<CD>
valueNegationInd :: BL	methodCode:: DSET<CD>	

Observation класын жалпылау: Act

Observation класының мамандандырылуы:

DiagnosticImage PublicHealthCase

Observation класының анықтамасы: Объекті туралы жаңа ақпарат алуға арналған іс-қимыл.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Observation мен басқа іс-қимылдар арасындағы басты айырмашылық Observation мән атрибуты болуынан тұрады. Observation семаникасын анықтау үшін Observation кодты атрибуты Observation мәнінің атрибутымен бірге қарастырылуға тиіс.

Құрылымдық жағынан көптеген Observation атауы-мән жұбын білдіреді, мұнда Observation.code атрибуты (Іс-қимылдан алынған) атау болып табылады, ал Observation.value атрибуты қасиеттің мәні болып табылады. Сондай-ақ мұндай конструкция «айнымалы» ретінде белгілі (мәнді қабылдай алатын атаулы қасиет); сәйкесінше, Observation класы атау-мән жұбын немесе айнымалыларды орнату үшін пайдаланылады, дегенмен айнымалыны бағалау

әрқашан мұқият Observation әдісінің нәтижесі бола бермейді. Бұл сұраққа қарапайым жауап болуы мүмкін немесе бұл параметрді бекіту немесе белгілеу болуы мүмкін.

Барлық іс-қимылдарды бекіту жағдайында Observation бекіту не жасалғанын сипаттайды және Observation жағдайында бұл нақты не бақыланғанының спаттамасын қамтиды («нәтижелер» немесе «жауаптар»); және бұл «нәтижелер» немесе «жауаптар» Observation бөлігі болып табылады және басқа объектілерге бөлінбейді.

Іс-қимыл әдісі Observation (classCode) класымен немесе ең төменгі детализация деңгейінде оның төменгі кластарымен, орташа детализация деңгейінде Observation.code атрибутының мәнімен және жоғары детализация деңгейінде Observation.methodCode атрибутының мәнімен бекітіледі. Бұл әдіс атрибут мәнін көрсету үшін кодталған деректер типін пайдаланған кезде Observation.value атрибутының мәнінде толықтай немесе ішінара қолданыла алады. Сондай-ақ әдіснаманың сәйкес аспектілері де мәнде қайта бекітілуі мүмкін, бұл ретте нәтижелердің өзі әдіснаманы қамтиды.

Observation әрқайсысында өзінің меншікті Observation.code және Observation.value болатын Observation құрамдастарынан тұруы мүмкін. Бұл жағдайда, құрамдас Observation меншікті Observation.value атрибуты болуы мүмкін. Мысалы, қанның ақ жасушаларын талдау (Observation) түрлі гранулоциттерді, лимфоциттерді және қанның басқа да қалыпты және аномалиялық жасушаларын (мысалы, бластты жасушалар) талдау үшін ішкі Observationдан тұрады. Сәйкесінше, қанның ақ жасушаларын Observation (талдаудың) өздігінше мәні болмауы мүмкін (дегенмен, ондағы мысалы қанның ақ жасушаларының жалпы сомасы болуы мүмкін). Осылайша, Іс-қимыл мәнісі бойынша объекті туралы ақпаратты тану және бекіту Іс-қимылы болып табылғанша, ол қарапайым мәні немесе ішкі Observationны болуына қарамастан Observation болып табылады.

Тіпті егер Observation кәсіптік іс-қимылдар болып табылса да (Іс-қимылды қар.) және мұндайлар ниетті іс-қимылдар болғандықтан, бұл нақты орындалғанға дейін Observation барлық ықтимал нәтижелерін жоспарлауды талап етпейді. Мысалы, лейкоциттерді сараланған есептеу (WBC) бластты жасушаларды сирек көрсетеді, бірақ егер оларды көрсетсе, бұл WBC Observation бөлігі болып табылады, дегенмен бласты жасушалар қалыпты WBC құрылымында алдын ала анықталмауы мүмкін.

Әдетте, клиникалық құжаттарда «субъективтік» және «объективтік» нәтижелер болады, олардың екеуі де Observation түрлері болып табылады. Сонымен қатар, клиникалық құжаттар әдетте Observation түрлеріне жататын «тексерулерді» де қамтиды. Сөйтіп, диагноз қою Observation болып табылады.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Қолданылуы жөніндегі нұсқауларда атау-мән семантикалық парадигмасына, мысалы, патологияларды айқындайтын зерттеулерге сүйенбейтін Observationды қарастыру керек.

Мысалы

- 1 Отбасылық анамнезді бағалау нәтижелерінің жазбасы
- 2 Зертханалық талдау және онымен байланысты нәтиже
- 3 Медтексеру және онымен байланысты нәтиже
- 4 Құрылғының температурасы
- 5 Топырақтағы қорғасын деңгейі
- 6 Клиникалық қорытындыны бекіту, мысалы, сол жамбастың сынығы

Observation класының атрибуттары:

6.36.1 Observation.value :: ANY (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ObservationValue

Анықтамасы: Observation процесінің нәтижесі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Observation.value (атрибутының) тиісті деректер типі Observation түріне байланысты және әдетте Observation анықтамаларында немесе Act.code атрибутының мәнін деректердің типтерімен салыстыратын қарапайым қатынаста сипатталуы мүмкін.

Төменде келтірілген нұсқаулар тиісті деректер типін таңдауды айқындайды.

1. Сандық өлшеулерде әдетте физикалық шама (PQ) деректер типі қолданылады. PQ деректер типі мәнісінде өлшем бірлігі бар нақты сан болып табылады. Бұл барлық сандық мәндер үшін төменде келтірілген бірнеше ерекшеліктермен байланысты ортақ артықшылық.

Сандық мәндер символдық жолдар (ST) түрінде берілмеуге ТИІС.

2. Титрларда (мысалы, 1:64) және басқа қатынастардың өте аз санында Қатынас деректер типі (RTO) пайдаланылады. Титрлар жағдайында, бұл қатынас бүтін екі санның қатынасы болады (мысалы, 1:128). Басқа қатынастарда түрлі сандық деректер типі салыстырылуы мүмкін, мысалы, физикалық шама деректер типінің көмегімен көрсетілетін «баға» Ақшалай соманы белгілеу үшін.

Кейде жергілікті ережелер бойынша титрлар бір бөліммен көрсетіледі (мысалы, 1/32 орнына 32). Мұндай шартты белгілер қателестіреді және HL7 стандартының хабарламаларында дұрыс арақатынасқа келтірілуге ТИІС.

3. Индекстік мәндерде (өлшем бірлігі жоқ сан) Нақты сан деректер типі (REAL) пайдаланылады. Санның сәйкес өлшем бірлігі болмағанда, бұл санды нақты сан түрінде жіберуге болады. Нұсқа ретінде, өлшемсіз бірлікпен PQ пайдалануға болады (мысалы, 1 немесе %). Бүтін санды егер анықтама бойынша өлшеу бүтін сан болған жағдайда ғана жіберу керек, бұл өте сирек кездеседі және бұл жағдайда оның оринал болуы ықтималдығы жоғары (төменде қар.).

4. Ауқымдар (мысалы, <3; 12-20) Физикалық шама Интервалымен (IVL<PQ>) немесе басқа да сандық деректер типтерінің интервалдарымен көрсетілуге тиіс.

Кейде мұндай интервалдар өлшеу мәнінің нақты еместігін көрсету үшін қолданылады. Дәлсіздікті (қателікті) көрсету үшін деректердің типтерін мамандандырылған кеңейту бар.

5. Реттік сандарды көрсету үшін (мысалы, +, ++, +++; немесе I, IIa, IIb, III, IV) Кодталған ординал (CO) деректер типі қолданылады.

6. Атаулы нәтижелерді («таксондарды», мысалы, ағзаның типтерін) көрсету үшін кез келген деректер типі (CD, CE) қолданылады, олар кем дегенде, кодты және кодты жүйені көрсетеді, бастапқы мәтін, басқа кодты жүйелерге және квалификаторларға ауыстыру міндетті емес.

7. Визуализация нәтижелерін ұсыну үшін инкапсулаландырылған деректер типі (ED) қолданылады. Инкапсулаландырылған деректер типі сізге суретті (мысалы, кеуденің рентген суреті) немесе роликті (мысалы, коронарлық ангиография, эхокардиография) жолдық бинарлық деректер немесе жүктеуге немесе сұратуға болатын сыртқы мекенжайға сілтемемен жіберуге мүмкіндік береді.

8. Уақытша диаграммаларды өзара байланыстырылған ретті Observation шаблонның көмегімен жіберуге болады, олар HL7 стандартын әзірлеу ортасындағы барлық деректерді ұсынады. Оған қоса, инкапсулаландырылған деректер типін (ED) уақытша диаграммаларды басқа форматтарда (HL7 стандартының форматтарында емес) жіберу үшін немесе талап етуі бойынша жүктеу үшін уақытша диаграммаларға сілтеме үшін пайдалануға болады.

9. «Символдық жол» деректер типі тиісті деректер типінің ешқайсысы келмейтін формалды деректерді жіберу үшін ғана пайдаланылуы мүмкін. Алайда осы деректер типі егер осы мәнді тиісті деректер типтерінің бірінде ұсыну мүмкін болса, пайдаланылмауға ТИІС.

10. Егер олардың жіберу үшін қолайлы нысандар болса, уақыт белгілері Observationға жіберілмеуге ТИІС, мысалы кейбір іс-қимылдардың Act.effectiveTime атрибуты түрінде. (Мысалы, «зертханада алынған үлгі» Observationда емес, үлгіні зертханаға тасымалдауды сипаттайтын Іс-қимылдың effectiveTime атрибутында беріледі.

11. Кез келген деректер типінің жиыны, нөмірленген жиындар, сондай-ақ интервалдан «қалыпты мәндер ауқымын» немесе «шешімдер ауқымын» анықтау үшін Observation өлшемшарттары ретінде пайдаланылады (ескертулер үшін).

12. Observation реттілігі үшін (бір қасиетті салыстырмалы түрде қысқа уақыт ішінде бірнеше рет өлшеу) реттілік деректер типі (LIST) пайдаланылады. Қосымша ақпаратты өзара байланыстырылған Observation реттілігінің сипаттамасынан қар.

13. Мәндер қателігі ықтималдық және қалыпты бөлу (UVP, PPD) деректер типтерін кеңейту жолымен анықталады. Егер статистикалық іріктеу санаттардың абсолютті жиілігімен көрсетілсе, реттелмеген жиынтық жинағын (BAG) (деректер типін) тиімді пайдалануға болады.

6.36.2 Observation.valueNegationInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

defaultValue қасиеті: жалған

Анықтамасы: Бұл атрибут Observation оқиғасы болғанын көрсетеді, мән атрибутымен берілетін нәтиже табылған ЖОҚ.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибутты егер Observation.value атрибуты үшін пайдаланылатын терминология өздігінен теріс нәтижелерді көрсетуге қабілетсіз болса ғана қолданған жөн. (Мысалы, ICD9).

6.36.3 Observation.interpretationCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ObservationInterpretation

Анықтамасы: Observation сандық түсіндірмесі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Кейде бұл түсіндірме кодтарын «аномалиялық жалаушалар» деп атайды, алайда норма туралы пайым бар-жоғы бір түсіндірмені білдіреді және көбінесе сәйкес емес болып табылады. Мысалы, сезімталдық түсіндірмесі «нормаға» қатысты емес, ал патологиялық жай-күйді кез келген Observation жағдайында норманы бекіту орынсыз, өйткені патологиялық жай-күй ешқашан «қалыпты» деп саналмайды.

Мысалы – Қалыпты, аномалиялық, нормадан төмен, норманың артуы, тұрақты.

6.36.4 Observation.methodCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ObservationMethod

Анықтамасы: Observationды анықтау үшін пайдаланылатын құрал немесе әдіс.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Барлық Observationда әдіс ішінара Act.code атрибутымен көрсетіледі. Бұл жағдайда methodCode атрибутын мүлде пайдаланудың ҚАЖЕТІ ЖОҚ. MethodCode атрибуты осы әдісті нақтырақ сәйкестендіру үшін Act.code атрибутының мәніне қосымша пайдаланылуы МҮМКІН. Алайда ақпаратты тұтынушы жүйесі немесе процесс methodCode атрибутындағы Act.code атрибуты білдіретін әдіс туралы ақпаратқа сүйенбеуге тиіс.

MethodCode атрибуты Observationда пайдаланылатын арнайы құрылғыны немесе тестілік жиынтықты сәйкестендіру үшін пайдаланылмауға тиіс.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Барлық Observationда әдіс ішінара Observation түрінің (Observation.code) қарапайым мәнімен анықталады және бұл әдіс туралы имплицитті ақпаратты Observation.methodCode атрибутында көрсету керек емес. Мысалы, егер Observation.code атрибутында LOINC коды пайдаланылса, әдіс елеулі дәлдік деңгейімен белгілі болуы мүмкін: LOINC көптеген кодтары арнайы әдістер үшін анықталады, мұнда әдіс түсіндірмелер арасында іс жүзіндегі айырмашылықты өткізеді. Осылайша, LOINC пайдалану кезінде ең төменгі бәсеңдету концентрациясы (ЕТБК) немесе агар гелімен иммунодиффузиялық әдістің (Кирби-Бауэр әдісі) көмегімен сезімталдық зерттеулерінің арасындағы айырмашылық түрлі кодтарды берумен анықталады. Сәйкесінше, methodCode атрибуты Act.code атрибуты көрсете алмайтын мәндердің қосымша квалификаторы ғана болып табылады.

Әдістердегі кейбір айырмашылықтар пайдаланылатын құрылғымен байланысты болуы мүмкін. MethodCode атрибуты қадағалауда пайдаланылатын арнайы құрылғыны немесе тестілік жиынтықты сәйкестендіру үшін пайдаланылмауға тиіс. Құрылғылар немесе тестілік жинақтар туралы мұндай ақпарат құрылғы қатысуының көмегімен Observationмен байланыстырылуға тиіс.

Мысалы – Артериялық қысымды өлшеу әдісі: артерияны тесу немесе сфигмоманометр (Рива-Роччи әдісі), отыру қалпы немесе арқамен жату қалпы.

6.36.5 Observation.targetSiteCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActSite

Анықтамасы: Қадағалау мақсаты болып табылатын анатомиялық орын немесе жүйе.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Нысаналы Observation орындарының көпшілігі қадағалау анықтамасымен және Act.code немесе Observation.value атрибуттарымен болжанады. Мысалы, «жүректегі шуыл» мақсаты (Observation) әрқаша жүрек болып табылады. Бұл атрибут, егер Observation орнын нақтылау, оңын солдан айыру керек болғанда ғана пайдаланылады. Егер Observation объектісі адам немесе жануар емес, басқа болса, бұл атрибут іс-қимыл шоғырланған объектінің құрылымдық элементін көрсету үшін осыған ұқсас түрде пайдаланылады. Мысалы, егер объекті өзен болса, орын судың қайтуы және келуі болуы мүмкін және т.с.с. Егер объекті лимфа түйіні болса, «хилус», «периферия» немесе түйін орны шынайы нысаналы орын болады.

Мысалы – Жүрек, лимфа түйінінің хилусы, өзен тармағы

Формалды шектеу: Егер targetSiteCode атрибутының мәні көрсетілсе, Observation анықтамасындағы немесе Act.code атрибутындағы нысаналы орын немесе жүйе туралы ақпаратқа қайшы келмеуге тиіс.

6.37 Organization (classCode= **ORG**) (*Entities мәндік салада*)

Organization класының қасиеттері:

Organization класының атрибуттары:

addr :: COLL<AD> standardIndustryClassCode :: CD

Organization класын жалпылау: Entity

Organization класының анықтамасы: Осы мақсатқа жету үшін ортақ мақсаты және инфрақұрылымы бар формалды тұлғалар тобын немесе басқа ұйымдарды білдіретін мән.

Мысалы – Компаниялар мен мекемелер, үкіметтік ведомство, объектіні басқаруға жауап беретін енгізілген орган, сақтандыру компаниясы.

Organization класының атрибуттары:

6.37.1 Organization.addr :: COLL<AD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Ұйымның пошталық немесе үй мекенжайы.

6.37.2 Organization.standardIndustryClassCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: OrganizationIndustryClass

Анықтамасы: Ұйымның салалық санаты.

Мысалы – NAICS кодтары (Салалар жіктеуішінің солтүстік америкалық жүйесі) (мысалы, 11231-тауық жұмыртқасы өндірісі, 6211-дәрігерлер кабинеттері, 621511-медициналық зертханалар).

6.38 Класс: Parameter (Abstract) (*QueryControl*)

Parameter класының қасиеттері:

Parameter класының атрибуттары:

id :: II

Parameter класының ассоциациялары:

parameterList::(0..1) ParameterList::parameter::(0..*)

queryByParameter::(0..1) QueryByParameter::parameter::(0..*)

Parameter класын жалпылау: InfrastructureRoot

Parameter класының мамандандырылуы:

ParameterItem

ParameterList

Parameter класының анықтамасы: Сұрату өлшемшарты ретінде пайдаланылуға тиіс бірегей анықталатын мән немесе мәндер жиыны.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Параметрдің синонимі ретінде мәнді растау.

Parameter класының атрибуттары:

6.38.1 Parameter.id :: II (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Параметрдің бірегей сәйкестендіргіші.

6.39 Класс: : ParameterItem (*QueryControl мәндік салада*)

ParameterItem класының қасиеттері:

ParameterItem класының атрибуттары:

value :: ANY semanticsText :: ST

ParameterItem класын жалпылау: Parameter

ParameterItem класының анықтамасы: Сұратуда көрсетілген элемент үшін маңызды элемент құрылымы (атау-мән жұбы).

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Параметр элементі жиынын пайдалануды модельді жасаушы болжағанына байлаынсты сипаттама моделі бойынша құжаттамадағы ЖӘНЕ, НЕМЕСЕ, ТЕК ҚАНА НЕМЕСЕ ретінде анықтау керек. Параметрде SET<XX> деректер типін пайдалану НЕМЕСЕ конструкциясын көрсетеді: сұрату нәтижелері кем дегенде бір XX сәйкес келуге тиіс.

ParameterItem класының атрибуттары:

6.39.1 ParameterItem.value :: ANY (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: QueryParameterValue

Анықтамасы: Сұратуға жауапта көрсетілген элементтің мәні.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл «атау-мән» жұбының «мәні».

6.39.2 ParameterItem.semanticsText :: ST (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Сұратуға жауаптың көрсетілген құрылымындағы элементтің атауы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл «атау-мән» жұбының «атауы».

6.40 Класс: ParameterList (QueryControl заттық салада)

ParameterList класының ассоциациясы:

parameter::(0..*) Parameter::parameterList::(0..1)

ParameterList класын жалпылау: Parameter

ParameterList класының анықтамасы: Параметрлердің атаулы тізімі.

6.41 Класс: Participation (Acts заттық салада)

Participation класының қасиеттері:

Participation класының атрибуттары:

typeCode :: CS	noteText :: ED	performInd :: BL
		substitutionConditionCode :: CD
functionCode :: CD	time :: IVL<TS>	e :: CD
contextControlCode :: CS	modeCode :: CD	subsetCode :: CS
sequenceNumber:: INT.NONNEG	awarenessCode:: CD	quantity :: PQ
priorityNumber :: INT.POS	signatureCode :: CD	
negationInd :: BL	signatureText :: ED	

Participation класының класының ассоциациялары:

act::(1..1) Act::participation::(0..*)

role::(1..1) Role::participation::(0..*)

Participation класын жалпылау: InfrastructureRoot

Participation класының мамандандырылуы: ManagedParticipation

Participation класының анықтамасы: Іс-қимыл және рөл арасындағы ассоциация. Рөлді атқаратын мән агент болып табылады.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Іс-қимылға қосылатын әрбір мән іс-қимылмен бір Participationinstance -данасымен байланыстырылады. Іс-қимылға қосылу түрі Participation.typeCode атрибутымен анықталады.

Мәннің рөлі Entity және Participation арасында орнатылады. Рөлдер мәннің қабілетін білдіргенде, Participation орындауды білдіреді, сондықтан Participation-дың қолданылу саласы оның жеке іс-қимылымен және кейде ғана оның мәнімен анықталады. Керісінше, рөлдер кез келген жеке іс-қимылға қатыссыз мәннің өзіне тән сапасын сипаттайды (яғни, оның негізінен іс-қимылға қатысуын).

Адамның кәсіби құжаттары (Role) адамның іс жүзіндегі істерінен мүлде ерекшеленуі мүмкін (Participation). Қарапайым мысалы қатысатын мамандардың Observationпен (қатыссыз) анестезияны немесе хирургиялық операцияны орындайтын интерндер және ординаторлар болып табылады. интерннің рөлі қатысу сипатын анықтамайды.

Іс-қимылдың бір типтегі қатысулар жиыны болуы мүмкін: бұл бірлескен қызметті немесе топтық қатысуды көрсетеді. Көптеген атқарушы Participation ұғымы сондай-ақ қызметтің ішкі түрлері ретінде ұсынылуы мүмкін (іс-қимыл элементтері): көптеген агенттердің қатысуы іс-қимылдың ішкі түрлеріне тұратын іс-қимыл ретінде немесе көптеген қатысу бар бір іс-қимылды ұсынылуы мүмкін, мұнда әрбір іс-қимылдың бір ғана атқарушы агенті болады.

Мысалы, хирургиялық операцияның жазбасы (a) келісім беретін тұлға, (b) бас хирург және (c) анестезиолог типінің агенттерін қамтуы мүмкін және осы үш рөлдің хирургиялық операцияға қатысуының жеке қатынастары болуы мүмкін. Немесе осы үш агент үші байланысты қызметті білдіретін түрлі міндеттерді шындығында орындайды: (a) келісім, (b) операцияның өзі (c) операциямен бір уақытта анестезия. Егер біз іс-қимылдардың ішкі түрлерін пайдалансақ, келісім беретін тұлғаны, хирург және анестезиолог «орындаушы» типті агент болуы мүмкін. Осылайша, біз іс-қимылдардың ішкі түрлерін қаншалықты көп пайдалансақ, бізге түрлі типтегі агенттердің соншалықты аз ажырату керек; керісінше іс-қимылдың ішкі түрлерін қаншалықты аз пайдалансақ, бізге түрлі агенттер типтері соншалықты көп керек (және Participation даналары).

Егер ішкі міндеттер айрықша жоспарлауды немесе биллингті талап етсе немесе егер ішкі міндеттердің жауапкершіліктің жалпы саласы түрлі болса, ортақ ереже ретінде, ішкі міндеттерден агенттер жиынына артықшылық беру керек. Алайда, көп жағдайларда, бұл деталь оны жинақтауды қолдау үшін жеткілікті болып табылады: адами ресурстарын топтар жоспарлайды (жеке адамдар емес), биллинг әдетте, ішкі міндеттерді біріктіреді және көбінесе

жалпы жауапкершілік емдеуші дәрігерге, аға мейіргерге немесе бөлімше басшысына жүктеледі. Сонымен бірге іс-қимылдар арасындағы Relationship класы түбегейлі декомпозицияны қолдайды, Participation класы агенттер жиынының көмегімен қызметтің ішкі түрлерін негізгі қызметке біріктіруді қолдайды.

Мысалы

- 1 іс-қимылды орындаушылар (хирургтар, қадағалаушылар, машықтанушы дәрігерлер)
- 2 іс-қимыл объектілері (пациенттер, құрылғылар, заттар)
- 3 орналасқан жері
- 4 автор, тапсырушы, куәгер, ақпар беруші
- 5 ақпаратты қабылдаушы

Participation класының атрибуттары:

6.41.1 Participation.typeCode :: CS (1..1) Mandatory

Сәйкестік қасиеті: R

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: ParticipationType

Анықтамасы: Participation немесе қатыстыру түрі, Entiry, Participation-мен байланысты атқарушы Role байланысты Іс-қимылға қатысы бар.

6.41.2 Participation.functionCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ParticipationFunction

Анықтамасы: Егер мұндай ақпарат Participation.typeCode атрибутымен көрсетілмесе, Іс-қимылда бар Қатысу функциясы туралы қосымша ақпарат.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Бірде бір HL7 стандартының ерекшелігі functionCode атрибутына тәуелді жазылуы мүмкін емес. Мұндай шектеу қажет болғанда, ол Participation.typeCode атрибутында анықталуға тиіс.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибут typeCode қатаң бақыланатын атрибутында көрсетілу мүмкін функцияларға қарағанда көп функциялардың класын көрсетуі мүмкін. Қолданылатын функциялардың саны мен түрлері нақты іс-қимыл түріне байланысты, мысалы әрбір опеарция операциялық ассистенттердің немесе мейіргерлердің түрлі санын талап етуі мүмкін.

Participation функциялары адамдар іс-қимылда не жасай алатына қатысты болғандықтан, олар, шын мәнісінде, қызметтің ішкі түрлері болып табылады, олардың барлығы класс жүруі мүмкін. Егер орындаушылардан басқа осы

қызметтің ішкі түрлері туралы қосымша ақпарат керек болса, оның (атрибуттың) орнына құрамдас іс-қимылдарды пайдалану керек.

Мысалы – Бірінші хирург, екінші хирург (немесе бірінші операциялық ассистент, бас хирургқа қарама-қарсы тұрады), екінші операциялық ассистент (көбінесе бас хирургпен класс тұрады), мүмкін, үшінші операциялық ассистент, операциялық мейіргер, циркуляциялаушы мейіргер, кіші мейіргер, анестезиолог, штаттағы анестезиолог, мейіргер-анестезист, пациентті орналастыратын техник, операциядан кейінгі кезекші мейіргер, көмекшілер, акушерлер, студенттер және т.с.с.

Формалды шектеу: Бұл атрибут көрсетілген кезде Participation.typeCode атрибутымен қайшы келмеуге тиіс.

6.41.3 Participation.contextControlCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: ContextControl

Шығару туралы ақпарат:

Осы атрибут нұсқасы 2.30-дан жоғары ЭАМ -да әрі қарай пайдаланудан алынады. Осы атрибут және олармен жұмыс істеген атрибуттар **ActRelationship.blockedContextActRelationshipType** және **ActRelationship.blockedContextParticipationType** атрибуттарымен, ActRelationshipType және ParticipationType кодты жүйелеріндегі «conductible» қасиетімен бірге алмастырылды.

Анықтамасы: Осы Participation ағымдағы іс-қимылдың мәнмәтініне ықпал ету тәсілі, сондай-ақ оның еншілес іс-қимылдарға таралу мүмкіндігі, оның ассоциациялары мұндай таратуға жол береді (ActRelationship.contextConductionInd қараңыз).

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Түсіндірмесін, түсініктемелері мен мысалдарды ActRelationship.contextControlCode атрибуты туралы тараудан қар.

6.41.4 Participation.sequenceNumber :: INT.NONNEG (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Participation-дың бір типті іс-қимылға басқа Participation-ға қатысты пайда болу тәртібін айқындайтын бүтін сан (бір typeCode атрибуты).

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Егер пайда болу тәртібін емес, салыстырмалы артықшылықты көрсеткіңіз келсе, priorityNumber атрибутын пайдалану керек.

Мысалы – Сақтандыру талапарызында төлемдер тәртібін үйлестіру үшін заң қолданылатын тараптың қатысуын реттеу.

6.41.5 Participation.priorityNumber :: INT.POS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы қатынасты сол бірбастапқы іс-қимылмен басқа ұқсас типтердің қатынасынан бұрын (бір сол typeCode атрибутымен) қарастыру үшін салыстырмалы артықшылықты анықтайтын бүтін сан. PriorityNumber атрибутының төмен мәндерімен қатынастар мәні жоғары осындай атрибуттардың алдында қарастырылады.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Адамдар таңдайтын баламалардың немесе нұсқалардың арасында priorityNumber артықшылықты анықтайды. Реттеу қатаң болуы мүмкін, онда басымдықтардың барлық нөмірі бірегей болып табылады, бір сол басымдық біреуіне қатысты тағайындалатын болса, қатаң емес болып саналады.

Салыстырмалы артықшылықты емес, пайда болу тәртібін ұсыну қажеттілігі болған жағдайда, sequenceNumber атрибутын пайдаланған жөн.

6.41.6 Participation.negationInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

defaultValue қасиеті: жалған

isImmutable қасиеті: шынайы

Анықтамасы: Көрсетілген қызметтің болмағанымен, болып жатпағанымен немесе модалдығына байланысты болмауға тиіс екендігімен шарттасқан атрибут.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: «Шынайы» мәнінде белгіленген negationInd атрибутымен қатысу қайшылық жағдайында, жалған мәні бар negationInd атрибутынан басымдығы бар.

Түсіндірмесі: Бұл атрибуттың екі негізгі пайдалану нұсқасы бар: (1) нақты Role Іс-қимылға қатыспағанын немесе қатысуға тиіс еместігін көрсету үшін және (2) Іс-қимылдар арасында берілетін мәнмәтіннен қатысушыны алып тастау үшін.

Мысалы – Доктор Иманов қатысқан жоқ, пациент Балтабаев келісімге қол қойған жоқ.

6.41.7 Participation.noteText :: ED (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Қатысуға байланысты түсініктеменің мәтіндік немесе мультимедиалық бейнесі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл ескертпе тікелей қатысушыға ғана жатады.

6.41.8 Participation.time :: IVL<TS> (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Оның ішінде қатысушы осы Participation-дың жалғасында іс-қимылға қатыстырылған болып табылатын уақыт.

Түсіндірмесі: Егер қатысушының қатысуы іс-қимыл уақытының бір бөлігін ғана қамтитын болса, қатысу уақыты қажет. Бұл Participation.time атрибуты қызметтің белгілі бір типтік ішкі түрлерін көрсететіндігін білдіреді, оларды іс-қимылға тіркеудің қажеті болмауы мүмкін, бірақ олар айқын түрде қатысу типімен модельденеді.

Мысалы

1 Шығыс жүйесіне енгізілген уақыт деректері «деректерді енгізу» қатысушының Participation.time атрибуты болып табылады.

2 Автордың Participation.time соңы қол қоюмен байланысты уақыт болып табылады.

3 Доктор Джонс пациент үшін жауап берген уақыт кезеңі.

6.41.9 Participation.modeCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ParticipationMode

Анықтамасы: Рөл атқаратын Мән Іс-қимылға қатысатын тәсілдер.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Авторлар-(жасаушылар)-қатысушылар жағдайында, бұл атрибут іс-қимыл ұсынған ақпарат бастапқыда ауызша, жазбаша немесе электронды түрде берілгенін анықтау үшін пайдаланылады.

Мысалы – Физикалық қатысу, телефонмен, жазбаша хабарлама.

6.41.10 Participation.awarenessCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: TargetAwareness

Анықтамасы: Қатысу рөлін атқаратын мәннің байланысты Іс-қимыл туралы хабардарлық дәрежесі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Диагностикалық зерттеулер жағдайында пациент, отбасы мүшесі немесе басқа да қатысушы пациенттің асқынған ауруы туралы білмеуі мүмкін. Әдетте осы атрибут хабардар болудың

күмәнға ұшырағанын көрсететіндіктен, ол әдетте нысаналы объектінің Participation (мысалы, пациенттің қатысуы) сипаттайды. Егер хабардарлық, теріске шығару, ойланбаушылық және т.с.с. медициналық талқылау мәні болса (мысалы, проблемалар тізімінің бөлігі) айқын Observationды пайдалану керек: Participation осы қарапайым атрибут медициналық шешімдер қабылдауды қолдау үшін жеткілікті ақпарат ұсынуға тиіс.

Мысалы – Толық хабардар, түсінуге қабілетсіз, хабардар етілмеген.

6.41.11 Participation.signatureCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ParticipationSignature

Анықтамасы: Қатысушы қатысуды қолын қойып куәландырды ма және мұндай қол қою керек пе.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Сондай-ақ Participation.signatureText қар.

Мысалы – Хирургиялық Операция объектісі (операция туралы есеп ұсынатын) орындаушы және жауапты хирургтың және мүмкін басқа да қатысушылардың қолын талап етеді; қатысушы қол қоюға ниетті.

6.41.12 Participation.signatureText :: ED (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Қатысушы Participation.typeCode атрибутына сәйкес өзінің Іс-қимылға қатысуға жауапкершілігін растайтын және қабылдайтын қолтаңбасының мәтіндік немесе мультимедиалық бейнесі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Қолтаңба ED деректер типіне сәйкес жолда немесе сілтеме бойынша ұсынылуы мүмкін. Типтік жағдайлар:

1. Қағаз тасымалдағыштардағы қолтаңбалар: ED деректер типін электрондық интерфейсін көмегімен басылым көшірмелерінің архивынан алуға болатын құжатқа немесе басқа ресурсқа жіберуге болады.

2. Электронды қолтаңба: бұл атрибуты электронды қолтаңбаның кез келген прАстикалық схемсын ұсынуы мүмкін.

3. Сандық қолтаңба: бұл атрибут сандық қолтаңбаның стандартына сәйкес жасалатын қолтаңба блогына сілтемемен сандық қолтаңбалар ұсына алады, мысалы, XML-DSIG, PKCS#7, PGP және т.с.с.

Мысалы

1 «Автор»-қатысушы өз білімінің шамасына қарай Іс-қимыл тұжырымының дұрыстығына жауапкершілік алады.

2 Ақпаратты қабылдаушы ол ақпаратты алғаны туралы фактіні ғана растайды.

6.41.13 Participation.performInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы Participation арналған ресурс пайдалану алдында резервтелуге тиіс екендігінің көрсеткіші (яғни, ол кестемен реттеледі).

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы атрибут ресурстарды жоспарлау мәнмәтініндегі өте ерекше қажеттілік ретінде қызмет етеді: ол көптеген қатысуларды көрсетуге керек емес. Көпшілік жағдайларда ол пайдаланылуын жоспарлаушы реттейтін жабдықтың нақты орналасуына немесе элементі қатысуға қолданылады.

6.41.14 Participation.substitutionConditionCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: SubstitutionCondition

Анықтамасы: Қатысушы объекті басқа объектімен ауыстырылуы мүмкін шарттар.

6.41.15 Participation.subsetCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ParticipationSubset

Анықтамасы: Қатысу іс-қимылға байланысты бір типті қатысу жиынтығының фильтрленген ішкі жиынын білдіретін көрсеткіші.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Қатысуды бірінші, соңғы, келесі немесе қандай да бір басқа фильтрленген ішкі жиынды шектеу болған жағдайда пайдаланылады.

6.41.16 Participation.quantity :: PQ (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Іс-қимылдарында пайдаланылатын (жағылады, енгізіледі, тұтынылады, ұсынылады немесе жасалады) Participation рөлін орындаушы мәнінің шамасын анықтау.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Іс-қимылда осы мәннің белгілі бір сәні қатысатын жағдайларда пайдаланылады.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Егер іс-қимыл осы іс-қимылға қатысатын санды өзі анықтайтын болса (мысалы, SubstanceAdministration.doseQuantity немесе Supply.quantity атрибуттары), әдетте, Participation.quantity атрибутын көрсетпеген жөн. Егер ол болса, қатысудағы санының жиыны Іс-қимылда көрсетілген санды беруге тиіс.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Санның өлшем бірлігі, егер олар көрсетілсе, Entity.code және Material.formCode атрибуттары, нысаналы объектінің рөлін атқаратын Мән үшін маңызды болуға тиіс. Мысалы, «10 см түтік» бұл қалыпты, сонымен класс «10 см сиыр» қалыпты емес.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Сондай-ақ Мәннің саны анықталса, Participation.quantity атрибуты Entity.quantity атрибутын болдырмайды. Егер сіз бірнеше түрлі Іс-қимылдарды көрсеткіңіз келсе, олардың әрқайсысы өнімнің белгіленген партиясынан берілген аз санын алады. Егер Іс-қимылдың өзінің саны болса, осы санның мәні өзгеріссіз қалады. Мысалы, Жеткізілім саны түпкілікті жеткізілген санды көрсетеді. Бұл (сан) жеткізілімге кірген бастапқы өнімдердің санынан аз болуы мүмкін (мысалы, қажетті шығындар немесе артық қалдықпен байланысты).

Мысалы - 10 грамм қантты 1 шай қасық тұзбен 1 литр суда араластыру кезінде анықтамасы бар атқаратын (рөлдерді) Мәндерді қалдыру кезінде тиісті Қатысудың әрқайсында 10 г, 1 л және 1 [шай қасық Participation.quantity атрибутының мәні = ТҮР және қандай да бір сансыз.

Сан барлығын қамтитын шама, яғни есептелен сан немесе аддитивтік шама болуға тиіс, мысалы, масса (1 кг), көлем (1 л), заттың мөлшері (1 моль) немесе шаманы сипаттауға жарамды санның басқа да түрі (катализдік белсенділік).

Қатысу саны атқаратын (рөл) мәндердің санынан, егер соңғысы түпкілікті болып табылса, көп бола алмайды. Атап айтқанда, егер атқарушы (рөл) Мән жеке объекті болып табылса (мысалы, 1 мәні бар Entity.quantity атрибутымен айқын немесе айқын емес көрсетілген бір адам, бір құрылғы), онда Participation.quantity атрибутының мәні 1-ден артық бола алмайды. Сондай-ақ егер Мән бөлінбейтін объекті болса (мысалы, тағы да жеке адам немесе құрылғы), онда саны 1-ден аз бола алмайды.

Түсіндірмесі: Бұның мақсаты көптеген заттар арасындағы өзара әрекеттестікте пайдаланылуға тиіс әрбір заттың (немесе басқа өнімнің) нақты санын анықтау болып табылады.

Пайдалану мысалы рецепт болып табылады, мұнда көптеген заттардың белгілі бір саны іс-қимылмен бірге өңделеді. Айрықша жағдай - мұндағы маңызды жағдай - химиялық реакцияның іс-қимылмен сипаттамасы болып табылады. Мысалы, реакцияда: $C_6(H_2O)_6 + 6 O_2 \rightarrow 6 CO_2 + 6 H_2O$ біз Қатысу ретінде барлық 4 молекуланы көрсетеміз және сәйкесінше, молекулаларға 1, 6, 6 және 6, мәнін беру үшін с атрибуты пайдалана аламыз.

Бұл үшін реакцияда әрбір қатысуда Entity.quantity атрибутын пайдалану керек. Алайда, «сандық түрі» өте айқын емес анықтағышын жойғаннан кейін бізге реакциядағы әрбір екі зат үшін 2 Мән болуы керек: біреуі O_2 молекуласын, ал екіншісі - O_2 6 молекуладан тұратын топты білдіреді.

Дегенмен осы проблеманы елемеуге болады және О2 6 молекуласын ғана пайдалану болады, кез келгеннің санның Мәні немесе 1 О2 молекуласы және осы 6 молекуладан тұратын Мән ерекшеленетін болады. Entity.quantity атрибутын осылай ыңғайлы пайдалану болып табылады (икемсіз, бірақ проблеманың тиімді шешімі), Алайда Participation.quantity атрибутында бұл өте айқын болады.

Мысалы – Мән іс-қимылмен жеткізілетін немесе тұтынылатын рецепт компоненті ретінде немесе өзгеріссіз іс-қимыл болып қалатын қажетті ингредиент ретінде.

6.42 Класс: Patient (classCode= PAT) (*Roles заттық салада*)

Patient класының қасиеттері:

Patient класының атрибуттары:

veryImportantPersonCode :: CD

Patient класын жалпылау: *Role*

Patient класының анықтамасы: Медициналық ұйымнан медициналық қызметтерді алушы ретінде тірі объекті.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Пациент орындаушы болып табылады; медициналық ұйым анықтаушы болып табылады.

Patient класының атрибуттары:

6.42.1 Patient.veryImportantPersonCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: PatientImportance

Анықтамасы: Іс-қимыл саласын айқындайтын ұйым ұсынатын пациенттің айрықша статусы

Түсіндірмесі: Осы айрықша статусың нәтижесі артықшылықпен емдеу және айрықша күтім болып табылады.

Мысалы – Кеңес мүшесі; дипломат.

6.43 Класс: PatientEncounter (classCode= ENC) (*Acts*)

PatientEncounter класының қасиеттері:

PatientEncounter класының атрибуттары:

admissionReferralSourceCode acuityLevelCode:: CD specialArrangementCode
:: CD :: DSET<CD>

ҚР СТ ISO/HL7 21731-2019

lengthOfStayQuantity:: preAdmitTestInd:: BL
PQ.TIME
dischargeDispositionCode :: specialCourtesiesCode
CD :: DSET<CD>

PatientEncounter класын жалпылау: Ас

PatientEncounter класының анықтамасы: Денсаулық сақтаумен байланысты қызметті(терді) ұсыну мақсатында пациент пен қызметтерді жеткізушінің(лердің) арасындағы өзара әрекеттестік.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Медициналық қызметтер диспансерлеуді қамтиды.

Мысалы – амбулаториялық науқастың бірнеше бөлімшеге баруы, үй жағдайында медициналық қызмет көрсету (оның ішінде физиотерапия), стационарда болу, травматологияға бару, оқиға орнына жету (мысалы, жол оқиғасы), ауруханаға бару, кәсіби ауруларды емдеу, телефонмен шақыру.

PatientEncounter класының атрибуттары:

6.43.1 PatientEncounter.admissionReferralSourceCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: EncounterReferralSource

Анықтамасы: Пациент үшін оның келіп түсуі алдында дереу жауап беретін орынның немесе ұйымның түрі.

6.43.2 PatientEncounter.lengthOfStayQuantity :: PQ.TIME (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Оның ішінде объекті өтініш шеңберінде ұйымда болуға тиіс немесе болған уақыттың жалпы саны.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Нақты күндер санын келіп түскен және ықтимал шешілген демалысқа байланысты шығу күндерін жай есептеуге болмайды.

6.43.3 PatientEncounter.dischargeDispositionCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: EncounterDischargeDisposition

Анықтамасы: Пациенттің шығу кезіндегі статусы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Өтініш әлі де белсенді болған кезде (өтініштің соңғы күні әлі болған жоқ), бұл атрибутты шығу кезінде күтілетін

статус ретінде түсіндіру керек. Өтініш аяқталған кезде, бұл жол шығу кезіндегі нақты статустан тұрады.

Мысалы – Үйге шығарылды, болу мерзімінің аяқталуына байланысты (шығарылды), медициналық ұсынымдарға қарамастан шығару.

6.43.4 PatientEncounter.acuityLevelCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: EncounterAcuity

Шығару туралы ақпарат:

Бұл атрибут 2004 жылғы қарашада ЭАМ 2.04 шығарылымынан бастап HL7 жобаларында болашақта пайдаланудан алып тасталды. Бұл атрибут осы күнге дейін аяқталған жобаларда осы жобалар күшін жойғанға дейін пайдалануға жарамды болып қала береді.

Анықтамасы: Пациенттің келіп түсуі кезінде медициналық жай-күйінің күрделілігі (пациентті емдеудің күрделілігі, ауырлығы).

6.43.5 PatientEncounter.preAdmitTestInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы пациентті қабылдау алында тесттер қажеттілігінің көрсеткіші.

6.43.6 PatientEncounter.specialCourtesiesCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: EncounterSpecialCourtesy

Анықтамасы: Айрықша қарау немесе пациентті қабылдау мәнмәтінінде ұсынылатын қызметтер.

Мысалы – Кәсіби қатынас, VIP-қатынас, ешқандай да айрықша қатынас емес.

6.43.7 PatientEncounter.specialArrangementCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: SpecialArrangement

Анықтамасы: Пациентті қабылдау мәнмәтінінде талап етілетін айрықша жағдайлар.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Ниеттену режимдерінде қабылдау жағдайларында бұл ақпарат айрықша дайындалуды айқындау үшін пайдаланылады, оларды келіп түскен пациентке жасау керек. Бұл AccommodationEvent байланысты емес.

Мысалы – Бастауыш мектеп; аяқталған орташа мектеп білімі; аяқталған арнайы орта немесе жоғары білім.

6.44.4 Person.disabilityCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: PersonDisabilityType

Анықтамасы: Тұлғаның мүгедектігі.

Мысалы – Көру бұзылыстарымен, есту бұзылыстарымен.

6.44.5 Person.livingArrangementCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: LivingArrangement

Шығару туралы ақпарат:

2007 жылғы 13 наурыздағы үйлестіру мәжілісінде осы атрибут HL7 жобалық модельдерінде болашақта пайдалану үшін алып тасталған болатын. Болашақ пайдаланушыларға осы деректерді тиісті тақырып бойынша «Observation» ретінде ұсыну керек.

Анықтамасы: Тұлғаның тұрғын үй жағдайы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибут шығаруды жоспарлау, алеуметтік жағдайын бағалау және психоәлеуметтік бағалау үшін пайдаланылады.

Мысалы – Тәуелсіз үй шаруашылығы; мекеме; қарттар үйі (медициналық қызмет көрсетілетін); тұрақты күтімге мұқтаж науқастарға арналған санаторий типтес емдеу мекемесі; қарттарға арналған интернат немесе қалашық.

6.44.6 Person.religiousAffiliationCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ReligiousAffiliation

Анықтамасы: Тұлғаның басты діни артықшылығы.

Мысалы – Индуизм, ислам, римдік католик шіркеуі.

6.44.7 Person.raceCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: Race

Анықтамасы: Тұлғаны ортақ тарихи, келбеті, географиялық шығуы немесе ұлты ортақ адамдардың атаулы санатына жатқызатын код.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибут адамның сеніміне немесе қандай да бір формалды генетикалық немесе генеалогиялық қатынастар негізінде емес, осы атрибут туралы мәлімдеген адамға негізделуге тиіс.

6.44.8 Person.ethnicGroupCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: Ethnicity

Анықтамасы: Тұлғаны ортақ нақты немесе болжанған мұрасы бар адамдар санатына жатқызатын код.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибут адамның сеніміне немесе қандай да бір формалды генетикалық, генеалогиялық немесе тарихи қатынастар негізінде емес, осы атрибут туралы мәлімдеген адамға негізделуге тиіс.

6.45 Класс: Place (classCode= PLC) (Entities заттық салада)

Place класының қасиеттері:

Place класының атрибуттары:

mobileInd :: BL directionsText :: ED gpsText :: ST.SIMPLE
addr :: AD positionText :: ED

Place класын жалпылау: Entity

Place класының анықтамасы: Шектеулі физикалық орын немесе объекті, оның ішінде кез келген құрылыстар.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Орын табиғи немесе жасанды болуы мүмкін. Орынның географиялық орналасуы тұрақты немесе тұрақсыз болуы мүмкін. Орын жұмыс объектілері (тиісті іс-қимылдар болатын), үй (адамдар тұратын) немесе кеңселер (адамдар жұмыс істейтін) болуы мүмкін. Орындарда ішкі орындар болуы мүмкін (қабат, бөлме, дүңгіршек, кереует). Сондай-ақ орындар денсаулық сақтау, әлеуметтік жұмыс, денсаулық сақтауға әкімшілік басшылық мәнмәтінінде зерттелетін объектілер болуы мүмкін (мысалы, ғимараттар, серуенге арналған орындар, бала бақшалар, түрмелер, округтер, штаттар және эпидемиологиялық оқиғалар мақсаттары).

Мысалы – Дала, көл, қала, округ, штат, ел, учаске (жер), ғимарат, құбыр, электр беру желісі, ойын алаңы, кеме, жүк машинасы

Place класының атрибуттары:

6.45.1 Place.mobileInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Объектінің бір орыннан екіншісінен еркін қозғалу мүмкіндігі болуының көрсеткіші.

Мысалы – Барлық кемелердің, ұшу аппараттарының және жедел жәрдем машиналарының денсаулық сақтау іс-қимылдарына қатысу мүмкіндігі бар.

6.45.2 Place.addr :: AD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Орынның физикалық мекенжайы.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Орынның физикалық орналасу картада анықтайтын мекенжай болуға тиіс.

6.45.3 Place.directionsText :: ED (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы орынға жүгінген мәндер үшін пайдалы орынмен байланысты ақпаратты беретін кәдімгі мәтіндік ескертпе.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Егер мекенжай ақпараты жеткіліксіз болған, GPS ақпарат қолжетімсіз және/немесе осы орынға барған мән GPS ақпаратты пайдалана алмаған жағдайда бұл атрибут орынды іздеу бойынша нұсқауларды қамтуы мүмкін. Сондай-ақ ол осы орынға баратын адамдар үшін пайдалы ақпаратты қамтуы мүмкін.

Мысалы – Оң жақтағы соңғы үй; егер үй иесі болмаса, оның орналасқан жерін төмендегі жолдағы көршіден біліңіз.

6.45.4 Place.positionText :: ED (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Картографиялық схема шегінде орынды айқындайтын кодтар жинағы.

Мысалы – АҚШ Геологиялық қызметінің карталарына арналған картографиялық координаттар (USGS).

6.45.5 Place.gpsText :: ST.SIMPLE (0..1)

қамтымайды. Сондай-ақ осы физикалық өзгеріс объекті үшін пайдалы ретінде бағалана ма немесе болжана ма маңызды емес: осы Іс-қимылдың, шын мәнісінде, объектінің физикалық жағдайының өзгерісі маңызды болып табылады.

Ем-шара мен басқа да нақты операциялардың арасындағы таңдау осы физикалық өзгеріс қызметтің немесе қызмет сатысының қажетті соңғы шарты болып табылатындығына негізделеді. Мысалы, кейде рентгеноскопия «ем-шара» деп айтылуы мүмкін, біра ол ЭАМ мәнінде Ем-шара болып табылмайды, өйткені рентген суреті ағзаның физикалық жағдайын өзгерту үшін жасалмайды.

Көптеген клиникалық операциялар Observation және Procedure типті Іс-қимылдарды бір тұтас біріктіреді. Мысалы, инвазивтік радиология барысында (мысалы, катетерлік тромбозис) Observation және емдеу орындалады, көптеген хирургиялық ем-шараларға Observation зерделі және белгілі сатылары кіреді. Сәйкесінше, бұл клиникалық операциялар әр қайсысы тиісті типке жататын көптеген компоненттердің ішіндегі Act ұсынылады.

Мысалы – Ем-шаралар дененің кейбір бөліктерін кесуді қамтуы мүмкін (мысалы, хирургиялық ем-шарада тілу), бірақ сондай-ақ олар шыққан буынды түзету, хиропратикалық емдеу, массаж, бальнеотерапия, акупунктура, шиацу және т.с.с. сияқты консервативтік ем-шараларды да қамтиды. Клиникалық медицинадын тыс, ем-шаралар қоршаған ортанның өзгерістері сияқты заттары (мысалы, өзен саласын түзету, батпақтарды құрғату, бөгеттер құрылысы) немесе жөндеу немесе жабдықты өзгерту және т.с.с. болуы мүмкін.

Procedure класының атрибуттары:

6.46.1 Procedure.methodCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ProcedureMethod

Анықтамасы: Ем-шараны орындау үшін пайдаланылатын құрал немесе әдіс.

Түсіндірмесі: Жалпы алғанда бірдей нәтижемен кез келген ем-шараны орындаудың бірнеше түрлі әдісі болуы мүмкін, бірақ есепті мұқият түсіндіру үшін оларды білу маңызды (мысалы, холецистэктомия: лапароскопиямен салыстырғанда ашық). Әдістердің тұжырымдамалары Іс-қимылдың анықтамасында ладын ала келісілуі мүмкін. Бірнеше ықтимал әдістер бар, олардың барлығы Ем-шараның нақты түріне байланысты, сондықтан барлық әдістердің терминологиялық кеңістігін анықтау қиын болады. Алайда ем-шараның әрбір белігі тұжырымы үшін қолжетімді әдістердің жинағын айқындатын кодты жүйені жасауға болады. Осылайша, Ем-шараға тапсырыс беретін пайдаланушы әдіс кодының көмегімен іс-қимылдың бірнеше

нұсқаларынан біреуін таңдай алады. Әдістің қолжетімді әдістері де әрбір белгілі ем-шара үшін негізгі қызметтер каталогында айқындалуы мүмкін. Іс-қимылды анықтау жөніндегі жазбаларда (Act.moodCode = DEF), methodCode атрибуты пайдалану тапсырыс беру кезінде таңдай алатын немесе нәтижелерді алу кезінде күтетін барлық қолжетімді әдістер кодтарының жинағын білдіреді.

Дәрілерді қолдану жағдайында әдіс көбінесе routeCode атрибутының көмегімен беріледі. Егер routeCode атрибуты қосымша детализацияны талап етсе ғана, осы атрибут қажет. Мысалы, егер routeCode атрибуты «ауыз арқылы» мәніне ие болса, әдіс туралы ешқандай қосымша ақпарат талап етілмейді. Алайда егер routeCode атрибуты «көктамыр ішіне» немесе «бұлшықет ішіне» мәніне ие болса, осы атрибутта нақты қолдану әдісі көрсетілуі мүмкін (мысалы, сәйкесінше, «баяу болюсті инъекция» немесе «Z-тәрізді инъекция»).

Қолдану тәсілі (routeCode), қолдану орны (approachSiteCode) және қолдану әдісі Substance Administrations тығыз байланысты. Барлық үшеуі (егер болса) мұқият үйлестірілуі және келісілуге тиіс. Кейбір жағдайларда бір элементті анықтау үшін пайдаланылатын кодты жүйе бір немесе одан да көп басқа элементтерді алдын ала келістіруі мүмкін.

6.46.2 Procedure.approachSiteCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActSite

Анықтамасы: Ол арқылы ем-шара өз мақсатына қол жеткізетін анатомиялық орын немес жүйе.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Егер Observation объектісі адам немесе жануар емес болса, бұл атрибут осы іс-қимыл шоғырланған объектінің құрылымдық элементін көрсету үшін осыған ұқсас түрде пайдаланылады.

Кейбір енгізу орындары Іс-қимылдың анықтамасында алдын ала берілуі мүмкін, сондықтан дененің басқа жерлерін таңдау мүмкіндігі болмауы мүмкін. Бір сол ақпараттық құрылымды орынды алдын ала немесе кейінгі анықтау жағдайында пайдалануға болады.

Substance Administrations (routeCode), енгізу орны (approachSiteCode), енгізу әдісі (methodCode) және енгізу кезінде пайдаланылатын құрылғы тығыз байланысты. Барлық төртеуі (егер болса) мұқият үйлестірілуі және келісілуге тиіс. Кейбір жағдайларда бір элементті анықтау үшін пайдаланылатын кодты жүйе бір немесе одан да көп басқа элементтерді алдын ала келістіруі мүмкін.

Мысалы

1 Нефректомия кезінде құрсақ арқылы немесе бастапқы құрсақ енгізуі пайдаланылуы мүмкін.

2 Өкпе артериясының катетері өкпе күретамырына арналған, бірақ, әдетте, енгізу орны мойындағы ішкі ұйқы күретамыры немесе бұғана ойығындағы бұғана көктамыры болып табылады.

3 Дәрілерді қолдану жағдайында, бұл дәрі енгізілетін немесе жағылатын анатомиялық орын.

4 Инвазивтік ем-шаралар жағдайында, мысалы, акупунктура, енгізу орны терінің тесілетін аймағы.

6.46.3 Procedure.targetSiteCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ActSite

Анықтамасы: Ем-шара мақсаты болып табылатын анатомиялық орын немесе жүйе.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Егер Observation объектісі адам немесе жануар емес болса, бұл атрибут осы іс-қимыл шоғырланған объектінің құрылымдық элементін көрсету үшін осыған ұқсас түрде пайдаланылады.

Кейбір нысаналы орындары іс-қимылдың анықтамасында алдын ала берілуі мүмкін, сондықтан дененің басқа жерлерін таңдау мүмкіндігі болмауы мүмкін. Бір сол ақпараттық құрылымды нысаналы орынды алдын ала немесе кейінгі анықтау жағдайында пайдалануға болады.

Мысалы

- 1 Нефрэктомия кезінде нысаналы орын оң немесе ол жақ бүйрек болуы мүмкін
- 2 Өкпе артериясының катетері өкпе артериясы үшін арналған.
- 3 Инвазивтік емесе ем-шаралар жағдайында, мысалы, акупунктура, нысаналы орын оған ықпал етуге ұмтылатын орган/жүйе (мысалы, бауыр).

6.47 Класс: PublicHealthCase (classCode= CASE) (Acts)

PublicHealthCase класының қасиеттері:

PublicHealthCase класының атрибуттары:

detectionMethodCode::CD	transmissionModeCode::	diseaseImportedCode ::
	CD	CD

PublicHealthCase класын жалпылау: Observation

PublicHealthCase класының анықтамасы: Халық немесе адамдар топтары үшін айрықша мәні бар жағдайды немесе оқиғаны, жағдайлар немесе оқиғалар жиынын білдіретін қадағалау.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Әдетте, қоғамдық денсаулықты қорғау жағдайы тіркеуге тиесілі жұқпалы аурулардың немесе басқа да жай-күйдің түрін немесе түрлерін қамтиды. Ол бір адамға қатысты денсаулық сақтаумен байланысты оқиғаны қамтуы мүмкін немесе ол қоғамдық денсаулық үшін қызығушылық туғызатын бір аурудың немесе жағдайдың

түрлері болып табылатын, денсаулық сақтаумен байланысты оқиғалардың жиынына жатады. Қоғамдық денсаулық сақтау жағдайының анықтамасы (Act.moodCode = «анықтама») қоғамдық денсаулық сақтау үшін қызығушылық туғызатын аурумен немесе жағдаймен байланысатын клиникалық, зертханалық және эпидемиологиялық көрсеткіштердің сипатын қамтиды. Тіркеуге жататын және тіркеуге жатпайтын жай-күйге арналған жағдайлардың анықтамалары бар. Сондай-ақ (аурудың) таралу жағдайларының анықтамалары бар. Қоғамдық денсаулықты қорғау жағдайының анықтамасы қоғамдық денсаулық сақтау жағдайларды есептеу мақсатында қолданатын және емдеуге клиникалық көрсетімдер ретінде пайдаланылмауға тиіс конструкцияны білдіреді.

Мысалы – ЖҚТҚ, уытты шок синдромы, сальмонеллез (жағдайды анықтау үшін пайдаланылатын байланысты көрсеткіштер).

PublicHealthCase класының атрибуттары:

6.47.1 PublicHealthCase.detectionMethodCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: CaseDetectionMethod

Анықтамасы: Оның көмегімен денсаулық сақтау басқармасына осы жағдай туралы белгілі болған әдіс.

Мысалы – Жеткізушінің (медициналық қызметтер) есебі, зертханалық есеп, жағдайды немесе (аурудың) таралуын зерттеу.

6.47.2 PublicHealthCase.transmissionModeCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: CaseTransmissionMode

Анықтамасы: Қоғамдық денсаулық сақтауды қорғау жағдайына енгізілген тірі объекті ауру жұқтырған тәсіл.

Мысалы – Жыныстық жолмен, ауа-тамшы жолымен және тасымалдаушымен берілген аурулар.

6.47.3 PublicHealthCase.diseaseImportedCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: CaseDiseaseImported

Анықтамасы: Қадағалау құзыретінің шегінен тыс ауру жұқтыру ықтималдығы, егер осылай болса, құзыреттер арасындағы қатынастардың сипаты.

Мысалы – Әкелген жоқ, басқа құзыреттен әкелінді, анықтау үшін ақпарат жеткіліксіз.

6.48 Класс: QualifiedEntity (classCode= QUAL) (Roles заттық салада)

QualifiedEntity класының қасиеттері:

QualifiedEntity класының атрибуттары:

equivalenceInd :: BL

QualifiedEntity класын жалпылай: Role

QualifiedEntity класының анықтамасы: Белгілі дайындығы, тәжірибесі немесе басқа да мінездемелері бар болып табылған мән, олар осы мәнді белгілі бір қызметті орындауға лайықты етеді.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Білікті мән орындаушы болып табылады; іс-қимыл саласын анықтаушы ұйым болып табылады, ол мәнге білім немесе біліктілік береді. Білікті мән LicenseEntity супержиыны болып табылады.

Білікті мән класының атрибуттары:

6.48.1 QualifiedEntity.equivalenceInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Іс-қимыл саласын анықтаушы Рөлдер атрибутында кодталған терминнің баламалы қалыпты анықтамасы дағдыларының комбинациясы болып танылатын көрсеткіш.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Егер осы атрибут шынайы болып табылса, білікті мән рөлі іс-қимылының саласын анықтаушы Role.code атрибутында кодталған терминнің баламаға қалыпты анықтамасы дағдыларының комбинациясын мойындайтындығын тұжырымдайды.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Егер шынайы болмаса, нені білдіреді?

Мысалы – Бакалавр дәрежесі (балама), дәрігерлік күтім жөніндегі бакалавр (балама), стоматология жөніндегі бакалавр (балама).

6.49 Класс: QueryAck (QueryControl)

QueryAck класының қасиеттері:

QueryAck класының атрибуттары:

QueryAck класын жалпылау: QueryEvent

QueryAck класының анықтамасы: Сұратуға жауап.

QueryAck класының атрибуттары:

6.49.1 QueryAck.queryResponseCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: QueryResponse

Анықтамасы: Сұратудың түпкілікті статусы.

6.49.2 QueryAck.resultTotalQuantity :: INT.NONNEG (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Өңделген сұрату ерекшелігінің сәйкестік саны.

6.49.3 QueryAck.resultCurrentQuantity :: INT.NONNEG (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Жауапқа енгізілген, өңделген сұрату ерекшелігінің
queryResponseCode::CS resultCurrentQuantity:: continuationToken::
INT.NONNEG ST.SIMPLE

resultTotalQuantity:: resultRemainingQuantity
INT.NONNEG :: INT.NONNEG

сәйкестіктер саны.

6.49.4 QueryAck.resultRemainingQuantity :: INT.NONNEG (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Енді қабылдаушыға жіберілуге тиіс өңделген сұрату ерекшелігінің сәйкестіктер саны.

6.49.5 QueryAck.continuationToken :: ST.SIMPLE (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Сұратулар сервері жай-күйінің ұзақтығы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: ContinuationToken атрибутының құрылымы сұрату серверімен анықталады.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Query Infrastructure қарастырылмайды.

queryResponseCode:: CS	resultCurrentQuantity:: INT.NONNEG	continuationToken:: ST.SIMPLE
resultTotalQuantity:: INT.NONNEG	resultRemainingQuantity :: INT.NONNEG	

Формалды шектеу: Егер осы атрибуттың мәні сұратулар серверімен анықталса, сұратулар жүйесі queryContinuation.continuationToken атрибутына осы мәнді сұратуды жалғастыру/бас тарту бойынша кез келген келесі өзара әрекеттерде беруге тиіс.

6.50 Класс: QueryByParameter (*QueryControl* заттық салада)

QueryByParameter класының ассоциациялары:

parameter::(0..*) Parameter::**queryByParameter::(0..1)**

QueryByParameter класын жалпылау: QuerySpec

QueryByParameter класының анықтамасы: QRD/QRF сұрату форматының орнына ұсынылған HL7 сұрату форматы.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Сұрату форматы жабық болып есептеледі, өйткені деректер сервері сұрату сәйкестігі туралы өтінімде жарияланатын параметрлердің бекітілген тізімін анықтайды.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Сұрату анықтамаларында параметр бойынша сұрату мен таңдау бойынша сұрату арасындағы нақты айырмашылықтары берілмейді және «Сұрату инфрақұрылымы» құжатында Таңдау бойынша сұрату қарастырылмайды. Бұл анықтама нақтылауды немесе алып тастауды талап етеді. Бұл класс абстрактті болып табылады және жеке атрибуттары (оны жалпылау және мамандардыру атрибуттарынан басқа) жоқ.

6.51 Класс: QueryContinuation (*QueryControl* заттық салада)

QueryContinuation класының қасиеттері:

QueryContinuation класының атрибуттары:

startResultNumber:: INT.POS	continuationQuantity:: INT.NONNEG	continuationToken:: ST.SIMPLE
--------------------------------	--------------------------------------	----------------------------------

QueryContinuation класын жалпылау: QueryEvent

QueryContinuation класының анықтамасы: Қосымша деректерді сұрату.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл класс сұратуға жауапты логикалық жалғастыруды Observation үшін қосымшалар деңгейінде талап етілетін сұрату бастамашысының жай-күйі туралы ақпаратты қолдайды.

QueryContinuation класының атрибуттары:

6.51.1 QueryContinuation.startResultNumber :: INT.POS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Сұратуға келесі жауап хабарламасында басталуға тиіс бастапқы сұрату нәтижелерінің жинағындағы дана нөмірі.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Анықтауды растау.

6.51.2 QueryContinuation.continuationQuantity :: INT.NONNEG (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Сұратуға келесі жауап хабарламаға оралу үшін даналардың сәйкестік саны. Егер осы атрибуттың мәні «0» белгіленсе, ол сұратуды жабу/аяқтау керек екендігін көрсетеді.

6.51.3 QueryContinuation.continuationToken :: ST.SIMPLE (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Жауап беретін жүйе айқындайтын continuationToken атрибуты.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Сұратылған жүйе жауап беретін жүйе дұрыс сұратуды бағалауға көз жеткізу үшін continuationToken атрибутын пайдаланады.

Формалды шектеу: Егер жауап беретін жүйе queryAck.continuationToken атрибутын бағаласа, сұрату жүйесі сұратуды жалғастыру немесе бас тарту бойынша келесі өзара әрекеттерде queryContinuation.continuationToken атрибутын қосуға тиіс.

6.52 Класс: QueryEvent (QueryControl)

QueryEvent класының қасиеттері:

QueryEvent класының атрибуттары:

queryId :: II statusCode :: CS

QueryEvent класының ассоциациясы:

controlAct::(1..1) ControlAct::queryEvent::(0..1)

QueryEvent класын жалпылау: InfrastructureRoot

QueryEvent класының мамандандырылуы:

QueryAck

QueryContinuation

QuerySpec

QueryEvent үшін соңғы автомат

QueryEvent класының анықтамасы: Хабарлама-сұрату бойынша барлық өзара әрекеттерді жалпылайтын абстрАктлі қатар.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: ЭАМ сұрату мүмкіндіктері бойынша қосымша ақпаратты «Query Infrastructure» құжатының «Ерекшелік инфрақұрылымы, хабарлама алмасу» тарауынан қар.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Логикалық дәлелдеу мақсаты түсініксіз; жойылды.

Анықтамалар «*Query Infrastructure*» құжатымен байланысты; өзгерістерді синхрондаңыз.

QueryEvent класының атрибуттары:

6.52.1 QueryEvent.queryId :: II (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Сұратудың бірегей сәйкестендіргіші.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл сәйкестендіргіш бастапқы сұратумен жауап хабарламаларды салыстырады. QueryEvent.queryId атрибуты сұратуды жалғастыру кезінде өзара әрекеттер жиынында өзгеріссіз қалуы мүмкін.

6.52.2 QueryEvent.statusCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: QueryStatusCode

Анықтамасы: QueryEvent класының - оның жеке соңғы автоматтағы жағдайын көрсетеді.

6.52.3 Машина состояний для QueryEvent (жай-күй атрибуты statusCode болып табылады)

Акт арналған жай-күй диаграммасы В қосымшасында (15-сурет).

QueryEvent класының жай-күйі:

ҚР СТ ISO/HL7 21731-2019

- үзілген (aborted):
- жеткізілген жауап (deliveredResponse):
- орындалу (executing):
- жаңа (new):
- сұратуды жалғастыруға жауап күту (waitContinuedQueryResponse):
QueryEvent класы жай-күйінің ауысуы:
- үзу (*жеткізілген жауаптан үзуге дейін*)
- сұратуды жалғастыруды бастау(*жеткізілген жауап орындауға дейін*)
- үзу (*орындаудан үзуге дейін*)
- бастапқы сұратуға жауапты аяқтау (*орындау жеткізілген жауапқа дейін*)
- сұратуды жалғастыруды аяқтау (*орындаудан жеткізілген жауапқа дейін*)
- сұрату ерекшелігін орындау (*жаңадан орындауға дейін*)
- Жасау (*нөлден жаңаға*)

6.53 Класс: QuerySpec (*QueryControl заттық салада*)

QuerySpec класының қасиеттері:

QuerySpec класының атрибуттары:

modifyCode :: CS	responsePriorityCode ::CS	initialQuantityCode:CD
responseModalityCode ::CS	initialQuantity:: INT.POS	executionAndDeliveryTime :: TS

QuerySpec класының ассоциациясы:

sortControl::(0..*) SortControl::querySpec::(1..1)

QuerySpec класын жалпылау: QueryEvent

QuerySpec класының мамандандырылуы: QueryByParameter

QuerySpec класының анықтамасы: Сұратуда қолданылуға тиіс өлшемшарттар және күтілетін жауаптар.

QuerySpec класының атрибуттары:

6.53.1 QuerySpec.modifyCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ModifyIndicator

Анықтамасы: Сұратуға жазылу жаңа болуын немесе өзгерту процесінде екенін көрсету.

Жобалау бойынша түсініктемелер: Егер бұл индикатор болса, неліктен ол бульдік емес?

6.53.2 QuerySpec.responseModalityCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ResponseModality

Анықтамасы: Жауап даналарын синхрондау және топтастыру.

Мысалы – Пакет, нақты уақыт ауқымында, дискретті.

6.53.3 QuerySpec.responsePriorityCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: QueryPriority

Анықтамасы: Сұратылған қосымша жауап күтетін уақыт аралығы.

Мысалы – Жедел, кейінге қалдырылған.

6.53.4 QuerySpec.initialQuantity :: INT.POS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Сұрату қосымшасы қабылдауы мүмкін жауаптың барынша көлемі.

6.53.5 QuerySpec.initialQuantityCode :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: QueryRequestLimit

Анықтамасы: InitialQuantityCode атрибутында көрсетілген көлемді шектеумен байланысты өлшем бірліктері.

Мысалы – (100) жазба.

6.53.6 QuerySpec.executionAndDeliveryTime :: TS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Жауап қайтаруға тиіс уақытты көрсетеді. Егер сұрату басымдығы «кейінге қалдырылған» мәніне ие болса, онда executionAndDeliveryTime атрибутын жауап жіберілуі керек уақыт ретінде түсіндіру керек. Егер сұрату басымдығы «жедел» мәніне ие болса, онда

executionAndDeliveryTime атрибутын жауап беру жүйесі жауапты жіберуі керек уақыт ретінде түсіндіру керек.

6.54 Класс: Role (classCode= **ROL**) (*Roles заттық салада*)

Role класының қасиеттері:

Role класының атрибуттары:

classCode :: CS	addr :: COLL<AD>	confidentialityCode :: DSET<CD>
id :: DSET<II>	telecom :: COLL<TEL>	quantity :: RTO
code :: CD	statusCode :: CS	priorityNumber :: INT.POS
negationInd :: BL	effectiveTime :: QSET<TS>	positionNumber :: LIST<INT.NONNEG>
name :: COLL<EN>	certificateText :: ED	

Рөл класының ассоциациялары:

participation::(0..*) Participation::**role**::(1..1)
inboundLink::(0..*) RoleLink::**target**::(1..1)
outboundLink::(0..*) RoleLink::**source**::(1..1)
player::(0..1) Entity::**playedRole**::(0..*)
scoper::(0..1) Entity::**scopedRole**::(0..*)

Role класын жалпылай: InfrastructureRoot

Role класының мамандандырылуы:

Access	LicensedEntity	QualifiedEntity
Employee	Patient	RoleHeir

Role класы үшін жай-күй машинасы

Анықтамасы: Рөлдің қолданылу саласын анықтайтын мәнмен сәйкестендірілген, айқындалған, кепілдендірілген немесе расталған Рөлді атқаратын мәннің құзыреттілігі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Мән іс-қимылға нақты рөл түрімен қатысады. Назар аударыңыз, нақты рөлдегі нақты мән іс-қимылға түрлі тәсілдермен қатысуы мүмкін. Осылайша, прАстикадағы дәрігер рөліндегі Тұлға штаттан тыс дәрігер немесе емдеуші дәрігер ретінде пациентті қабылдауға қатыса алады. Role әннің құзыреттілігін іс-қимылдың қолданылу аясымен шектелетін Participation қарағанда іс-қимылға қатыссыз айқындайды.

Әрбір рөлді «орындаушы» деп аталатын бір мән «орындайды» және «таратушы» деп аталатын басқа мәнмен «таратылады». Осылайша, «пациенттің» рөлін тұлға (адам) орындай алады және пациент қызметтер

алатын жеткізуші ұйымнан бөлінеді. Осыған ұқсас, жұмыс беруші «жалдамалы жұмыскер» рөлін таратады.

Role сәйкестендіргіш осы рөлді атқаратын мәнді айқындайды. Осы сәйкестендіргішті таратушы орындаушыға береді. Таратушыға сәйкестендіргіш шығару міндетті емес, бірақ ол қолданыстағы сәйкестендіргішті қайта пайдалана алады.

Рөл атрибуттарының көпшілігі нақты рөлдегі мәннің-орындаушының атрибуттары болып табылады.

Role класының атрибуттары:

6.54.1 Role.classCode :: CS (1..1) Mandatory

Сәйкестік қасиеті: R

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: RoleClass

Анықтамасы: Role класының данасына тиесілі Role негізгі класы.

Бұл атрибут Role класы «типтерінің» қатаң бақыланатын терминологиясын қамтамасыз етеді, ол ЭАМ-мен дауысқа түседі және типтерді санамалап көрсету үшін пайдаланылуы мүмкін, ЭАМ-дағы физикалық класс ретінде көрсетілуі мүмкін, бірақ көрсетілмейді, өйткені оның бірегей мәні болса да, ол бірегей атрибуттарды немесе бірегей ассоциация схемаларын талап етпейді. «Code» атрибуты осы Рөл класы типінің айрықша типін айқындайды және осы кіші типтерді ұсынуға арналған түрлі терминологиялы пайдалануға рұқсат етуге арналған.

6.54.2 Role.id :: DSET<II> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы Рөл орындаушы-мәннің бірегей сәйкестендіргіші.

6.54.3 Role.code :: CD (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: RoleCode

Анықтамасы: Role класының данасына тиесілі Role класының айрықша түрі.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Role.code атрибуты Role.classCode атрибутының тиісті мамандандырылуы болуға тиіс.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Role.code атрибуты Role.classCode атрибутын өзгертпейді. Керісінше, олардың әрқайсысы тұтас тұжырымдама немесе екі Мәннің арасындағы рөл тәрізді қатынас болып табылады, бірақ

Role.code атрибуты Role.classCode атрибутына қарағанда анағұрлым мамандандырылған болуы мүмкін.

Осы атрибут («classCode» атрибутымен айқындалатын) Role класының осы түрінің ерекше ішкі типін айқындайды. Ол «classCode» атрибутымен айқындалатын Role класы типтерінің шектеулі жиынтығы ішкі типтерін ұсынуға арналған түрлі терминологияны пайдалануға рұқсат етеді.

Жобалау бойынша түсініктемелер: CE деректер типі алынып тастауы мүмкін, CD кодты талап етеді.

6.54.4 Role.negationInd :: BL (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

defaultValue қасиеті: жалған

isImmutable қасиеті: шынайы

Анықтамасы: Осы рөл аталған рөлді атқаратын мәнге белгілі бір түрде тіркелмейтін құзыреттілік болып табылатындығын көрсететін атрибут.

Мысалы

1 Бұл адам біздің қызметкер емес.

2 Осы ауызға арналған шайғыштың құрамында спирт жоқ.

6.54.5 Role.name :: COLL<EN> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Негізінен, осы Рөлді орындау кезінде пайдалануға арналған, орындаушы-мән үшін бірегей емес мәтіндік сәйкестендіргіш немесе мониторинг.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Әдетте, аты-жөні Entity.name атрибутының көмегімен анықталады. Егер стандартта басқа рөлдерге қарама-қарсы бір рөлде мәнге сілтеме кезінде жарайтын түрлі аты-жөнін ажырату талабы көрсетілсе ғана Role.name атрибуты пайдаланылады.

Мысалы – Жалдамалы жұмыскер, лицензияланған маман және т.с.с. ретінде пайдаланылатын атаулар.

6.54.6 Role.addr :: COLL<AD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы рөлдегі мәннің пошталық мекенжайы.

6.54.7 Role.telecom :: COLL<TEL> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы рөлдегі мәннің телекоммуникациялық мекенжайы.

6.54.8 Role.statusCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: RoleStatus

Анықтамасы: Осы Рөлдің жай-күйді ауыстыру моделінде анықталатын жай-күйі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибут бастапқы ЭАМ-де соңғы автоматтардағы енгізілген жай-күйдің қатысумен байланысты қайталанатын ретінде анықталды. Алайда прАстикада бірден артық жай-күйдің мәнін беруге ешқашан қажеттілік жоқ. Сондықтан, комитеттер осы атрибуттың барынша реттілігін хабарламалардың барлық конструкцияларында шектеуді ұсынады.

6.54.9 Role.effectiveTime :: QSET<TS> (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Егер мұндай уақыт бойынша шектеу қолданылса және белгілі болса, оның ішінде осы Рөл жарамды болып табылатындығын көрсететін уақыт аралығы.

6.54.10 Role.certificateText :: ED (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы рөлді орындаушы-мән іс жүзінде орындайтынын растайтын, таратушы мән шығаратын сертификаттың мәтіндік немесе мультимедиялық көрінісі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Сертификат объектісі осы рөлді атақартын мән болып табылады. Сертификатты шығарушы осы рөлді тарататын мән болып табылады. Сертификат ED деректер типіне сәйкес, көптеген тәсілдермен немесе мәтін ішінде немесе сілтеме бойынша ұсынылуы мүмкін.

Мысалы

1 Қағаз тасымалдағыштағы сертификат: басылым көшірмелерінің архивінен электронды интерфейснің көмегімен алуға болатын құжат немесе файл.

2 Электронды сертификат: бұл атрибут электронды сертификаттың кез келген түрін ұсына алады, мысалы, электронды қолтаңбасы бар (оның ішінде сандық) электронды мәтіндік құжат.

3 Сандық сертификат (ашық кілттер сертификаты): атап айтқанда, бұл атрибут деректердің ішкі мәтіндік блогы түрінде немесе осындай деректерге сілтемелер көмегімен сандық сертификаттарды ұсына алады. Сертификат деректерінің блогы X509, SPKI, PGP және т.с.с. сияқты сандық сертификат стандарттарына сәйкес жасалуға тиіс.

6.54.11 Role.confidentialityCode :: DSET<CD> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: Confidentiality

Анықтамасы: Ақпараттың элементі қаншалықты құпия екендігін айқындайтын және/немесе ақпараттың қолжетімділігін немесе ашылуын қамтамасыз ету тәсілдерін көрсететін кодтар.

6.54.12 Role.quantity :: RTO (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Қатынас (алым: бөлім), онда бөлімі осы рөлді атқаратын мәннің шамасын көрсетелі, алымы осы рөлді тарататын мәннің шамасын көрсетеді. Осылайша, осы қатынас «қамтитын» мәннің «құрамындағы» мәннің салыстырмалы шамасын анықтайды.

Қолданылуы бойынша шектеулер: Бұл атрибут таратушы және атқарушы мәндер арасындағы композицияның қатынастарын білдіретін Рөлдер үшін пайдаланылады. Бұл атрибуттар RoleClassPartitive (2.16.840.1.113883.1.11.10429) мәндері жиынының мүшелері болып табылатын қатарлардың кодтарын шектейді

Қолданылуы бойынша шектеулер: Алымның және бөлімнің өлшем бірліктері орындаушы және таратушы мәндердің Entity.code және Material.formCode атрибуттары үшін маңызды болуға тиіс. Әдетте, олар (алымы және бөлімі) өлшемсіз (мысалы, 1 комитетте 10 адам) болады немесе заттың салмағын, санын немесе көлемін білдіреді. Алымның және бөлімнің өлшем бірліктерінің бірдей болуы міндетті емес. Мысалы, 5 мл-ге 10 мг.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Осы қатынас әрқашан салыстырмалы санды білдіреді. Яғни, рөлдің 10 мл-ға 5 мг саны 10 мл таратушыға нақты 5 мг бар дегенді ешқашан білдірмейді. Мәндердің нақты саны Entity.quantity атрибутын немесе таратушы мәнге сілтеме жасайтын қатысу немесе іс-қимылдардың сандық атрибуттарын қарастырумен анықталуға тиіс. Мысалы, егер SubstanceAdministration.doseQuantity атрибуты 10 мл-ге 5 мг сандық атрибуты бар белсенді ингредиент рөліндегі шәрбатты қабылдау жағдайында «5 мл» мәніне ие болса, онда осы Іс-қимыл 2,5 белсенді ингредиенттен тұратын 5 мл шәрбатпен байланысты.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Композициялар қатынасында (мысалы, иелену-бөлігі, иелену-ингредиент, иелену-мазмұн) Role.quantity атрибуты нысаналы мән алымының саны мұндай композиция қатынасының бастапқы мәні бөлімінің санымен қосылады. Мысалы, егер қорапта (бастапқы объект) 10 жұмыртқа (нысаналы объект) болса, қатынастың саны 10:1 тең; егер 0.6 мл-де 75 мг FeSO₄ болса, ингредиенттер қатынасының саны 75 мг : 0.6 мл тең. Алымы да, бөлімі де көлемдік шамалар боулы тиіс (экстенсивтік

шамалар, яғни, есептелетін сан, масса, көлем заттардың саны, энергия көлемі және т.с.с.)

Мысалы

- 1 Осы шәрбаттың (таратушы) ингредиенттерінің санына ас қасыққа (бөлім) 160 мг (алымы) ацетаминофен (орындаушы) кіреді.
- 2 Осы табын (таратушы) 500 (алымы) ірі қара малдан (орындаушы) тұрады.
- 3 Осы қаптама (таратушы) 100 (алымы) таблеткадан (орындаушы) тұрады.
- 4 Осы таблетка (таратушы) 500 мг (алымы) ацетилсалицил қышқылынан (орындаушы) тұрады.

6.54.13 Role.priorityNumber :: INT.POS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Рөлдің осы данасын бірдей таратушысы бар ұқсас басқа типтегі Рөлдердің (classCode және код атрибуты бірдей) алдында қарастыруға салыстырмалы артықшылықты көрсететін бүтін сан. PriorityNumber атрибутының төмен мәндерімен рөлдер осы атрибуттың жоғары мәні бар рөлдердің алдында қарастырылады.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл орындаушы-мәндерді нақты таратушы мәнге қатысты қарастыру кезінде ғана қолданылады. Басқа жағдайларда бұл атрибуттың ешқандай мәні болмайды. Адамдар тандайтын баламалардың немесе нұсқалардың арасында priorityNumber атрибуты артықшылықты көрсетеді. Реттеу қатаң болуы мүмкін, онда басымдықтардың барлық нөмірі бірегей болып табылады, бір сол басымдық біреуіне қатысты тағайындалатын болса, қатаң емес болып саналады.

6.54.14 Role.positionNumber :: LIST<INT.NONNEG> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы рөлді тарататын мәнге қатысты орындаушы-мәннің жағдайын көрсететін бүтін сан.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибут негізінен енгізу рөлдерімен пайдаланылады. Мысалы, кейбір контейнерлерде ішіндегілері орналастырылатын белгілі бір орындар бар. Контейнердің геометриясына байланысты, позиция скалярлық реттік сан түрінде немесе реттік сандардың векторлары түрінде (координаттар) ұсынылуы мүмкін. Координаттарды есептеу әрқашан 1-ден басталады.

Кейбір контейнерлерді позицияларға жатқызудың арнайы тәсілдері болуы мүмкін; кейбіреуінің мүлде ешқандай тәсілдері жоқ. Контейнердің нақты типі бойынша қандай да бір айрықша талаптар болмаған кезде қарапайым ереже пайдаланылады, оған сәйкес бірінші өзгертілген координата бірінші орналастырылады. Шаршы тартпасы бар, қанның биохимиялық құрамын

автоматтандырылған анализатор жағдайында бұл бірінші координата тартпа қозғалысының әрбір сатыдағы бағытын білдіреді, бұл кезде екінші координата тартпа кезең-кезеңімен ғана қозғалатын бағытты білдіреді.

6.54.15 Role арналған жай-күй машинасы (жай-күй атрибуты statusCode болып табылады)

Role үшін жай-күй диаграммасы В қосымшасында (8-сурет).

Role класының жай-күйі:

– **белсенді** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Осы мән қазіргі уақытта осы рөлде белсенді екенін білдіретін жай-күй.

– **тоқтатылған** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Осы рөлді белсенді етуге дейін тоқтату нәтижесі болып табылатын соңғы жай-күй.

– **кәдімгі**: «типтік» жай-күй. «Күшін жою» жай-күйін жоққа шығарады, қате жасалған рөл данасының аяқталуын білдіреді.

– **күшін жою**: Қате жасалған рөл данасының аяқталуын білдіретін жай-күй.

– **күту** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Осы рөлдің әлі белсенді болмағанын көрсететін жай-күй.

– **тоқтатылған** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Осы рөлді атқаратын мәнді тоқтатуды білдіретін жай-күй. Бұл жай-күй «белсенді» жай-күйінен ауысады.

– **аяқталған** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Осы рөлдің сәтті аяқталғанын білдіретін жай-күй.

Role класы жай-күйінің ауысуы:

- түзету (белсендіден *белсендіге*)
- тоқтату (*белсендіден тоқтатылғанға дейін*)
- аяқтау (*белсендіден аяқталғанға дейін*)
- күшін жою (*кәдімгіден күші жойылғанға дейін*)
- жасау (*нөлден белсендіге дейін*)
- жасау (*нөлден күтуге дейін*)
- белсенді ету (*күтуден белсендіге дейін*)
- болдырмау (*күтуден болдырмауға дейін*)
- түзету (*күтуден күтуге дейін*)
- жаңарту (*тоқтатылғаннан белсендіге дейін*)
- түзету (*тоқтатылғаннан тоқтатылғанға дейін*)
- аяқтау (*тоқтатылғаннан аяқталғанға дейін*)
- қайта жаңарту (*аяқталғаннан белсендіге дейін*)
- түзету (*аяқталғаннан аяқталғанға дейін*)

6.55 Класс: RoleHeir (Abstract) (CoreInfrastructure заттық салада)

RoleHeir класын жалпылау: Role

RoleHeir класының анықтамасы: Тек қана шешім ретінде айқындалатын, жалпылау қатынасының қолданыстағы құралдар жинағымен рефлексивтік тұйықталуының болмауы (яғни, «Рөл Рөл болып табылады») проблемасын айналып өтуге мүмкіндік беретін Рөлдің өменгі типі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Ол өзге жағдайларда ЭАМ төменгі кластарына бөлінбейтін мән кластарын ұсыну үшін пайдаланылса да, RoleHeir класын пайдалану толығымен белгілі бір құралдардың және HL7 әдіснамасындағы деректер құрылымының кемшіліктерімен еріксіз қабылдайды және оның ешқайда тұжырымдамалық мәні немесе семантикалық модельдеу мәні жоқ. Назар аударыңыз, EntityHeir және ActHeir кластары да сәйкесінше Entity және Act кластары үшін сондай қолданыста болады.

Түсіндірмесі: кластар жиынтығы үшін хабарламалардың иерархиялық құрылымын (HMD) анықтауды таңдау құрылымын жасау мүмкін еместігі анықталды, олардың әрқайсысы «Act» , «Role» немесе «Entity» кластарының кіші типтері болып табылады, бірақ олар үшін белгілі бір физикалық класс жоқ. ЭАМ -да бұл кластар ешқандай біріздендірілген атрибуттары немесе ассоциацияларының болмауы фактісін қоспағанда, «Act» , «Role» және «Entity» тікелей буындары (қолданушылары) болатын еді.

Осы бірден бір бос класты әрбір иерархияға енгізу тиісті және қажетті таңдау құрылымы бар хабарламалар жасауға мүмкіндік береді. Әдіснаманың және инструменталды құралдардың кейінгі эволюциясы осы класты эквивалентті абстракциямен алмастыруға мүмкіндік береді.

Мысалы – Жалдамалы қызметкердің және Мүшенің мамандандырылуы бар Рөлден тұратын мәнмәтіндік-байланысты үлгіні (RMIM) қарастырыңыз, мұндағы Мүше Рөлдің тікелей мамандандырылуы («клоны») болып табылады. Бұл жағдайда Рөлді қолданушы Рөл класының өзі емес, Мүшенің клоны негізін ретінде пайдаланылады. Рөл класы бұл жерде Жалдамалы қызметкер және Мүше кластарының жалпы жалпылауын ұсыну үшін ғана пайдаланылады.

6.56 Класс: RoleLink (Roles заттық салада)

RoleLink класының қасиеттері:

RoleLink класының атрибуттары:

typeCode :: CS statusCode :: CS effectiveTime :: IVL<TS>
id :: DSET<II> priorityNumber :: INT.NONNEG

RoleLink класының ассоциациясы:

target::(1..1) Role::inboundLink::(0..*)

source::(1..1) Role::outboundLink::(0..*)

RoleLink класын жалпылай: InfrastructureRoot

RoleLink класы үшін жай-күй машинасы

RoleLink класының анықтамасы: Осы рөлдердің арасындағы тауелділікті көрсететін және каузалды немесе басқарушы рөлінің өзгеруі негізінде тәуелді рөлді бекітуге немесе күшін жоюға мүмкіндік беретін, екі рөлдің арасындағы байланыс. Рөлдер байланысы ұзақ уақыт бойы жүзеге асырылуы мүмкін және осылайша оның жай-күйін және сәйкестендірілуін басқару керек.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Рөлдер байланысы адамдар арасындағы (немесе басқа мәндр) емес, рөлдер арасындағы қатынастарды анықтайды. Адамдар (немесе басқа да мәндр) негізінен орындаушының/орындау Рөлі үшін таратушының қатынастарымен және жалпы алғанда олардың өзара әрекеттесу арқылы (яғни, олардың іс-қимылға қатысуы) байланыстырылады.

ID және statusCode атрибуттарын ұзақ уақыт бойы, RoleLink басқару маңызды жағдайларда ғана, яғни Рөлдерге негізделген тізілімдерде пайдалану керек. Бұл атрибуттарды көп жағдайда пайдаланбау керек.

Мысалы

1 Тағайындау немесе делдалдық рөлі жалдаудың басқа рөліне тәуелді, осылайша, жалдау рөлі аяқталған кезде тағайындау да аяқталады. Бұл тағайындау рөлінің жалдау рөліне тәуелділігі немесе, басқаша айтқанда, тағайындау жалдаудың «бөлігі» болып табылады.

2 Бір рөл басқа рөлгі билік етеді (ұйымдастыру қатынастарында). Мысалы, «басқарушы» типті жалдамалы жұмыскер «аналитик» типті жалдамалы қызметкерлерге билігі болады, ол «тікелей билік» рөлдер байланысымен көрсетілуге тиіс.

3 Бір рөл басқа рөлдің бөлігі болды, бірақ енді бұл шындық емес. Мысалы, қайта ұйымдастыруға байланысты А бөлімшесінің бөлігі болған қарқынды терапия палатасы енді Б бөлімшесінің бөлігі болып табылады. Бұл «бөлім» рөлдерінің байланысымен және осы рөлдер байланысының белсенді емес екенін көрсететін жай-күй кодымен көрсетілуге тиіс.

RoleLink класының атрибуттары:

6.56.1 RoleLink.typeCode :: CS (1..1) Mandatory

Сәйкестік қасиеті: R

isImmutable қасиеті: шынайы

Ұғымдар саласы: RoleLinkType

Анықтамасы: Осы RoleLink класымен ұсынылатын байланыс түрі, мысалы, иелену-бөлігі, иелену-билік.

6.56.2 RoleLink.id :: DSET<II> (0..*)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Басқа рөлдер сияқты рөлдері болуы мүмкін RoleLink класының ерекше данасына жатқызу үшін пайдаланылатын бірегей сәйкестендіргіш.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибутты рөлдерге негізделген тізілімдермен байланысты көптеген пайдалану нұсқаларында ғана пайдалану керек, олар ұзақ уақыт бойы RoleLink басқаруды талап етеді.

6.56.3 RoleLink.statusCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: RoleLinkStatus

Анықтамасы: RoleLink жай-күйі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Бұл атрибутты рөлдерге негізделген тізілімдермен байланысты көптеген пайдалану нұсқаларында ғана пайдалану керек, олар ұзақ уақыт бойы Рөлдер байланысын басқаруды талап етеді.

6.56.4 RoleLink.priorityNumber :: INT.NONNEG (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Осы қатынастың бірдей бастапқы іс-қимылдары бар ұқсас типтер арасындағы қарастыру үшін салыстырмалы артықшылықты айқындайтын бүтін сан.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар:

PriorityNumber атрибутының төмен мәндері бар RoleRelationships осыған ұқсас атрибуттың жоғары мәндері бар RoleRelationships алдында басымдығы бар. Реттеу қатаң болуы мүмкін, онда басымдықтардың барлық нөмірі бірегей болып табылады, бір сол басымдық біреуіне қатысты тағайындалатын болса, қатаң емес болып саналады.

Мысалы – Көптеген резервтік көшірмелер жағдайында, (бұл атрибут) басқаларын бұрын қарастыру керек резервтік көшірмені көрсетеді; қандай ServiceDeliveryLocation (атрибуты) нақты Денсаулық сақтау органының атынан жұмыс істейтін Дәрігер үшін артық болып табылады.

6.56.5 RoleLink.effectiveTime :: IVL<TS> (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Анықтамасы: Оның ішінде рөлдер арасындағы осы байланыс қолданылатын кезеңді көрсететін уақыт аралығы.

6.56.6 RoleLink жай-күй машинасы (жай-күй атрибуты statusCode болып табылады)

RoleLink үшін жай-күй диаграмасы В қосымшасында (9-сурет).

RoleLink класының жай-күйі:

– **белсенді** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Осы Рөлдер байланысы орындалу барысында екенін көрсететін жай-күй.

– **тоқтатылған** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Белсенді етуге дейін немесе одан кейін осы Рөлдер байланысынан бас тарту нәтижесі болып табылатын соңғы жай-күй.

– **аяқталған** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Осы RoleLink сәтті аяқталғанын білдіретін соңғы жай-күй.

– **кәдімгі:** «типтік» жай-күй. «Күшін жою» жай-күйін жоққа шығарады, ол қате жасалған RoleLink класы данасының аяқталу жай-күйін білдіреді.

– **күшін жою:** Қате жасалған RoleLink класы данасының аяқталуын білдіретін жай-күй.

– **күту** («*кәдімгі*» жай-күйінің ішкі жай-күйі): Осы RoleLink әлі белсенді болмағанын көрсететін жай-күй.

RoleLink класы жай-күйінің ауысуы:

- болдырмау (*белсендіден болдырмауға дейін*)
- аяқтау (*белсендіден аяқталғанға дейін*)
- түзету (*белсендіден белсендіге*)
- қайта жаңарту (*аяқталғаннан белсендіге дейін*)
- күшін жою (*кәдімгіден күші жойылғанға дейін*)
- жасау (*нөлден белсендіге дейін*)
- жасау (*нөлден аяқталғанға дейін*)
- жасау (*нөлден күтуге дейін*)
- белсенді ету (*күтуден белсендіге дейін*)
- болдырмау (*күтуден болдырмауға дейін*)
- түзету (*күтуден күтуге дейін*)

6.57 Класс: SortControl (QueryControl заттық салада)

SortControl класының қасиеттері:

SortControl класының атрибуттары:

sequenceNumber::

INT.NONNEG elementName :: SC.NT directionCode :: CS

SortControl класының ассоциациялары:

querySpec::(1..1) QuerySpec::sortControl::(0..*)

SortControl класын жалпылай: InfrastructureRoot

SortControl класының анықтамасы: Сұрату үшін даналардың сәйкестігін іріктеу тәртібі.

SortControl класының атрибуттары:

6.57.1 SortControl.sequenceNumber :: INT.NONNEG (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

АНЫҚТАМАСЫ: Осы сұрату үшін Іріктеуді басқару кластарының басымдығы.

6.57.2 SortControl.elementName :: SC.NT (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: ElementName

АНЫҚТАМАСЫ: Іріктелуге тиіс сұратуға жауаптағы ЭАМ элементі.

6.57.3 SortControl.directionCode :: CS (0..1)

Сәйкестік қасиеті: U

Ұғымдар саласы: Sequencing

АНЫҚТАМАСЫ: Іріктеу бағыты.

Мысалы – Ұлғаюы бойынша, кемуі бойынша, ешқандай күтілетін тәртіп.

6.58 Класс: SubstanceAdministration (classCode= **SBADM**) (*Acts заттық салада*)

SubstanceAdministration класының қасиеттері:

SubstanceAdministration класының атрибуттары:

routeCode :: CD rateQuantity :: PQ maxDoseQuantity::
DSET<RTO>

doseQuantity :: PQ doseCheckQuantity:: administrationUnitCode:: CD
DSET<RTO>

SubstanceAdministration класын жалпылау: Procedure

SubstanceAdministration класының анықтамасы: Объектіге затты енгізетін немесе өзге тәсілмен қолданатын орындаушыны қамтитын ем-шараның типі.

Қолданылуы бойынша нұсқаулар: Затты енгізу орындаушының осы іс-қимылға қатысуының ықпалынан ерекшеленеді.

Орындаушы енгізетін зат объектімен физикалық өзара әрекеттеседі немесе объектіге енгізу қолданылу кезінде өзге де тәсілмен «сіңіріледі».

Енгізілетін зат туралы түбегейлі қақпарат мән класын немесе оның ішкі типтерінің бірін пайдалану арқылы ұсынылады.

Затты енгізуді орындаушы басқа мән, мысалы, адам, құрылғы, өсімдік, мысалы, улы шырмауық, жануар, мысалы, шыбынның шағуы болуы мүмкін немесе бұл дербес енгізу жағдайындағы мәннің өзі және объекті болуы мүмкін.

Осы анықтама мәнмәтінінде фотондар және сәулелелеудің немесе жарық қуатының өзге де модельдері зат болып есептеледі.

Сондай-ақ, заттарға тірі мәндер кіруі мүмкін, мысалы, тірі вирус вакцинасы және жұқпаны қоздырғыштардан тұратын заттар, мысалы, сілекей, қан өнімдері және т.с.с. болуы мүмкін (Ескертпе: егер жұқпаны қоздырғыштар затты енгізу объектісі болса, онда жұқпаны қоздырғыш «Тірі объекті» ретінде модельденеді).

